

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«1-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН МЕКТЕПKE БЕЙІМДЕУ»
ВАРИАТИВТІК КУРСЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 5 қарашадағы №5 хаттама)

«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025 ж. – 80 б.

Әдістемелік нұсқаулық 1-сынып білім алушыларының мектеп ортасына тиімді бейімделу процесін қамтамасыз етуге бағытталған психологиялық-педагогикалық тәсілдер мен тәжірибелік ұсынымдарды қамтиды. Жұмыс педагог қызметкерлеріне бейімделу кезеңін жоспарлау мен іске асыруда әдістемелік қолдау көрсетуге, білім алушылардың жүйелі оқу процесіне сәтті енуіне жағдай жасайтын қолайлы білім беру ортасын құруға, оқу мотивациясын қалыптастыруға және ұжымдағы жайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, нұсқаулықта білім алушылардың мектепке бейімделу деңгейін, эмоционалдық жағдайы мен танымдық белсенділігін анықтауға, сондай-ақ педагог пен психологқа олардың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін оқу нәтижелерін есепке алу картасы берілген.

Әдістемелік нұсқаулық орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

КІРІСПЕ

Бастауыш сынып білім алушыларының мектепке бейімделуі – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды аспектілерінің бірі. Бұл кезең баланың жаңа әлеуметтік және оқу ортасына қадам басып, тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік дамуының жаңа сатысына көтерілуімен сипатталады. Көптеген балалар мектепке алғаш келген кезде жаңа оқу бағдарламасы, сыныптағы ережелер, мұғалімнің талаптары, ұжымдық әрекет және оқу әрекетінің құрылымы сияқты көптеген өзгерістерге тап болады. Мұндай жағдайда кей білім алушыларда психологиялық, әлеуметтік және оқу қиындықтары туындауы мүмкін. Сондықтан мектепке бейімделу процесін жүйелі ұйымдастыру, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және оқу дағдыларын қалыптастыру – бүгінгі білім беру тәжірибесіндегі өзекті міндеттердің бірі.

Осы мақсатта әзірленген «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсы бағдарламасы мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған. Курстың мазмұны білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуіне, оқу іс-әрекетінің бастапқы дағдыларын меңгеруіне және тұлғалық, әлеуметтік, эмоциялық дамуына жағдай жасауға негізделген.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына [1], бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына [2], бастауыш білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына [3], «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына [4] сәйкес әзірленген. Бағдарламаның мазмұны сонымен бірге «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» [5] негізделген.

Курстың басты мақсаты – білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуін қамтамасыз ету, оқу әрекетінің бастапқы дағдыларын қалыптастыру және тұлғалық, әлеуметтік дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық іс-әрекеттерін дамытуды көздейді.

Бағдарламаның мазмұны келесі бағыттарды қамтиды:

- мектеп өміріне бейімделу: мектеп құрылымымен және тәртіп ережелерімен танысу, ұжымдық өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру;
- эмоциялық және психологиялық тұрақтылықты дамыту: өз сезімін түсіну және басқару, өзіндік сенімділікті қалыптастыру, күйзеліске төзімділікті арттыру;
- коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: тиімді қарым-қатынас жасау, топтық және жұптық жұмысты меңгеру, өзара көмек пен сыйластықты дамыту;

- құндылықтық тұлғалық даму: адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, құрмет және патриотизм сияқты құндылықтарды меңгеру және күнделікті іс-әрекетте қолдану.

Курс барысында оқыту белсенді және тұлғалық-бағдарлы әдістер (топтық, жұптық және жеке жұмыстар, шығармашылық шеберханалар, тренингтер, ойын және сергіту сәттері, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар) арқылы жүзеге асырылады.

Психологтың рөлі – білім алушылардың эмоциялық жағдайын бақылау, бейімделу деңгейін диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету-дамыту жаттығуларын өткізу және педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру. Бұл бағытта педагог пен психологтың серіктестік жұмысы маңызды.

Бағдарлама құрылымында халықаралық тәжірибе де ескерілген. Әлем елдерінің бастауыш мектептерінде бейімделу және әлеуметтік-психологиялық қолдау кеңінен қолданылып келеді:

1-кесте. Халықаралық тәжірибелерге шолу

Ел	Қолданылатын әдістер	Бағдарламамен интеграциясы
Финляндия	ойын арқылы оқыту, әлеуметтік дағдыларды дамыту, топтық жобалар	топтық және жұптық жұмыс, ойын әрекеттері, бір-біріне қолдау көрсету
Жапония	эмоциялық оқыту, өзін-өзі бағалау, сынып ішіндегі рөлдік ойындар	эмоциялық интеллект жаттығулары, өзін-өзі бағалау тренингтері
Оңтүстік Корея	күйзеліс пен эмоцияны басқару жаттығулары, ата-аналар қатысуы	психологпен бірлескен сессиялар, ата-аналармен тренингтер
Германия	инклюзивті топтар, өзара көмек пен ынтымақтастық	ұжымдық ойындар, бір-біріне қолдау көрсету, ынтымақтастық дағдыларын дамыту

Бұл тәжірибе Қазақстандағы мектепке бейімдеу бағдарламасына кіріктіріліп, балалардың мектеп өміріне бейімделуін жүйелі, тиімді және мәдениетаралық әдістемелік тұрғыдан қолдауға мүмкіндік береді.

Осы әдістемелік нұсқаулық «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсына іске асыру барысында педагогтерге, мектеп психологтарына және әдіскерлерге практикалық бағыт-бағдар береді. Ол бейімделу кезеңін сапалы ұйымдастыруға, оқу процесінің тиімділігін арттыруға және мектепте қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға жағдай жасайды.

1. 1-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУ ВАРИАТИВТІК КУРСЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған *«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысының қосымшасының 11-тармағында* мектепалды даярлықтан өтпеген немесе мектепке нашар дайындалған балаларға арналған мектепке бейімдеу бағдарламасын әзірлеу және енгізу міндеті айқындалған [5].

Осы құжатта атап көрсетілгендей, мектепке алғаш келген баланың бейімделу кезеңінде эмоционалдық, психологиялық және әлеуметтік қиындықтар туындауы мүмкін, сондықтан педагогикалық тұрғыдан арнайы ұйымдастырылған бейімдеу курстары қажет.

Аталған тармақтың мазмұнына сәйкес «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасы жасалды. Бұл бағдарлама мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке көшу процесін жеңілдетуге, балалардың жаңа оқу ортасында өздерін сенімді сезінуіне, мектеп мәдениетіне және оқу әрекетінің ерекшеліктеріне біртіндеп бейімделуіне бағытталған.

Бұл бағдарлама халықаралық тәжірибе негізінде әзірленіп, 1-сынып білім алушыларының мектепке бейімделуін жүйелі, тиімді және мәдениетаралық әдістемелік тұрғыдан қолдауға мүмкіндік береді. Финляндияда ойын арқылы оқыту әдісі балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған; Жапонияда бейімделу кезеңінде мектеп құрылымымен танысу, мұғалімдер мен сыныптастармен қарым-қатынас орнату басым; Оңтүстік Кореяда ата-аналармен ынтымақтастық арқылы оқу және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді; Германияда инклюзивті білім беру принциптері арқылы әртүрлі қажеттіліктері бар балалардың бейімделуі қамтамасыз етіледі.

Бағдарламаның міндеттері халықаралық тәжірибе қағидаттарына сәйкес: мектеп өміріне қызығушылықты арттыру, оқу әрекетіне оң көзқарас қалыптастыру, өзін-өзі тану және бағалау дағдыларын дамыту, сыныптағы әлеуметтік-психологиялық климатты қолдау, ата-аналар мен педагогтердің өзара әрекеттестігі арқылы бейімделу процесін сүйемелдеу, сондай-ақ эмоциялық тұрақтылық пен стресске төзімділікті қалыптастыру.

Курс мазмұны ойындар, тренингтер, шығармашылық тапсырмалар және психологпен бірлескен іс-шаралар арқылы ұйымдастырылып, білім алушылардың мектепке бейімделуін халықаралық тәжірибе негізінде жүйелі түрде қамтамасыз етеді.

Әлемдік педагогикалық тәжірибеде мектепке бейімдеу процесін ұйымдастырудың түрлі тиімді модельдері бар. Бұл модельдер білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуін жеңілдетуге, олардың эмоциялық

тұрақтылығын, өзара қарым-қатынас мәдениетін және оқу мотивациясын дамытуға бағытталған.

Финляндия. Оқыту әдісі: білім алушылардың мектепке бейімделуін қамтамасыз ету үшін ойын арқылы оқыту әдісі кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл Финляндияның білім беру жүйесіндегі «Play-Based Learning» тұжырымдамасына негізделген [6]. Ол балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, топта жұмыс істеу қабілетін арттыруға және эмоционалдық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі кезеңнен бастап балалардың мектеп өміріне қызығушылығын арттыруға бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Finnish National Core Curriculum for Early Childhood Education and Care (2018) құжатында балалардың өзара қарым-қатынас және өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту негізгі міндеттердің бірі ретінде көрсетілген [7].

Жапония. Оқыту әдісі: мектепке бейімделу процесі арнайы дайындық кезеңдері арқылы жүзеге асырылады. Бұл кезеңдер Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT) ұсынған бастауыш мектептің «Transition Guidance Program» бағдарламасында сипатталған [8].

Жапондық бейімделу бағдарламалары балалардың эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарламада өзара сыйластық, жауапкершілік және ұжымдық әрекетке негізделген құндылықтарға ерекше назар аударылады [9].

Оңтүстік Корея. Оқыту әдісі: мектепке бейімделу процесі ата-аналармен бірлескен педагогикалық серіктестік қағидаттарына сүйенеді. Бұл тәсіл Korean Institute for Curriculum and Evaluation (KICE) әзірлеген «Early School Adaptation Support Program» бағдарламасында көрініс тапқан [10].

Бағдарлама балалардың оқу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ олардың эмоциялық және әлеуметтік дамуына бағытталған. Бұл бағытта эмоцияны тану және өзін-өзі реттеу жаттығулары жүйелі түрде өткізіледі [11].

Германия. Оқыту әдісі: мектепке бейімделу процесі инклюзивті білім беру принциптеріне негізделеді. Бұл бағыт Kultusministerkonferenz (KMK) әзірлеген «Rahmenplan für die vorschulische Bildung und Erziehung» құжатында айқындалған [12].

Бейімделу бағдарламалары балалардың оқу және әлеуметтік дағдыларын дамытуға, өзін-өзі тануға және бірлескен іс-әрекетке бағытталған. Бағдарламаларда топтық ойындар, бірлескен тапсырмалар және шығармашылық жобалар кеңінен қолданылады [13].

АҚШ. Оқыту әдісі: мектепке бейімделу процесі «School Readiness Framework» тұжырымдамасына негізделген. Бұл тәсіл АҚШ-тың Head Start Program Performance Standards (U.S. Department of Health & Human Services, 2020) құжатында нақты көрсетілген [14].

Бағдарламада когнитивтік, әлеуметтік және эмоциялық қабілеттерді үйлестіре дамыту көзделген. Мектепке дейінгі дайындық барысында оқуға қызығушылық, өз сезімін басқару және топта өз орнын табу дағдылары дамытылады [15].

Халықаралық тәжірибені талдау көрсеткендей, мектепке бейімдеу бағдарламаларының тиімділігі олардың ойын, әлеуметтік және эмоциялық дамуды біріктіретін кешенді тәсілінде.

Осы тәжірибелер Қазақстан жағдайында ұлттық құндылықтармен үйлестіріліп, «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасына кіріктірілді.

Бағдарлама мазмұны білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуін психологиялық тұрғыда қолдауға, эмоциялық тұрақтылығын нығайтуға және мектепке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Бағдарламаны әзірлеу барысында халықаралық тәжірибелер жан-жақты талданып, олардың тиімді элементтері қазақстандық білім беру контексіне бейімделді.

Төмендегі кестеде осы интеграцияның негізгі бағыттары мен мазмұндық ерекшеліктері жүйеленіп көрсетілген.

2-кесте. Халықаралық тәжірибелер интеграцияның негізгі бағыттары мен мазмұндық ерекшеліктері

Бағыты	ҚР бағдарламасындағы әдістер / элементтер	Халықаралық тәжірибе	Интеграция мақсаты
Әлеуметтік-коммуникативтік даму	Назар аудару, есте сақтау, тыңдау дағдыларын дамыту ойындар, командалық тапсырмалар	Финляндия: ойын арқылы әлеуметтік өзара қарым-қатынас	Топта жұмыс істеу және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру
Эмоциялық және психологиялық бейімделу	Релаксация жаттығулары, эмоционалдық лото, психолог тренингтері	Жапония: балаларға арналған эмоцияны реттеу техникасы, <i>mindfulness</i>	Қобалжу деңгейін төмендету, өзін-өзі бақылау және күйзеліске төзімділікті дамыту
Танымдық даму және оқу дағдылары	Логикалық ойындар, зейінді шоғырландыру жаттығулары, оқу құралдарымен жұмыс	Канада: бастауып сынып білім алушыларына арналған дайындық бағдарламалары, оқу мазмұнын біртіндеп енгізу	Оқу әрекетіне жұмсақ бейімделу, базалық оқу дағдыларын қалыптастыру
Сөйлеу және когнитивтік даму	Сөздік ойындар, әңгімелер мен талқылаулар арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту	Оңтүстік Корея: диалог және әңгіме арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту	Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, ойды жүйелі жеткізу қабілетін жетілдіру
Отбасымен өзара әрекет	Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, психолог ұсыныстары	Финляндия және Канада: ата-аналармен жүйелі жұмыс, отбасылық қолдау	Баланы үйде қолдау, біртұтас білім беру және тәрбиелік кеңістік қалыптастыру
Сабақ процесіне құндылықты кіріктіру («Адал азамат»)	Ережелер, ойындар, өмірлік жағдайларды талқылау арқылы адалдық,	Жапония: нақты өмірлік жағдайлар арқылы моральдық	Моральдық және этикалық қасиеттерді дамыту, баланың

	жауапкершілік, патриотизмді үйрету	және әлеуметтік тәрбие	құндылықтық базасын қалыптастыру
--	---------------------------------------	---------------------------	-------------------------------------

Осы талданған тәжірибелер мен бағыттар «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасын әзірлеудің ғылыми-әдістемелік негізін құрайды.

Бағдарлама мазмұны бейімделу процесінің психологиялық, әлеуметтік және эмоциялық аспектілерін қамти отырып, халықаралық тәжірибе мен ұлттық құндылықтардың өзара байланысын көрсетеді.

Осы негізде әзірленген оқу бағдарламасы бейімделу процесін ұйымдастырудың құрылымдық және мазмұндық үлгісін ұсынады және педагогтер мен психологтердің практикалық жұмысында қолдануға арналған.

«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасы

Түсіндірмелік жазба

«1-сынып білім алушыларының мектеп жағдайына бейімделуі» атты вариативтік курс мектепке дейінгі ұйымнан жалпы білім беретін мектепке өтудің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаның мазмұны білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуіне, оқу іс-әрекетінің бастапқы дағдыларын меңгеруіне, сондай-ақ тұлғалық, әлеуметтік және эмоциялық дамуына жағдай жасауға негізделеді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы*), бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы*), бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы*), «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы*) сәйкес әзірленді.

Курстың негізгі мақсаты: білім алушылардың мектеп өміріне табысты бейімделуін қамтамасыз ету, оқу әрекетінің құрылымын түсінуіне және ұжымдық өзара іс-қимыл дағдыларын меңгеруіне ықпал ету. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық іс-әрекеттерді қамтиды.

Оқыту процесі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына (отаншылдыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа, құрмет пен жауапкершілікке) сүйенеді. Бағдарлама білім алушының тұлғалық әлеуетін ашуға, мектепте жағымды психологиялық-педагогикалық орта қалыптастыруға

және отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: 1-сынып білім алушыларының мектеп ортасына бейімделуін қамтамасыз ету, оқу әрекетінің бастапқы дағдыларын қалыптастыру және тұлғалық, әлеуметтік дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- ✓ білім алушылардың мектеп өміріне қызығушылығын арттыру және оқу әрекетіне оң көзқарас қалыптастыру;
- ✓ оқу процесінің құрылымымен, мектептің ішкі тәртібімен және ұжымдық өзара іс-қимыл ережелерімен таныстыру;
- ✓ өзін-өзі тану, өз ойын еркін жеткізу, тыңдай білу және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- ✓ сыныптағы қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат қалыптастыруға ықпал ету;
- ✓ ата-аналар мен педагогтердің бірлескен әрекетін ұйымдастыру арқылы баланың бейімделу процесін қолдау;
- ✓ білім алушының эмоциялық тұрақтылығын, өзіндік реттеу қабілеттерін дамыту және күйзеліс жағдайларды жеңуге көмектесу;
- ✓ тұлғаның адамгершілік құндылықтарын, жауапкершілік пен өзіне деген сенімділікті нығайту;
- ✓ білім алушылардың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, жеке және сараланған тәсілдерді қолдану.

Күтілетін нәтижелер

1) жалпы бейімделу нәтижелері:

- мектептің құрылымымен (сынып, мұғалім, кабинет, үзіліс, тәртіп) танысып, жаңа ортаға сенімді бейімделеді;
- мектептегі күн тәртібін, сабақ пен демалыс кезектестігін сақтауға үйренеді;
- өз орнын, міндетін түсінеді және сынып ұжымының мүшесі ретінде өзін сезінеді;
- мектепке келуге қызығушылық танытып, оқу әрекетіне оң көзқарас қалыптастырады;
- мектеп ережелерін орындау дағдысын меңгереді.

2) танымдық және оқу әрекетіне бейімделу нәтижелері:

- мұғалімнің нұсқауын тыңдап, қарапайым тапсырмаларды орындауды үйренеді;
- сабақ үстінде назарын ұстай алу, зейінін шоғырландыру қабілеті дамиды;
- оқу құралдарын (дәптер, қалам, кітап) дұрыс қолдануды меңгереді;
- оқу әрекетінде табандылық пен қызығушылық танытады;
- оқу әрекетіндегі жетістігіне қуана білу және өзіне баға беру дағдысы қалыптасады.

3) коммуникативтік және әлеуметтік бейімделу нәтижелері:

- жаңа ұжыммен қарым-қатынас орнатып, өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізе алады;

- құрдастарымен және мұғаліммен сыпайы сөйлесуді, тыңдауды және бірлесіп әрекет етуді үйренеді;

- ұжымдық ойындар мен тапсырмалар арқылы өзара көмек, достық, сыйластық сезімдері дамиды;

- «Мен – сыныптың мүшесімін» деген сезім орнығады.

4) эмоциялық және психологиялық бейімделу нәтижелері (*психологтың сүйемелдеуі нәтижесінде*):

- мектеп ортасына байланысты алғашқы қобалжу, қорқыныш сезімдері азаяды;

- өз сезімін танып, атау және басқару қабілеті қалыптасады;

- эмоциясын реттеу, өз мінез-құлқын бақылау дағдысы дамиды;

- өзін қауіпсіз және сенімді сезіну дағдысы нығаяды;

- өзін-өзі бағалау тұрақтанып, табысқа жету мотивациясы артады.

5) тәрбиелік және құндылықтық нәтижелер («Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде):

- адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, құрмет және отаншылдық құндылықтарын түсінеді және қарапайым күнделікті өмірде қолдана алады;

- ұқыптылық пен тәртіптілік дағдысын көрсетеді;

- бір-біріне көмектесу, мейірімді болу және шынайылық таныту арқылы өз мінез-құлқын реттейді.

6) ата-аналармен өзара байланыс нәтижелері:

- ата-аналар баланың мектепке бейімделу ерекшеліктерін түсініп, психологиялық қолдау көрсетудің тәсілдерін меңгереді;

- ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық артады;

- үй мен мектеп арасындағы біртұтас тәрбиелік кеңістік қалыптасады.

Оқыту формалары мен әдістері

Курсты ұйымдастыру барысында оқытудың белсенді және тұлғалық-бағдарлы әдістері қолданылады.

Формалары: топтық, жеке және жұптық жұмыс; шығармашылық шеберхана; тренингтік сабақтар; ойын және сергіту сәттері; ата-аналармен бірлескен іс-шаралар.

Әдістері: әңгімелесу, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік және іскерлік ойындар, арт-терапия элементтері, рефлексия, жобалау және практикалық жұмыстар.

Психологтың рөлі: білім алушылардың эмоциялық жай-күйін бақылау, психологиялық диагностика жүргізу, бейімделу деңгейін анықтау, білім алушыларға және ата-аналарға кеңес беру, қажет жағдайда түзету-дамыту жаттығуларын өткізу.

Мектеп психологының жұмысы

Психологиялық сүйемелдеу бейімделу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Мектеп психологының жұмысы мына бағыттарды қамтиды:

1) Диагностикалық бағыт:

- білім алушылардың мектепке бейімделу деңгейін, эмоционалдық жай-күйін және мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында психологиялық диагностика жүргізу;
- алынған нәтижелер негізінде жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстарына қажетті деректерді жүйелеу.

2) Түзету-дамыту бағыты:

- бейімделу кезеңінде туындайтын қиындықтарды жеңілдету мақсатында жеке және топтық психологиялық тренингтер ұйымдастыру;
- өзін-өзі реттеу, сенімділік, эмоцияны басқару және тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар өткізу;
- «Мен мықтымын!», «Эмоцияларды танып-білеміз», «Көңіл-күйім», «Мен – оқушымын» сияқты психологиялық тренингтер мен ойын жаттығуларын жоспарлы түрде өткізу.

3) Кеңес беру бағыты:

- педагогтерге білім алушылардың бейімделу ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру;
- ата-аналармен жеке және топтық кеңес өткізу, балаға қолдау көрсетудің психологиялық әдістерін түсіндіру;
- бейімделу кезеңінде педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.

4) Профилактикалық бағыт:

- бейімделу кезеңінде уайым, мазасыздық және эмоционалдық шиеленістің алдын алу;
- позитивті психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында сергіту және релаксациялық жаттығулар жүргізу;
- достық қарым-қатынасты дамыту және ұжымда өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыруға ықпал ету.

5) Мониторинг және талдау бағыты:

- бейімделу процесінің динамикасын жүйелі бақылау және талдау;
- диагностикалық және түзету жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы түрде бағалау;
- педагогикалық кеңесте немесе психологиялық қызмет отырысында бейімделу кезеңінің қорытындысын ұсыну.

Бағдарламаның мазмұны

Курс мазмұны білім алушылардың мектеп өміріне сәтті бейімделуіне бағытталып, олардың тұлғалық, эмоциялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Әрбір тақырып бойынша білім алушылардың бойында адалдық,

жауапкершілік, өзара сыйластық, еңбекқорлық және отаншылдық сияқты «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтары қалыптастырылады.

Бағдарлама төрт негізгі бағытты қамтиды:

1) Мектеп өмірімен танысу және бейімделу:

- мектеп құрылымымен, тәртіп ережелерімен танысу;
- мұғалім мен сыныптастар арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениетін

дамыту;

- мектептегі күн тәртібін сақтауға дағдылану.

2) Эмоциялық және психологиялық тұрақтылықты дамыту:

- өз сезімдерін түсіну және басқару дағдыларын қалыптастыру;
- өзіне сенімділікті нығайту;
- мектептегі стресс жағдайларын еңсеру жолдарын үйрену.

3) Коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту:

- тиімді қарым-қатынас және тыңдау мәдениетін қалыптастыру;
- топтық және жұптық жұмысқа қатысу;
- сыныптастарымен ынтымақтастық орнату.

4) Құндылықтық бағыттағы тұлғалық даму:

- адалдық, құрмет, еңбексүйгіштік, жауапкершілік ұстанымдарын бекіту;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы идеяларын күнделікті іс-әрекет арқылы жүзеге асыру;
- өз ісіне және оқуына саналы көзқарас қалыптастыру.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Тақырып атауы	Негізгі мазмұны	Уақыты (сағ)	Психологтың қатысуы
1	Мен оқушымын	-мектеппен, мұғаліммен, сыныппен танысу; - мектеп ережелерімен танысу, ойын арқылы бейімделу	1	бейімделу диагностикасы, топтық сергіту жаттығулары
2	Менің мектебім – менің екінші үйім	- мектеп бөлмелерімен танысу, ұжымдық жұмыс және ынтымақтастық	1	психологпен бірлесіп ұжымдық ойындар
3	Достық және сыйластық	- сыныптастарымен өзара көмек пен түсіністік; - достық қарым-қатынас орнату	1	эмоциялық интеллектті дамыту жаттығулары
4	Менің көңіл-күйім	- эмоцияларды тану, реттеу; -релаксациялық жаттығулар	1	психолог жүргізетін релаксация сессиясы
5	Мен өзімді бағалай аламын	- өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру жаттығулары	1	«Менің жетістігім» тренингі
6	Бірлік пен ынтымақ – біздің күшіміз	- бірлесе әрекет ету, топтық ойындар; - бір-біріне қолдау көрсету	1	топтық үйлесімділікті дамыту жаттығулары
7	Еңбек ету – ерлік	- қарапайым еңбек әрекеттерінің маңызын ұғыну	1	психологтың «Жауапкершілік шеңбері» жаттығуы

8	Мен және менің отбасым	-отбасы құндылықтары, ата-ананы құрметтеу	1	отбасылық қарым-қатынас тренингі
9	Мен елімді сүйемін	-Отанға деген сүйіспеншілік, рәміздер туралы әңгімелеу	1	отаншылдық туралы әңгімесі
10	Менің жетістігім – менің мақтанышым	- өз жетістігін бағалау; - өзін және достарын қолдау	1	өзін-өзі тану жаттығулары
11	Қиындықты жеңемін	-күйзеліс жағдайларды жеңу әдістері; -психологиялық ойындар	1	күйзеліс жеңу тренингтері
12	Менің достарым	-қарым-қатынас мәдениетін бекіту; - рөлдік ойындар	1	психологтың «Достық көпірі» ойыны
13	Мейірімді жүрек	-мейірімділік пен қамқорлық туралы әңгіме	1	эмоциялық көріністерді сурет арқылы көрсету
14	Менің арманым	- арман мен мақсат қою; -өз болашағына сеніммен қарау	1	мотивациялық визуализация жаттығулары
15	Біз – адал азаматпыз!	- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы қорытынды сабақ	1	психологтың қатысуымен рефлексия, кері байланыс
16	Мен жеңімпазбын!	-қорытынды рефлексия, өзіндік талдау және жетістіктерді бағалау	1	қорытынды психологиялық диагностика

Осылайша, «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасы білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуін психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық тұрғыда қолдауға бағытталған кешенді жүйе болып табылады. Бағдарлама құрылымы халықаралық тәжірибенің тиімді тәсілдерін және ұлттық құндылықтарға негізделген мазмұндық ерекшеліктерді біріктіре отырып, бастауыш мектеп деңгейінде бейімделу процесін ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырады.

Аталған бағдарлама педагогтер мен мектеп психологтарына бейімделу кезеңінде білім алушыларды қолдаудың нақты бағыттарын анықтауға және тиімді әдістемелік шешімдер қолдануға мүмкіндік береді.

2. 1-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ВАРИАТИВТІК КУРСЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1-сынып білім алушыларының мектепке бейімделуі – оқу процесіндегі ең маңызды кезеңдердің бірі, өйткені дәл осы уақытта баланың жаңа әлеуметтік ортаға, оқу ырғағына және мектеп ережелеріне үйренуі жүреді. Бұл кезеңде педагог пен психологтың үйлесімді жұмысы ерекше маңызға ие. Бейімделу бағдарламасы тек білім беру емес, сонымен қатар тұлғаның эмоциялық тұрақтылығын, өзіне деген сенімділікті, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Вариативтік курс мазмұны оқу, ойын және шығармашылық әрекеттерді ұштастыра отырып, оқу процесін баланың психологиялық мүмкіндіктеріне сай ұйымдастыруға бағытталған. Бұл бағдарлама білім алушылардың мектеп ортасына сәтті кірігуіне жағдай жасайды, сондай-ақ олардың танымдық қызығушылығын арттырады және өз-өзіне сенімділік дағдыларын дамытады.

Бейімделу процесінің табысты болуы педагогтің кәсіби-психологиялық құзыреттілігіне, оқу ортасының жағымды эмоционалдық ахуалына және ата-аналардың қолдау деңгейіне байланысты.

Бірінші сыныпқа бару – білім алушының өміріндегі ең маңызды әлеуметтік және психологиялық бетбұрыстардың бірі. Бұл кезеңде бала жаңа әлеуметтік мәртебеге ие болып, оның өмір сүру ырғағы, күн тәртібі, айналасындағы адамдармен өзара қарым-қатынасы түбегейлі өзгереді. Мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу – тек жаңа білім алу ортасына бейімделу ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық, эмоциялық және когнитивтік дамуындағы күрделі өзгерістермен қатар жүретін өтпелі кезең.

Осы уақытта көптеген балаларда эмоционалдық шиеленіс, қорқыныш, сенімсіздік, тез шаршау, жаңа талаптарға қарсы тұру сияқты бейімделмеген көріністер байқалуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың алдын алу және баланың мектеп өміріне сәтті енуін қамтамасыз ету педагогтер, психологтер және ата-аналар арасындағы үйлесімді, жүйелі қарым-қатынас нәтижесінде жүзеге асады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің басты мақсаты: 1-сынып білім алушыларының оқу процесіне сәтті бейімделуін қамтамасыз ету, қолайлы психологиялық климат қалыптастыру және оқу мотивациясын дамыту.

Сүйемелдеудің негізгі міндеттері:

- баланың мектепке психологиялық және физиологиялық тұрғыдан дайындығын диагностикалау;
- бейімделу кезеңіндегі мазасыздық, уайым және күйзеліс деңгейін төмендету;
- эмоциялық әл-ауқатты қолдау және өзін қауіпсіз сезіну жағдайларын жасау;
- өзіне деген сенімділікті арттыру және табысқа жету сезімін нығайту;
- ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара әрекет пен ақпарат алмасуды ұйымдастыру.

Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин және т.б. еңбектерінде бейімделу кезеңі жеке тұлғаның әлеуметтік дамуындағы маңызды саты ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде баланың жетекші әрекеті ойыннан оқу іс-әрекетіне ауысады, сондықтан педагогикалық қолдаудың негізгі қағидасы «ойыннан оқуға жұмсақ көшу» принципін сақтау болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мазмұны төмендегі бағыттарда жүзеге асырылады:

- диагностикалық бағыт: бейімделу деңгейін, эмоциялық жағдайды және танымдық даму ерекшеліктерін анықтау;
- дамытушы бағыт: ойын, топтық және жеке дамытушы жаттығулар, релаксация элементтері арқылы өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;
- түзету бағыты: бейімделмеген мінез-құлық көріністерін түзету, қорқыныш пен сенімсіздікті азайту;
- кеңес беру бағыты: педагогтер мен ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер ұйымдастыру.

Мектепке бейімделу кезеңі шамамен 2–3 айға созылады. Осы уақытта бала мектептің жаңа талаптарына, күн тәртібіне және қарым-қатынас жүйесіне бейімделеді. Алайда бейімделудің сапасы әр баланың жеке ерекшеліктеріне, жүйке жүйесінің типіне және отбасындағы тәрбие жағдайына байланысты болады.

Бейімделу процесінің табысты өтуі келесі факторларға тікелей байланысты:

- оқу мен демалыстың теңгерімді ұйымдастырылуы;
- педагогтің жылы, қолдаушы қарым-қатынасы;
- ата-аналардың түсіністік пен қолдау көрсету деңгейі;
- мектеп ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуал.

Психолог пен педагогтің үйлесімді жұмысы бейімделу кезеңінің сапасын арттырады. Психолог баланың эмоциялық жағдайын диагностикалап, қажет болған жағдайда түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. Ал педагог білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ынталандыру мен қолдау негізінде ұйымдастырады. Мұндай серіктестік бейімделу кезеңін жеңілдетіп, баланың мектепке деген сенімін нығайтады және оқу мотивациясын арттырады.

Осыған орай, төменде педагогтерге, мектеп психологтеріне және ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар берілген.

Педагогтерге арналған ұсынымдар

- оқу жылының алғашқы апталарында білім алушыларды мектеп өмірімен таныстыруға, сынып ережелерін бірлесіп талқылауға және ұжымдық ойындар арқылы ынтымақтастық орнатуға көңіл бөлу;
- сабақ құрылымын жеңілдетіп, сергіту сәттері мен шығармашылық тапсырмаларды жиі енгізу арқылы білім алушылардың назарын шоғырландыру;
- әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, жетістіктерін мадақтау және шағын табыстарды атап өту арқылы ішкі мотивациясын арттыру;

- қиындық көріп жүрген білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, психологиялық қызметпен бірлесіп түзету жаттығуларын қолдану;
- ата-аналармен тұрақты байланыс орнату, бейімделу барысы туралы кері байланыс беру және үй жағдайында қолдау тәсілдерін түсіндіру.

Психологтерге арналған ұсынымдар

- бейімделу кезеңінде білім алушылардың эмоциялық жағдайын және топтағы қарым-қатынас сапасын жүйелі диагностикалау;
- эмоцияны реттеу, күйзелісті жеңу үшін тренингтер ұйымдастыру;
- «Мен мықтымын!», «Эмоцияларды танып-білеміз», «Көңіл-күйім», «Мен – оқушымын» сияқты тренингтер мен ойын жаттығуларын өткізу арқылы балалардың өз-өзіне сенімділігін арттыру;
- педагогтермен және ата-аналармен серіктестік орнатып, бейімделу барысын талқылау және бірлескен қолдау тәсілдерін жоспарлау;
- бейімделу кезеңінің соңында мониторинг жүргізіп, білім алушылардың әлеуметтік және эмоциялық даму динамикасын бағалау.

Ата-аналарға арналған ұсынымдар

- баланың мектептегі алғашқы тәжірибесін қолдап, оқу процесіне оң көзқарас қалыптастыру;
- таңертеңгілік және кешкі уақытта эмоционалдық қолдау көрсету, баланың сезімдерін тыңдау және талқылау;
- мектеп өміріндегі өзгерістерге бейімделу кезінде асықпай, түсіністікпен қарау, баланы басқа балалармен салыстырмау;
- педагог пен психолог ұсынған ұсыныстарды орындау және мектеппен тұрақты байланыста болу;
- баланың жетістіктерін мадақтау арқылы мектепке деген қызығушылығын күшейту.

Педагогтердің іс-тәжірибесінде бейімделу кезеңін ұйымдастыруда түрлі тиімді әдіс - тәсілдер қолданылуда. Бұл әдістер оқыту мен тәрбиелеу процесінде білім алушылардың мектеп өміріне бейімделуін жеңілдетуге, эмоциялық тұрақтылығын нығайтуға және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Педагогтердің тәжірибелік қызметінде бейімделу процесін жүзеге асыру бойынша тиімді әдістер мен тәсілдердің үлгілері төменде ұсынылады.

*Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу
барысында Астана қаласы әкімдігінің Фариза
Оңғарсынова атындағы № 77 мектеп-
гимназияның бастауыш сынып мұғалімі
Есенгулова Назира Токтагуловна іс-
тәжірибесінен*

1-сабақ «Мен оқушымын» (Өліппе оқу пәнімен кіріктірілген)

Сынып: 1

Сабақ ұзақтығы:

Негізгі мазмұны: білім алушының мектеп өміріне бейімделуі, өзін «оқушы» ретінде танып білуі, мектеп ережелерімен танысу

Құндылық бағыты: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: бейімделу диагностикасы, топтық сергіту жаттығулары

Сабақ мақсаты білім алушылардың мектеп өміріне қызығушылығын арттыру, оқу әрекетіне оң көзқарас қалыптастыру, өзін «оқушымын» деп сезінуіне жағдай жасау; «Өліппе» пәнімен байланыста әріптер мен сөздерді қолдана отырып, өз есімдерін дұрыс жазуға үйрету; топта және жұпта ынтымақтаса жұмыс істеуге баулу.

Күтілетін нәтижелер: мектеп өміріне бейімделудің алғашқы қадамдарын меңгереді; мектеп, мұғалім, оқушы, сынып сөздерін дұрыс қолдана алады; өзін «оқушымын» деп таныстырады; мұғалімнің нұсқауын тыңдап, қарапайым тапсырмаларды орындауды үйренеді; топта бірлесе жұмыс жасайды, сыйластық пен жауапкершілік танытады.

Ойындар мен әдістерді қолдану бойынша ұсынымдар

1. «Мектеп – біздің екінші үйіміз» суреттері арқылы әңгіме жүргізу.

Мақсаты: білім алушылардың мектеп туралы түсінігін кеңейту; мектепті өз үйі сияқты жылы, қауіпсіз және жақсы орта ретінде сезінуге тәрбиелеу; сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту; мектепке деген сүйіспеншілікті, мұғалімге және сыныптастарына құрмет сезімін қалыптастыру.

Міндеттері: мектеп ғимараты мен ішкі бөлмелерін (сынып, асхана, кітапхана, спортзал) ажырата білуге үйрету; әңгімелесу кезінде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру (тыңдау, жауап беру); білім алушылардың ойлау, елестету және сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру; «Мектеп – біздің екінші үйіміз» деген ұғымның мәнін түсіндіру.

Ойын (іс-әрекет) барысы:

1. Кіріспе бөлім (мотивация)

Мұғалім оқушыларға жылы сөз айтады:

- «Бүгін біз суреттер арқылы мектеп туралы сөйлесеміз. Мектеп – біздің екінші үйіміз. Неліктен олай айтамыз, бірге ойланып көрейік.»

- «Мектеп» туралы қысқаша бейнеролик немесе слайд көрсетіледі (1–2 минут).

2. Негізгі бөлім (суреттермен жұмыс)



Мұғалім бірнеше сурет көрсетеді: мектеп ғимараты; сынып бөлмесі; мұғалім мен оқушылар; кітапхана; ойын немесе спорт алаңы.

Сұрақтар арқылы әңгіме жүргізу:

- Бұл суретте не көріп тұрсындар?

- Балалар не істеп жатыр?

- Бұл қай жер?
- Неліктен мектепті екінші үйіміз дейміз?
- Мектепте өзіңді қалай сезінесің?
- Мектепте кімдермен кездесеміз?
- «Мектеп – біздің екінші үйіміз, себебі ол жерде біз үйренеміз, ойнаймыз, достасамыз және үлкен жетістіктерге жетеміз».

Балалар өз суреттерін көрсетіп, 1–2 сөйлем айтып береді.

Ресурстар: мектеп өмірінен алынған түрлі суреттер (сынып, мұғалім, асхана, кітапхана т.б.); интербелсенді тақта немесе плакат; түрлі түсті қағаз, бояулар, қарындаштар (қаласа, балалар өз суреттерін салады); «Мектеп туралы» бейнеролик немесе ән (қорытынды үшін).

2.«Мен оқушымын» ойыны – өзін тану, әріппен жұмыс (интеграция «Әліппе»).

Мақсаты: білім алушылардың өзін «оқушы» ретінде тануына және мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасау; әліппедегі әріптер арқылы өз атын танып, дұрыс айту және жазу дағдыларын қалыптастыру; сөйлем құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту; оқуға деген қызығушылық пен сенімділік қалыптастыру.

Міндеттері: әріптерді ажыратып, өз атының бірінші әрпін табуға үйрету; «Мен – оқушымын» деген ұғымды жеке тұлғалық деңгейде түсіндіру; өз атын дұрыс жазу, айту және таныстыру дағдыларын жетілдіру; өз ойын қысқаша сөйлем арқылы жеткізуге машықтандыру; бір-бірін тыңдау, қолдау және ынтымақпен әрекет етуге тәрбиелеу.

Ойын барысы: Мұғалім «Әліппе» кітабындағы әріптер жазылған карточкаларды көрсетеді. Білім алушылар өз есімдерінің бірінші әрпін табады (мысалы: Б – Бақыт, А – Айдана). Әр білім алушы өз есімін атап, сөйлем құрайды: «Мен Бақыт – оқушымын». «Мен Еркін- мектепке барамын».

Мұғалім әр сөйлемді тақтаға жазып, білім алушылармен бірге оқиды.

Сабақ соңында балалар өз аты жазылған карточкаларын «Біздің сынып оқушылары» плакатына жапсырады.

Ресурстар: «Әліппе» кітабы; әріптер жазылған карточкалар (әріп бас және кіші түрінде); білім алушылардың аты-жөндері жазылған стикерлер немесе бетшелер; «Біздің сынып оқушылары» тақырыбындағы плакат; маркерлер, түрлі түсті қағаз, желім; интербелсенді тақта (есім жазу үлгілерін көрсету үшін).

3. «Біздің сынып» постері – топтық шығармашылық жұмыс.

Мақсаты: білім алушылардың өз сыныбын, сыныптастарын және мектепті жақсы көру сезімін қалыптастыру; бірлесе жұмыс жасау, өз үлесін қосу және топ ішінде ынтымақтастық орнатуға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз ойын сурет, сөз арқылы жеткізуге баулу.

Міндеттері: топтық бірлікті нығайту, бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу; сыныптың ерекшелігін (достық, ынтымақ, тазалық, ұйымшылдық) көрсету арқылы ортақ мақсатқа біріктіру; балалардың қиялын, эстетикалық талғамын дамыту; қол қимылдарын жетілдіру (жапсыру, бояу, қиып

жабыстыру); өз ойын қысқаша сөйлеммен айтуға, сынып алдында таныстыруға машықтандыру.

Жұмыс барысы:

1. Дайындық кезеңі:

Мұғалім білім алушыларды 3–4 топқа бөледі.

Әр топқа ватман, түрлі түсті қағаз, фломастер, желім, стикерлер таратылады.

Тақырып түсіндіріледі:

«Бүгін біз «Біздің сынып» атты постер жасаймыз. Онда біздің сынып қандай екенін сурет, жазу арқылы көрсетеміз».

2. Орындау кезеңі:

Оқушылар бірігіп постер жасайды:

- Сынып бөлмесін, парта, тақта, мұғалім және достарын бейнелейді.

- «Біздің сынып көңілді», «Біз ұйымшылмыз» сияқты ұран немесе жазу жазады.

- Кейбір білім алушылар сурет салады, кейбірі жазу жазады, кейбірі безендіреді.

Мұғалім бағыт-бағдар береді, әр топтың жұмысын бақылайды және қолдау көрсетеді.

3. Қорғау кезеңі:

Әр топ өз постерін таныстырады: «Біздің сынып – ұйымшыл», «Біздің сынып таза және әдемі», «Біз бірге оқимыз, ойнаймыз».

Қалған топтар бір-бірінің жұмыстарын мақтайды, жылы пікір айтады.

4. Қорытынды:

Мұғалім қорытынды жасап, әр топтың еңбегін атап өтеді. Барлық постерлер «Сынып бұрышына» ілінеді.

Ресурстар: ватман (постер үшін); түрлі түсті қағаз, фломастер, қарындаштар; стикерлер, желім, қайшы; маркерлер және сурет салу құралдары; музыка (жұмыс кезінде жайлы көңіл күй тудыру үшін).

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

1) жұмсақ темпте сабақ жүргізіп, білім алушылардың бастамаларын қолдау;

2) эмоциялық жайлылық пен жағымды атмосфераны қамтамасыз ету;

3) психологты белсенді түрде қатыстыру, уайым белгілері бар білім алушыларға бақылау және қолдау көрсету;

4) сабақты ұжымдық шығармашылық әрекетпен аяқтау, «Менің мектебім – менің үйім» атты мини-плакат жасау.

Тақырыбы: 2-сабақ « Менің мектебім – менің екінші үйім» (математика пәнімен кіріктірілген)

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы :

Негізгі мазмұны: мектептің бөлмелерімен танысу, кеңістіктегі бағыттарды анықтау, бірлескен іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру

Құндылық бағыты: ынтымақтастық, еңбекқорлық

Психологтың қатысуы: бірлескен ұжымдық ойындар мен жаттығулар арқылы эмоционалды қолдау көрсету

Сабақтың мақсаты: оқу процесінің құрылымымен, мектептің ішкі тәртібімен және ұжымдық өзара іс-қимыл ережелерімен таныстыру; кеңістік ұғымдарын қоршаған орта мысалында таныстыру; қарапайым есептеу және салыстыру дағдыларын дамыту; бірлесе жұмыс істеу мен өз ойын ашық айтуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер: білім алушылар: мектептің құрылымымен (сынып, мұғалім, кабинет, үзіліс, тәртіп) танысып, жаңа ортаға сенімді бейімделеді; білім алушылар мектеп құрылымы мен тәртіп ережелерін біледі; кеңістіктегі бағыттарды (оң-сол, алда-артта, жоғары-төмен) ажыратады; мектеп заттарының пішінін геометриялық фигуралармен байланыстырады; психологпен бірлескен ойындарда өз сезімін еркін білдіреді.

Сабақ барысы

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
1. Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)	Сәлемдеседі, көңіл күйді көтеру мақсатында «Жақсы тілектер шеңбері» ойынын өткізеді.	Бір-біріне жылы сөз айтады, күлімдейді.	эмоциялық қолдау көрсетеді, ұялшақ білім алушыларды белсендіреді	«Жақсы көңіл-күй» смайлигі
2. Білімді өзектендіру (5 мин)	Сұрақтар қояды: - мектепте қандай бөлмелер бар? - Олар қай жерде орналасқан?	Өз ойларын айтады, мектептегі бөлмелерді атайды	топқа біріктіреді, ойын түрінде қолдау көрсетеді	ауызша мадақтау
3. Негізгі бөлім (25 мин)	1-тапсырма: «Бағытты тап» Мұғалім фигуралар көрсетеді (доп, кітап, парта). «Кітап үстелде ме, астында ма?»	Бағыттарды атайды, заттардың орнын анықтайды, есептейді (мысалы, 3 парта, 5 терезе)	«Біз бірге» жаттығуын өткізеді: «Бір команда – бір мақсат»	«Жұлдызша» әдісімен топтық бағалау
	2-тапсырма: «Мектеп лабиринті» – бағыт бойынша жүру (оңға,	Бағыттар бойынша бөлмелерді табады		«Смайлик» әдісімен өз көңіл күйін таңдату

	солға, алға, артқа)			
	3-тапсырма: Топтық жұмыс – «Біздің мектеп» макетін жасау (пішіндерді пайдаланып)	Топпен мектеп моделін салады	«Біз бірге» жаттығуын өткізеді: «Бір команда – бір мақсат»	«Күн шуағы» әдісімен топтық бағалау
4. Рефлексия және қорытынды (5 мин)	«Бүгін не үйрендік?» сұрағын қояды	Өз әсерлерін бөліседі, не ұнағанын айтады	«Комплименттер шеңберін» өткізеді – әр білім алушы досына жылы сөз айтады	Өзін-өзі бағалау

Ойындарды өткізу бойынша ұсыныстар:

1) «Бағытты тап» ойыны

Ойынның мақсаты: білім алушылардың кеңістіктегі бағытты анықтау қабілеттерін дамыту (жоғары - төмен, оң - сол, алдында - артында, астында - үстінде); күнделікті өмірдегі заттардың орналасуын бақылап, математикалық тілде сипаттай білуге үйрету; назарын шоғырландыру және есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Міндеттері: кеңістіктегі бағыт ұғымдарын бекіту (оң, сол, алда, артта, жоғары, төмен); заттардың өзара орналасуын салыстыру және сипаттау дағдысын қалыптастыру; бір-бірін тыңдау, сұраққа нақты жауап беру мәдениетін дамыту; ойын арқылы қызығушылық пен белсенділікті арттыру.




Ойынның өткізілу барысы: Мұғалім үстелге бірнеше зат қояды (мысалы: кітап, доп, қалам).

Сұрақ қояды:

- Кітап үстелде ме, астында ма?
- Қалам дәптердің оң жағында ма?
- Доп парта астында ма, үстінде ме?

Білім алушылар жауап береді, бағытты көрсетеді (қолмен немесе затты орнынан жылжытып).

Мұғалім дұрыс жауапты бекітеді, топ ішінде белсенді қатысқандарды мадақтайды.



Қажетті ресурстар мен құрал-жабдықтар: геометриялық пішіндер немесе мектеп заттарының үлгілері (доп, кітап, сызғыш, парта, орындық); көрнекілік суреттер (заттардың орналасуы көрсетілген); интербелсенді тақта немесе плакат; музыка (ойын сәтінде көңілді фон үшін); смайликтер немесе жұлдызшалар (мадақтау белгісі ретінде).

2. «Мектеп лабиринті» ойыны

Ойынның мақсаты: білім алушылардың кеңістікте бағдарлау және бағытты табу дағдыларын дамыту; мектеп бөлмелерінің орналасуын есте сақтап, карта немесе бағыт бойынша жүру қабілетін жетілдіру; логикалық ойлау мен назарды шоғырландыруды дамыту.

Міндеттері: кеңістіктегі бағыттарды (оңға, солға, алға, артқа, жоғары, төмен) тәжірибе арқылы үйрету; мектеп ғимаратының құрылымын (дәліз, сынып, асхана, спортзал т.б.) тану; бірлесіп әрекет ету, топпен шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыру; ойын арқылы ынтымақтастық пен сенімділікті арттыру.

Құндылық: мақсатқа жету үшін табандылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Қажетті ресурстар: мектеп ғимаратының схемасы немесе картасы (плакат түрінде); бағыт көрсеткіштері (жебелер, карточкалар «оңға», «солға», «алға», «артқа» деген жазумен); фишкалар немесе білім алушыны білдіретін белгілер; таспалар, жіптер немесе конустар (шынайы лабиринт сызу үшін); музыка немесе таймер (ойынның жылдамдығын арттыру үшін).



Ойынның жүру барысы (қысқаша):

Мұғалім тақтаға немесе еденге мектептің картасын (лабиринт түрінде) орналастырады.

Балалар сыныптан «асханаға», «кітапханаға», «спортзалға» жету жолын табады.

Әр бұрылыста бағыт таңдайды:

- «Оңға бұрылсаң – спортзалға барасың»;
- «Солға бұрылсаң – кітапханаға жол».

Қай топ немесе білім алушы дұрыс бағытпен тез жетсе – жеңімпаз атанады.

3. Топтық жұмыс. «Біздің мектеп» макетін жасау (пішіндерді пайдаланып).

Мақсаты: білім алушылардың кеңістікте бағдарлау, пішіндерді ажырату және оларды қолдану арқылы мектептің құрылымын бейнелеу дағдыларын дамыту.

Міндеттері: мектептің негізгі бөлмелерін (сынып, асхана, кітапхана, спортзал, дәліз т.б.) пішіндер арқылы көрсету; геометриялық пішіндерді тану және дұрыс қолдану (төртбұрыш – сынып, үшбұрыш – шатыр, шеңбер – ойын алаңы т.б.); топта бірлесе жұмыс істеу, пікір алмасу, ортақ шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру; құндылықтарды (ынтымақтастық, еңбекқорлық, сыйластық) дамыту.

Ресурстар: түрлі-түсті қағаздар; қайшы, желім; маркерлер, қарындаштар; геометриялық пішіндердің үлгілері (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш); мектеп суреттері немесе фотолары (визуалды тірек ретінде); А3 форматтағы парақ (макет негізі ретінде).

Ойын барысы:

1. Мұғалім әңгімелейді:

- «Балалар, біздің мектеп – екінші үйіміз. Ал бүгін біз оны өз қолымызбен макет түрінде жасап көреміз. Ол үшін геометриялық пішіндерді қолданамыз. Қай пішін қандай бөлмені бейнелей алады деп ойлайсыңдар?»

Мұғалімнің сұрақтары:

- Мектепте қандай бөлмелер бар?
- Қай бөлме қай жерде орналасқан?
- Қай пішін сынып бөлмесіне ұқсайды?

Балалардың жауаптары тыңдалып, бағыт беріледі.

2. Топқа бөлу (1–2 мин.)

Оқушылар 3–4 топқа бөлінеді. Әр топқа жеке А3 қағаз және геометриялық пішіндер жиынтығы беріледі.

Мысалы:

- 1-топ – мектептің бірінші қабатын жасайды;
- 2-топ – екінші қабатты;
- 3-топ – мектеп ауласын бейнелейді.

3. Макетті жасау (10–12 мин.). Топтар бірлесе отырып өз бөлігін орындайды:

- төртбұрыштардан – сынып, дәліз, кітапхана;
- үшбұрыштардан – шатыр;
- шеңберлерден – ойын алаңы немесе гүлзар;
- тік төртбұрыштардан – есік, терезелер.

Мұғалім кеңес береді:

- Қай бөлме қай жерде орналасқанын ойлаңдар;
- Кім мектеп ауласын жасайды?
- Мектептің кіреберісін қай пішінмен көрсетеміз?

4. Тұсаукесер және бағалау (5 мин.). Әр топ өз макетін таныстырады:

- қай бөлмелерді бейнеледі;
- қай пішіндерді қолданды;
- қай жерден кіріп, қайда баратынын көрсетеді.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

1) мотивациялық бөлімде білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін сұрақтар мен бейнелер қолдану;

2) топтық жұмысты ұйымдастырғанда әр білім алушының рөлін анықтап беру;

3) сабақта пәнаралық байланыс міндетті түрде байқалуы керек;

4) қолдауды қажет ететін білім алушыларға – үлгі пішіндер немесе мұғалімнің көмегі.

5) әр кезеңде бірлескен әрекет пен өзара көмекке басымдық беру.

Пәні: вариативтік курс

Интеграция: әліппе пәнімен

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы: 1 сағат

Тақырыбы: 3-сабақ «Достық және сыйластық»

Негізгі мазмұны: Сыныптастарға түсіністік пен көмек көрсету қабілетін дамыту

Құндылық бағыты: құрмет, адалдық

Психологтың қатысуы: эмоциялық интеллектіні дамытуға арналған ойындар, қолдау көрсету

Сабақ мақсаты: білім алушыларды бір-бірін сыйлауға, достық қарым-қатынас орнатуға үйрету; әріп, дыбыс ұғымдарын, дауысты / дауыссыз дыбыстар, екпінді / екпінсіз дыбыстар ұғымын үйрету.

Күтілетін нәтижелер: тыңдалған материалға өз пікірін айту, қарапайым сөйлемдермен негіздеу; сұрақтарға жауап беру (мұғалім көмегімен); сөздің мәнін түсіну; жазуға дайындалу; сөйлем, сөз, дыбыс ұғымын түсіну; достықтың маңызын түсінеді; ұжымдық ойындар мен тапсырмалар арқылы өзара көмек, достық, сыйластық сезімдері дамиды.

Сабақ барысы

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
1. Ұйымдастыру (5 мин.)	Сәлемдесу. Ойын «Сиқырлы қол» – әр білім алушы қолын ұстап, көршісіне жылы сөз айтады	Бір-біріне жылы сөздер айтып, қол ұстасады	жағымды және сенімді атмосфера қалыптастырады	қатысу белсенділігі
2. Білімді өзектендіру (5 мин)	Плакат «Біздің сыныптағы достар» Сұрақ: - Дос болу деген не?	Мысалдар келтіреді, өз ойларын ортаға салады	«Досыма жақсы сөз» жаттығуы – әр бала досына жылы сөз айтады	сөйлеу арқылы түсінік көрсету
3. Негізгі бөлім (20+5 мин)	Дыбыстарды сезіну: «Дыбыс лабиринті» – әр білім алушы тақтада берілген әріп жолынан өз дыбысын (әріп-дыбыс байланысын қолданып) тауып өтеді	Айна алдында дыбыстарды қайталайды, лабиринт арқылы дыбысты табады	қиындықтарға тап болған білім алушыларға қолдау көрсетеді	дауысты мен дауыссыз дыбысты ажырата алады
4. Практикалық жұмыс (10 мин.)	«Дыбыс ағашы»: әр дыбысқа сәйкес жапыраққа сөз жазып, ағашқа жапсырады. -«Сиқырлы ритм»: дауыссыз	Жапырақтарды дұрыс жапсырады, ритмге сәйкес қимыл жасайды, сөз құрады.	«Тыңда және қайтала» жаттығуы: балалар көзін жұмып дыбысты тыңдайды және қайталайды	дыбысты бөліп, сипаттай алады

	дыбыстарда аяқпен соғу, дауыстыда қол соғу. - «Сөз шатырлары»: суретке сәйкес әріптерді тауып, сөз құрау.			
5. Сөздік жаттығу (10 мин.)	Өлең оқу: «Біз – достар, күн мен аспан сияқты, Гүлдер мен бұлақ секілді. Достарсыз өмір тәтті емес – Сондықтан күндер қуанышты!» Талқылау: «Неге достық маңызды?»	Ұжыммен оқиды, сұрақтарға жауап береді	«Түсті достық шеңбері» – әр бала өз сезімін түс таңдау арқылы көрсетеді	өлеңді жатқа айту, түсіндіру
6. Рефлексия (5 мин.)	«Бүгін не білдім?» сұрақтары. Эмоция карточкаларын көрсету	Эмоцияны таңдайды, себебін түсіндіреді	«Жылы сөздер гірі» ойыны: әр бала бір-біріне комплимент айтады	өзін-өзі бағалау: «Мен жасадым, өйткені...»

Ойындарды өткізу бойынша ұсыныстар:

1) Сиқырлы қол – бір-біріне жылы сөз айтып, қол ұстасу арқылы позитив эмоция тудыру.

2) «Дыбыс лабиринті» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; әріп-дыбыс байланысын бекіту; дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдысын қалыптастыру; білім алушылардың сөйлеу белсенділігін арттыру және қызығушылығын ояту.

Міндеттері: дыбыстарды дұрыс ажырата білуге үйрету; әріптерді дыбыспен сәйкестендіру дағдыларын дамыту; қозғалыс арқылы фонематикалық естуді нығайту; топтық және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастыру; балалардың өзін-өзі бағалауы мен сенімділігін арттыру.

Ойын барысы:

Мұғалім тақтада әріптерден құралған жол (лабиринт) жасайды. Әр әріп белгілі бір дыбысқа сәйкес келеді.

Б	А	С	И	Ч	Ө	Ш
Р	Е	Ы	З	Х	Э	Ж
М	Н	Т	Қ	Д	О	І
К	У	Р	И	С	Х	Э
Ж	З	Д	О	И	Е	Л
Б	Е	О	С	Л	Р	П
Х	О	Й	Д	Қ	Ұ	Ү
Х	О	Й	Д	Қ	Қ	С
Х	О	Й	Д	Қ	У	С

Әр білім алушы кезекпен тақтадағы лабиринт арқылы өз дыбысын тауып өтеді, әріп-дыбыс байланысын қолданады.

Өтудің әр кезеңінде білім алушы айна алдында дыбысты дұрыс айтуға тырысады (артикуляциялық жаттығу ретінде).

Білім алушы лабиринт арқылы дыбысты тауып өткен соң, өз ойын немесе сөзді айтып, мысал келтіреді.

Қалған балалар көріп, дұрыс айтылған дыбысты растайды немесе қосымша мысалдар қосады.

Мұғалім әр білім алушыны қолдап, белсенділігін мадақтайды, қатесін түзетуге көмектеседі.

Қажетті ресурстар: тақта немесе флипчарт; әріптер жазылған магниттер немесе карточкалар; айна (артикуляциялық жаттығу үшін); дыбысқа сәйкес суреттер немесе заттардың шағын карточкалары

3. «Дыбыс ағашы» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың дыбыстар мен әріптерді сәйкестендіру дағдыларын дамыту; оқу процесін ойын арқылы қызықты ету; сөздік қор мен фонетикалық есту қабілетін жетілдіру.

Міндеттері: әріп-дыбыс байланысын анықтау; дыбыстарды дұрыс айту және тану дағдыларын қалыптастыру; жеке және топтық жұмыс іскерлігін дамыту; логикалық ойлау мен есте сақтау қабілетін дамыту.

Қажетті ресурстар: ойын тақтасы немесе үлкен қағазға салынған «ағаш» суреті (сымсыз немесе магнитті); дыбыстар мен әріптер жазылған карточкалар;

- қарындаштар, маркерлер, стикерлер; лабиринт жолдары немесе ағаштағы «буын» немесе «сөз» бағыттары (міндетті емес, бірақ қызықты етеді); айна (қажет болса, дыбысты қайталау үшін).

Ойын барысы:

Мұғалім «ағаш» бейнесін сыныпқа көрсетеді. Ағаштың әр бұтағы әріптер немесе дыбыстардан тұрады.

Білім алушыларға әріптер жазылған карточкалар беріледі.

Білім алушылар өз карточкасындағы дыбысты табу үшін ағаштағы сәйкес бұтаққа «жол салады».

Әр дыбыс табылған соң, білім алушы айна алдында дыбысты қайталап айтады, сөйтіп фонетикалық дағдысы жетіледі.

4. Сиқырлы ритм – дауысты дыбысқа қол соғу, дауыссызға аяқпен соғу.

5. Сөз шатырлары – суретке сәйкес әріптерді тауып, сөз құрау.

Мақсаты: білім алушылардың әріптерді тану және сөз құру дағдыларын дамыту; сөздік қорын байыту, фонетикалық есту қабілетін жетілдіру; оқу процесін ойын түрінде қызықты ету.

Міндеттері: суретке сәйкес әріптерді тауып, дұрыс сөз құру; білім алушылардың логикалық ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту; топтық және жеке жұмыс іскерлігін қалыптастыру; білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамыту.

Қажетті ресурстар: суреттер (мысалы: алма, үй, ит, кітап және т.б.); әріптер жазылған карточкалар немесе магниттік әріптер; «Шатыр» бейнесі салынған қағаз немесе тақта (әр «шатыр» – бір сөз); қарындаштар немесе маркерлер.

Ойын барысы:

Мұғалім тақтаға немесе үстелге «шатыр» бейнесін орналастырады, әр шатырдың ішіне сөздің әріптерін орналастыру керек екені көрсетіледі.

Білім алушыларға әріптер жазылған карточкалар беріледі.

Білім алушылар суретті қарап, сол суретке сәйкес келетін сөзді табу үшін әріптерді шатырға орналастырады.

Әрбір дұрыс сөз табылған соң, білім алушы оны оқып, дұрыс айтуды бекітеді.

Ойынды жеке немесе топтық түрде өткізуге болады. Жеңімпаз – барлық сөзді дұрыс құраған немесе ең жылдам орындаған білім алушы немесе топ.

6. Түсті достық шеңбері – өз сезімін түс таңдау арқылы көрсету.

Жылы сөздер гірі: бір-біріне комплимент айту арқылы рефлексия жасау.

Әліппе сабағы бойынша әдістемелік ұсыныстар

1. Үлкеннен кішіге әдісі: рифма / сыбыс → алғашқы / соңғы дыбыс → фонемаларды қосу / бөлу → дыбысты ауыстыру / қосу.

2. Күнделікті мини-жаттығулар: 10–12 минут, жүйелі түрде.

Дыбыс → әріп байланысы: магниттік әріптер, карточкалар, қорапшалар арқылы бекіту.

3. Манипуляциялық тәсілдер: Эльконин қорапшалары, фишкалар, әр дыбысқа қимыл жасау.

4. Мультимодальді әдіс: тыңдау + қозғалыс + көру (қол соғу, қадам, фишкалар, түстер, қимылдар).

Шағын топтар: қажеттілігі бар балаларға шағын топтық қолдау.

Бағдарламалық сәйкестік: дауысты / дауыссыз дыбыстар, дыбыс-әріп талдау, екпінді / екпінсіз дыбыстар.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- білім алушыларға бір-бірін құрметтеп, жылы сөз айтуға және пікірлерін бөлісуге мүмкіндік беру;

- дыбыстар мен сөздерді шынайы құруға көңіл бөліңіз, әр білім алушының өз үлесін көрсетуін қолдау;

- топтық және жұптық жұмыстарда жауапкершілікті дамытуға мән беру;

- сабақ барысында ойын элементтерін пайдаланып, белсенділік пен қызығушылықты арттыру.

Пәні: вариативтік курс

Интеграция: әліппе пәнімен

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы:

Тақырыбы: 4-сабақ «Менің көңіл-күйім»

Негізгі мазмұны: бала өзінің қазіргі көңіл-күйін (қуанышты, ренжулі, тыныш және т.б.) анықтайды. Сурет немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер арқылы сезімдерін білдіру. Терең тыныс алу, релаксация жаттығулары, қарапайым медитациялық сәттер. Эмоцияларды сипаттайтын сөздер мен әріптерді оқу, жазу және қайталау. Әріптер мен сөздер арқылы көңіл-күйді көрсету

Құндылық бағыты: өз-өзіне құрмет, сабырлылық

Психологтың қатысуы: релаксация сессиясы

Сабақ мақсаты: білім алушының эмоциялық тұрақтылығын, өзіндік реттеу қабілеттерін дамыту және стресстік жағдайларды жеңуге көмектесу; білім алушылардың сөздік қорын байыту, жағымды сөздерді қолдану арқылы эмоциялық жағдайын көтеру; әліппе элементтері арқылы әріптерді танып, оқу дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер: эмоциясын реттеу, өз мінез-құлқын бақылау дағдысы дамиды; білім алушылар өз эмоциясын тануға және реттеуге үйренеді; өз мінез-құлқын бақылау дағдысы қалыптасады.

Сабақ барысы

Кезең	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
Ұйымдастыру (5 мин)	Сәлемдесу, көңіл-күйді анықтау («Бүгінгі көңіл-күйім қандай?»)»	Көңіл-күйін көрсетеді (смайликтер, эмоция карточкалары)	жағымды және сенімді атмосфера қалыптастыру	қатысу белсенділігі, көңіл-күйді көрсету
Білімді өзектендіру (10 мин)	«Суреттер арқылы эмоция» эмоцияны көрсету, талқылау	Суреттегі кейіпкерлердің көңіл-күйін айтады, өз сезімін байланыстырады	қиындық көрген білім алушыларға қолдау көрсету	пікірін айту, сурет бойынша түсініктеме беру
Негізгі бөлім (25 мин)	«Сиқырлы сөздер» әдісі, әліппе элементтері: сөздер оқу, әріптерді табу	Жағымды сөздер арқылы көңіл-күйін көрсетеді, әріптерді оқиды	релаксация сессиясын ұйымдастыру, тыныс алу жаттығуларына жетекшілік	дыбыстар мен сөздерді дұрыс айту, эмоцияны көрсету
Практикалық жұмыс (10 мин)	«Менің көңіл-күйім» мини-плакатын жасау	Плакатқа сурет, сөздер арқылы эмоциясын бейнелейді	шығармашылық әрекетке психологиялық қолдау көрсету	плакатты орындау сапасы, шығармашылық белсенділік
Рефлексия (10 мин)	«Бүгін не білдім?» сұрақтары	Эмоция карточкасын таңдайды, себебін түсіндіреді	эмоцияны тану және бағалау арқылы қолдау	өзін-өзі бағалау: «Мен жасадым, өйткені...», өз сезімін түсіндіру


Ойындарды өткізу бойынша ұсыныстар:

1.«Суреттер арқылы эмоция» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың эмоцияларды тану және білдіру дағдыларын дамыту; өз сезімін түсіндіру және басқалардың эмоциясына эмпатия жасау қабілетін жетілдіру; эмоциялық тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: суреттегі кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтау; өз эмоциясын сөзбен немесе мимика арқылы білдіру; басқалардың сезімін түсінуге үйрету; эмоцияларды сөздер арқылы байланыстырған дұрыс әрекеттерді көрсету.

Қажетті ресурстар: түрлі эмоцияларды бейнелейтін суреттер (куанышты, ренжулі, таңғалулы, қорққан және т.б.); эмоция карточкалары (смайликтер немесе түсті карталар); қарындаш, маркер, стикерлер (қажет болса).



Эмоция	Сурет идеясы
Қуаныш	Күлген бала
Реніш / Күйзеліс	Қайғылы немесе мұңлы бет
Қорқыныш	Қорқып тұрған кейіпкер
Таңғалушылық	Ашық ауыз, үлкен көздер, қолдарын бетке апару
Ашулану	Қызарған бет, түйілген ерін
Сезімталдық / Жағымсыздық	Көз жас, төмен қарау, мұңды
Сабырлылық / Тыныштық	Көзін жұмып отырған бала
Қызығушылық / Қуанушылық	Қолын көтеріп, таңырқап қарау

Ойын барысы:

- мұғалім немесе психолог суреттерді оқушыларға көрсетеді;
- әр білім алушы суреттегі кейіпкердің көңіл-күйін айтады («Бұл кейіпкер қуанышты/ренжіген»);
- білім алушылар өз сезімдерін суреттегі кейіпкердің эмоциясымен байланыстырады («Мен де қуаныштымын, өйткені...»);
- пікірлер талқыланады, әр бала өз эмоциясын дұрыс атауға және түсіндіруге үйренеді.

Қосымша: эмоция карточкаларын қолдана отырып, білім алушылар өз сезімдерін визуалды түрде көрсетуі мүмкін.

2. «Сиқырлы сөздер» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың сөздік қорын байыту, жағымды сөздерді қолдану арқылы эмоциялық жағдайын көтеру; әліппе элементтері арқылы әріптерді танып, оқу дағдыларын жетілдіру; білім алушылардың өз сезімін білдіру және өз-өзіне сенімділігін арттыру.

Міндеттері: жағымды сөздерді оқып, дұрыс айту; әріптерді тану және сөз құру дағдыларын дамыту; эмоцияны сөздер арқылы білдіру, позитивті ойлау дағдыларын қалыптастыру; әліппе элементтері арқылы оқылым мен жазылым дағдыларын бекіту.

Қажетті ресурстар: әріптер мен сөздер жазылған карточкалар; плакат немесе тақта (сөздерді ілу үшін); эмоцияларды көрсететін смайликтер немесе карточкалар; қарындаш, маркерлер, стикерлер (қажет болса).

Өткізу барысы:

Мұғалім әр білім алушыға әріптер немесе сөздер жазылған карточкаларды таратады.

Білім алушылар карточкадағы әріптерді оқып, сөз құрастырады.

Құрастырылған сөзді оқып, жағымды эмоциямен байланыстырса болады («Мен қуаныштымын, өйткені бұл сөзді оқыдым»).

Әр білім алушы өз сөзін тақтада немесе плакатта көрсетіп, бөліседі.

Қосымша: сөздерді жұптық немесе топтық түрде құрастырып, бір-біріне комплимент айту арқылы ойын түрінде жүргізуге болады.

3. «Менің көңіл-күйім» мини-плакат.

Мақсаты: білім алушылардың өз эмоциясын түсіндіру және көрсету дағдыларын дамыту; эмоциялық тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыру; шығармашылық арқылы өзін-өзі білдіру және позитивті ойлау дағдыларын дамыту.

Міндеттері: өз көңіл-күйін сурет арқылы бейнелеу; жағымды сөздер мен эмоцияларды қолдана отырып шығармашылық жұмыс жасау; топта немесе жеке орындау арқылы өз сезімін бөлісу; эмоцияларды дұрыс тану және түсіндіру дағдыларын қалыптастыру.

Қажетті ресурстар: ақ қағаз немесе плакат (А4 немесе үлкен формат); түрлі түсті қарындаштар, фломастерлер, маркерлер; стикерлер, смайликтер немесе эмоцияны бейнелейтін суреттер; қарындаш, өшіргіш, желім (қажет болса).

Жұмыс барысы:

Мұғалім білім алушыларға «Менің көңіл-күйімді бейнелеңдер» тақырыбында плакат жасау тапсырмасын береді.

Білім алушылар өз сезімдерін сурет, түстер, смайликтер немесе сөздер арқылы плакатқа бейнелейді.

Әр білім алушы немесе топ өз плакатын көрсетіп, көңіл-күйін түсіндіреді (мысалы: «Мен бүгін қуаныштымын, өйткені...»).

Плакаттар сыныпта көрнекі түрде орналастырылады, білім алушылар бір-бірінің сезімін түсінеді.

Қосымша: плакатты бірлесе орындау кезінде балалар өз эмоцияларын біріктіреді.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- сабақты сабырлы қарқында жүргізіп, білім алушылардың бастамаларын қолдау;
- эмоциялық жайлылық пен жағымды атмосфераны қамтамасыз ету;
- психологты белсенді қатыстыру, уайым белгілері бар білім алушыларға бақылау және қолдау көрсету;
- сабақты ұжымдық шығармашылық әрекетпен аяқтау, «Менің көңіл-күйім» мини-плакатын жасау;
- білім алушылардың өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беру, рефлексия арқылы эмоциясын тануға және реттеуге үйрету.

Пәні: вариативтік курс

Интеграция: математика пәнімен

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы:

Тақырыбы: 5-сабақ «Мен өзімді бағалай аламын»

Негізгі мазмұны: білім алушы өзінің қазіргі көңіл-күйін (қуанышты, ренжулі, таңданыс, сабырлы және т.б.) анықтайды; терең тыныс алу, релаксация

жаттығулары және қарапайым медитациялық сәттер жүргізіледі; эмоцияны сан мен қимыл арқылы (үлкен–кіші, биік–аласа, ұзын–қысқа ұғымдары арқылы) бейнелеу.

Құндылық бағыты: өз-өзіне құрмет, сабырлылық.

Психологтың қатысуы: релаксация сессиясы

Сабақ мақсаты: тұлғаның өзін-өзі бағалау, эмоцияны тану және басқару қабілетін дамыту, сонымен қатар математикалық салыстыру ұғымдарын эмоциялармен байланыстыра қолдануға үйрету.

Күтілетін нәтижелер: өзін қауіпсіз және сенімді сезіну дағдысы нығаяды; өз сезімін танып, атау және басқару қабілеті қалыптасады; өз эмоциясын санмен және сипатпен бейнелей алады; эмоция түрлерін ажыратып, оларды үлкен–кіші, биік–аласа ұғымдарымен байланыстырады.

Сабақ барысы

Кезең	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
1 Ұйымдастыру (5 мин)	Сәлемдесу. «Көңіл-күй шеңбері» арқылы білім алушылардың бүгінгі эмоциясын анықтайды	Эмоция карточкасына өз көңіл-күйін тандайды	жылы атмосфера қалыптастыру, сенімділік орнату	қатысу белсенділігі, көңіл-күйді көрсету
2. Білімді өзектендіру (10 мин)	«Эмоциялық санау» ойыны: мұғалім түрлі эмоцияларды атайды (қуаныш, ашу, реніш), ал білім алушылар тиісті санды көтереді	Эмоцияны тиісті санмен сәйкестендіреді	қиындық көрген балаларға қолдау көрсетеді	дұрыс сәйкестендіру
3. Негізгі бөлім (20 мин)	Ойын: «Сан және сезім» Түсіндіру: әр эмоция белгілі бір сан мен қимыл арқылы бейнеленеді. 1 – сабыр → тыныш тұру (аласа) 2 – реніш → иығын сілкену (қысқа қимыл) 3 – таңдану → қолын көтеру (орташа биіктік) 4 – қуаныш → секіру (биік) 5 – мақтаныш → тік тұру, қолды жоғары созу (ең биік) Сұрақтар: – Қай эмоция үлкен қуаныш? – Қайсысы аласа сезім? – Эмоциялар ұзын–қысқа қимыл арқылы қалай көрінді?	Қимылмен және санмен эмоцияны көрсетеді, салыстырады Топпен талқылайды	эмоцияны реттеу және қимыл арқылы сезімін білдіруді қолдау	қимыл дәлдігі, эмоцияны сәйкестендіру
4. Рефлексия (10 мин)	«Эмоциялық сызғыш» әдісі: білім алушылар 1-5	Өзін бағалап, неге сол	эмоцияны түсіндіру мен	өзін-өзі бағалау

	аралығында өз көңіл-күйін бағалайды	санды таңдағанын түсіндіреді.	өз-өзіне құрметті қалыптастыру	
--	-------------------------------------	-------------------------------	--------------------------------	--

Ойындарды өткізу бойынша ұсыныстар:

1. «Эмоциялық санау» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың эмоция түрлерін ажырату және оларды сандар арқылы бейнелеу арқылы эмоцияны тану, реттеу және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- эмоция атауларын түсініп, ажыратуға үйрету;
- сан ұғымын қолдана отырып, сезім мен көңіл-күйді бейнелеу;
- ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту;
- өз эмоциясын және басқаның эмоциясын түсінуге үйрету.

Ресурстар:

- 1–5 аралығындағы сан карточкалары (әр оқушыға бір жиынтық);
- эмоцияны бейнелейтін суреттер немесе пиктограммалар;
- интербелсенді тақта (эмоция бейнелерін көрсетуге арналған);
- музыка немесе дыбыс сүйемелі (эмоциялық фон үшін).

Ойын барысы:

1) мұғалім әр білім алушыға 1-5 сандары бар карточкаларды таратады.

Тақтада эмоция түрлері ілінеді немесе бейнелер көрсетіледі (қуаныш 😊, реніш ☹️, қорқыныш 😱, ашу 😡, тыныштық 😌).

Әр эмоция белгілі бір санмен сәйкестендіріліп таныстырылады (мысалы: 1 – қуаныш, 2 – реніш, 3 – ашу, 4 – қорқыныш, 5 – тыныштық).

2) мұғалім әртүрлі эмоцияларды атап шығады (мысалы, «қуаныш», «реніш», «ашу»).

Білім алушылар сол эмоцияға сәйкес сан карточкасын көтереді.

Мұғалім әр жауаптан кейін қысқаша талдау жасайды:

- «Қуаныш – 1 саны, неге қуаныш бірінші орында?»
- «Реніш кезінде не істеу керек?»

Білім алушылар өз пікірін білдіріп, сезімге байланысты әңгімелеседі.

Қорытынды:

- «Қай эмоцияны жиі сезінесіңдер?» – деп сұрайды.

Білім алушылар өз сезімдерімен бөліседі, сан арқылы сипаттайды.

- «Қазір өзінді қай санмен сипаттайсың?» әдісімен сабақ соңындағы көңіл-күйді анықтайды

2. «Сан және сезім» ойыны

Мақсаты: эмоцияны санмен және салыстыру ұғымдарымен (үлкен-кіші, биік-аласа, ұзын-қысқа) байланыстырып, білім алушылардың өз сезімін тану, реттеу және бейнелеу дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- эмоция түрлерін ажыратуға үйрету;
- эмоцияны сандық және қимылдық формада көрсетуге баулу;

- математикалық ұғымдарды өмірлік жағдайлармен байланыстыру (үлкен–кіші, биік–аласа, ұзын–қысқа).

Ресурстар:

- сан карточкалары (1-5), эмоция суреттері, смайликтер, әуен, кең алаң, интербелсенді тақта.

Ойын барысы:

Мұғалім әртүрлі эмоцияларды атайды: қуаныш, реніш, таңдану, сабыр, мақтаныш.

Әр эмоция белгілі бір сан және қимылмен бейнеленеді:

- 1 – сабыр → тыныш тұру (аласа күйде);
- 2 – реніш → иығын сілку (қысқа қимыл);
- 3 – таңдану → қолын көтеру (орташа биіктік);
- 4 – қуаныш → секіру (биік қимыл);
- 5 – мақтаныш → кеудесін тік ұстап, қолын жоғары созу (ең биік).

Сұрақтар :

- Қай сезім үлкен, қайсысы кіші?

- Қай эмоция ұзын, қайсысы қысқа қимылмен көрсетіледі?

Ойын соңында білім алушылар өз эмоцияларын 1–5 шкаласы бойынша бағалайды және «Қай сезімді жиі сезінемін?» деген сұраққа жауап береді.

1-сана – САБЫР

Қимыл: тыныш тұру, терең тыныс алу

Сипат: аласа, тыныш, жеңіл

Математикалық байланыс: кіші, қысқа

Сезім түсі: көк

2-сана – РЕНІШ

Қимыл: иығын сілку, басын төмен ұстау

Сипат: бәсең, тұнжырау

Математикалық байланыс: аласа, кіші

Сезім түсі: сұр

3-сана – ТАҢДАНУ

Қимыл: қолын жай көтеру

Сипат: орташа, белсенді

Математикалық байланыс: орташа биіктік

Сезім түсі: сары

4-сана – ҚУАНЫШ

Қимыл: секіру, қол шапалақтау

Сипат: биік, белсенді

Математикалық байланыс: үлкен, биік, ұзын

Сезім түсі: жасыл

5-сана – МАҚТАНЫШ

Қимыл: кеудесін тік ұстап, қолын жоғары көтеру

Сипат: ең биік, нық, сенімді

Математикалық байланыс: ең үлкен, ең ұзын, ең биік

Сезім түсі: алтын

Қолдану тәсілі:

- әр білім алушыға карточкалар таратылады.

Мұғалім эмоцияны атайды → білім алушылар сәйкес сан мен қимылды көрсетеді.

Талқылау кезінде түс пен биіктік ұғымдары пайдаланылады.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- сабақты баяу қарқында жүргізіп, білім алушылардың бастамаларын қолдау;

- эмоциялық жайлылық пен сенімді орта құру;

- қимылды әрекеттер арқылы эмоция мен математикалық ұғымдарды байланыстыру;

- психологтың қатысуымен тыныс алу және релаксация жаттығуын енгізу;

- әр эмоцияны «үлкен–кіші» ұғымымен байланыстырып, өмірмен мысал келтіру.

*Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу
барысында Астана қаласы әкімдігінің Фариза
Оңғарсынова атындағы № 77 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі Кабдыляшимова Гаухар
Саимбековна іс-тәжірибесінен*

Пәні: вариативтік курс

Интеграция: «Дүниетану» пәнімен

Сынып: 1

Сабақ ұзақтығы: 40 минут

Сабақ тақырыбы: 6-сабақ «Бірлік пен ынтымақ- біздің күшіміз»

Негізгі мазмұны: өзара көмек пен ынтымақтың маңызын түсіну. Бірлесіп жұмыс істей арқылы ортақ нәтижеге қол жеткізуді үйрену; өз әрекетінің айналасындағыларға әсерін түсіну.

Құндылық бағыты: ынтымақтастық, мейірімділік

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары, эмоцияны басқару жаттығулары (мейірімділік, қуану, қорқу).


Сабақ мақсаты: білім алушыларға «бірлік», және «ынтымақ» ұғымдарының мәнін түсіндіру; топпен жұмыс істеу арқылы бірліктің маңызын сезіндіру; достыққа, сыйластыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер: «Бірлік», «ынтымақтастық» сөздерінің мағынасын түсінеді; топта, жұпта бірігіп әрекет етеді; бір-біріне көмектесуді, сыйлауды үйренеді; өз ой-пікірін айтуды үйренеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау
1.Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)	Сәлемдесу. «Шаттық шеңбері» – балалар қол ұстасып, кезекпен	Бір-біріне күлімдеп қарап, жылы тілектер айтады	эмоциялық көңіл күйді қалыптастыру («Көңіл-күй	«Көңіл-күй смайлигі»

	жақсы тілектер айту сұралады		түстері» ойыны)	
2. Білімді өзектендіру (5 мин)	Миға шабуыл: Мұғалім бірнеше суреттерді көрсетеді: - бірге ойнап жүрген білім алушылар; - дастархан басында; - бірге ту көтерген спортшылар Сұрақтар : - Балалар, суреттен нені көріп тұрмыз? - Олар неге бірге ойнап жүр? - Бірге ойнаған, бірлесіп жүргеннің несі жақсы?	Көрсетілген суреттер бойынша өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді	қолдау қажет ететін білім алушыларға көмектеседі	ауызша мадақтау
3. Негізгі бөлім (25 мин)	Мұғалімнің түсіндіруі: «Бірлік дегеніміз – адамдардың татулықта, достықта өмір сүруі. Ынтымақ болса – бір-біріне көмектесу, қолдау көрсету». Бейнеролик (немесе суреттер): Қазақ халқының бірлік туралы мақалдары: «Бірлік болмай тірлік болмас.» «Татулық – елге тыныштық». Балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылау. <i>Топтық жұмыс</i> Ойын: «Бірлікте біз күшпіз!» Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырма беріледі: 1. Бірінші топ – сурет арқылы бірлікті бейнелейді.	Бейнероликті тамашалайды. Мұғалімнің көмегімен мақал-мәтел жаттайды Топтық жұмысқа қатысады	жеке білім алушыларға қолдау көрсетеді	«Шарлар» әдісі 

	2. Екінші топ – бірлік туралы мақал жазады. 3. Үшінші топ – бірлік туралы қысқаша әңгіме құрастырады. Талқылау: әр топ өз жұмысын таныстырады			
4. Рефлексия және қорытынды (5 мин)	«Көңіл-күй смайликтері» арқылы бағалау. Қорытынды сөз: - Бірлік пен ынтымақ - біздің күшіміз. Бір - бірімізге мейірімді болайық!	Смайлик таңдап, өз көңіл-күйін білдіреді		Менің көңіл - күйім... 

Ойындар мен әдістерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

1) Миға шабуыл. «Бірге ойнап жүрген оқушылар», «Дастархан басында», «Бірге ту көтерген спортшылар» тақырыбында суреттер арқылы әңгіме жүргізу жұмысын жүргізудегі қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ұсыныстар.

Мақсаты: білім алушылардың бірлік, достық, ынтымақ туралы түсініктерін қалыптастыру; сурет арқылы ойлану, салыстыру және талқылау дағдыларын дамыту; білім алушыларды өз ойын еркін айтуға, пікір білдіруге дағдыландыру; құндылық бағытында (достық, өзара құрмет, жауапкершілік) тәрбиелеу.

Міндеттері: бірлік пен ынтымақтың маңызын мысал арқылы түсіндіру; суреттер арқылы балалардың байқағыштығын, байланыстырып сөйлеуін дамыту; бірлесіп әрекет етудің артықшылықтарын түсінуге жетелеу; білім алушыларды бір-бірін тыңдауға және өзара келісімге шақыру.

Жұмысты жүргізу әдістері:

Әдіс түрі: «Миға шабуыл», «Сұрақ-жауап», «Топтық талқылау»

Форматы: Топтық жұмыс



Балалар, суреттен нені көріп тұрмыз?



Олар неге бірге ойнап жүр?



Бірге ойнаған, бірлесіп жүргеннің несі жақсы?

Жүргізу кезеңдері:

1) Кіріспе (1–2 минут)

Мұғалім жылы әңгімемен бастайды:

- Балалар, сендер достарыңмен бірге не істегенді жақсы көресіңдер?

- Бүгін біз бірге болудың, бірлікте өмір сүрудің неге маңызды екенін білетін боламыз.

2) Суреттер көрсету (3 сурет)

Мұғалім тақтадан немесе слайд арқылы суреттерді көрсетеді:

- бірге ойнап жүрген білім алушылар;

- дастархан басындағы адамдар;
- бірге ту көтеріп тұрған спортшылар.

3) Сұрақтар арқылы талқылау

Мұғалім бағыттаушы сұрақтар қояды:

- Балалар, суреттен нені көріп тұрмыз?
- Олар неге бірге ойнап жүр?
- Бірге жүргеннің несі жақсы деп ойлайсыңдар?

Күтілетін жауаптар:

- Олар достар;
- Бірге ойнау қызық;
- Бірге болғанда бәрі жеңіл болады;
- Достық пен бірлік – күш.

4) Қорытындылау (1-2 минут)

Мұғалім:

Дұрыс айтасыңдар, балалар. Бірлік бар жерде береке бар.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – *«Бірлік пен ынтымақ – біздің күшіміз»*.

«Бірлікте біз күшпіз» топтық жұмысын жүргізудегі әдістер мен ұсыныстар:

Мақсаты: білім алушыларға бірлік, достық, өзара көмек, ынтымақ ұғымдарын түсіндіру; бірлесе жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру; топтық рух пен өзара қолдаудың маңызын сезіндіру.

Міндеттері: топпен жұмыс барысында пікір алмасу, тыңдау, келісімге келу дағдыларын дамыту; бірлескен әрекеттің нәтижесіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; топ ішінде өзара құрмет, түсіністік, қолдау сезімін қалыптастыру.

Мұғалім әр топтың нақты тапсырмасын айтады:

- Бірінші топ – сурет арқылы бірлікті бейнелейді;
- Екінші топ – бірлік туралы мақал жазады;
- Үшінші топ – бірлік туралы қысқаша әңгіме құрастырады.

Топтардың жұмысын бақылайды, бағыттайды, қолдау сөздер («Жарайсыңдар!», «Тамаша ой!») айтады.

Әр топқа өз жұмысын сынып алдында таныстыруға мүмкіндік береді. Сабақ соңында мұғалім барлық топты мадақтап, қорытынды сұрақтар қояды:

- Бірлікте болу несімен жақсы?
- Топта жұмыс істеу саған не ұнады?

Мұғалімге әдістемелік ұсыныстар:

Топ құрамын аралас таңдау: белсенді және ұялшақ білім алушылар теңдей болсын.

1. Әр топқа уақыт шектеуі (мысалы, 7–8 минут) қою, ұйымшылдықты арттырады.

2. Мадақтау сөздерді *«Керемет ой!», «Бірлігі мықты топ екенсіңдер!», «Ынтымақтарың көрініп тұр!»* жиі қолдану.

3. Топтық ереже жасау: тыңдау, көмектесу, құрметтеу, ортақ шешімге келу.

4. Бағалау критерийлері: тапсырма мазмұнына сай болу; топтық жұмысқа белсенді қатысу, шығармашылық пен бірлік көрсетеді.

Ресурстар: түрлі түсті қағаз, фломастер, қарындаштар; стикерлер, желім, қайшы; маркерлер және сурет салу құралдары, ватман; музыка (жұмыс кезінде жайлы көңіл күй тудыру үшін).

Пәні: вариативтік курс (дүниетану пәнімен кіріктірілген)

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы: 40 мин

Тақырыбы: 7-сабақ «Еңбек ету-ерлік»

Негізгі мазмұны: қарапайым еңбек әрекеттерінің маңызын ұғыну

Құндылық бағыты: еңбекқорлық, адалдық


Психологтың қатысуы: эмоцияны басқаруға байланысты жаттығулар, ойындар жүргізу

Сабақ мақсаты: білім алушыларға еңбек етудің мәні мен маңызын түсіндіру; еңбекқор болуға, еңбекті құрметтеуге, ата-ана мен мұғалім еңбегін бағалауға тәрбиелеу; байқағыштық, ойлау және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтижелер: **біледі:** еңбек түрлерін (үйдегі, мектептегі, қоғамдық) ажырата алады; **түсінеді:** еңбек етудің адам өміріндегі ролін; **қолданады:** өз еңбегі мен басқалардың еңбегін құрметтейді. Күнделікті өмірде еңбекқор болуға тырысады.

Сабақ барысы

Кезеңдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
1. Ұйымдас тыру (5 мин.)	«Шаттық шеңбері» Қайырлы таң, балалар! Күн нұрлы болсын, Еңбегіміз жемісті болсын!	Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне сәттілік тілеп, жақсы тілектер айтады	сабақта жағымды психологиялы қ ахуал орнатады	қатысу белсенділігі
2. Білімді өзектендір у (5 мин)	Қызығушылықты ояту: «Күзгі бақтағы еңбек» бейне материал көрсету. Фон музыка: «Күз» Вивальди	Суретке қарап әңгімелейді, өз ойын айтады	еңбек етудің көңіл-күйге әсері қандай?	қолды соғу арқылы өз көңіл-күйін білдіру
3. Негізгі бөлім (25 мин)	«Еңбекқор құмырсқа» мультфильмін көрсетуде «Кішкентай көрермен» әдісін пайдалану - Балалар, қазір сендер кішкентай көрермен боласыңдар. Менімен бірге мультфильм тамашалайық! Сұрақтар: - Ертегінің басты кейіпкері кім? - Оның қандай қасиеті саған ұнады?	Мультфильмді тамашалайды, қойылған сұрақтарға жауап береді	өз ойын жеткізуде қиналған оқушыларға қолдау көрсету	«Гүлдер» әдісі 

	- Еңбектенудің арқасында ол қандай нәтижеге жетті?			
4. «Менің таңдауым» жұптық ойын	 Берілген суреттерден өзіңе ұнаған еңбек құралдарын қоршап сыз, ауызша түсіндіріп көр	Жұптаса отырып, өзіңе ұнаған 2 суретті қоршап сызады, ол құралдың не үшін қажеттігі бар екенін бір-біріне айтады	Түрлі-түсті стикерлер арқылы өз көңіл-күйін көрсетеді	«Досыңды бағала» Өз досының жауабын бағалауда адалдық танытады
5. Рефлексия (5 мин.)	 Өзіңнің көңіл-күйіңе байланысты гүлді аяқтап боя. Қызыл түс - көңіл күйім керемет, мен сабақты түсіндім Сары түс- көңіл күйім орташа, сұрақтарым бар Ашық көк түс- көңіл-күйім жок, сабақты түсінбедім	Түсті таңдап бояйды, себебін түсіндіреді	«Жылы сөздер гірі» ойыны: әр бала бір-біріне комплимент айтады	өзін-өзі бағалау: «Мен тапсырман ы толық орындай алдым, себебі...»

Жұмысты жүргізу бойынша әдістер мен ұсыныстар

Мақсаты: білім алушыларды күз мезгілінде атқарылатын еңбек көріністерін байқауға үйрету.

Міндеттері: білім алушылардың сөйлеу және бейнелеу дағдыларын дамыту; топта ынтымақтаса жұмыс істеуге баулу.

Қызығушылықты ояту.

Мұғалім «Күзгі бақтағы еңбек» туралы бейнеролик көрсетеді.

Сұрақтар:

- Балалар, суреттен нені көріп тұрмыз?
- Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Сенің ойыңша, күзде барлық жемістер пісе ме?
- Адамдар не істеп жүр?
- Күзгі бақтағы еңбекке қатысып көрдің бе?

🎵 Фондық музыка: «Күз» (Вивальди) немесе тыныш әуен қосуға болады.

«Еңбекқор құмырсқа» мультфильмін «Кішкентай көрермен» әдісі арқылы жүргізудегі әдістер мен ұсыныстар [16].

Мақсаты: білім алушылардың еңбек, жауапкершілік, бірлік туралы түсініктерін кеңейту; білім алушылар бойында еңбекқорлық пен табандылық қасиеттерін қалыптастыру; көрген бейнеге өз көзқарасын білдіруге, ойын еркін айтуға үйрету.

Міндеттері: білім алушылардың көру, тыңдау және талдау қабілеттерін дамыту; мультфильм кейіпкерлерінің әрекеттерін салыстыру арқылы жақсы мен жаман іс-әрекетті ажыратуға үйрету; білім алушыларға еңбектің қадірін сезіндіру, еңбек етуге қызығушылық ояту.

Мультфильмді тамашалау (5–7 минут): мұғалім мультфильмді қосады. Білім алушылар үнсіз қарап, мұғалімнің нұсқауы бойынша белгілі тұстарда кідіріс жасалып, шағын сұрақтар қойылады:

- құмырсқа не істеп жүр?
- ол неге осылай әрекет етті?
- құмырсқаның қандай қасиетін байқадың?
- еңбекқор болу үшін қандай болу керек?
- сендер өздеріңді еңбекқормыз деп атай аласыңдар ма?

Бұл тәсіл балаларды белсенді көруге және ойлануға жетелейді.

«Бір сөзбен айт» әдісі – әр бала мультфильмнен алған әсерін бір сөзбен жеткізеді:

«Құмырсқа – еңбекқор», «Еңбек – қуаныш», «Ол көп жұмыс істейді» т.б.

Қорытынды және рефлексия:

«Смайлик» әдісі:

😊 – маған ұнады, пайдалы болды;

😐 – аздап түсінбедім;

😞 – қиын болды, бірақ қызықты.

Мұғалім қорытындылайды:

«Құмырсқа секілді еңбекқор болсақ, бәріне жетеміз. Еңбек ету – ерлік, ал жалқаулық – кемшілік».

Мұғалімге берілетін ұсыныстар:

- мультфильм ұзақтығы 5–7 минуттан аспауы керек (баланың назарын сақтау үшін);
- көру кезінде 2–3 рет кідіріс жасап, сұрақ қою тиімді;
- мультфильмді жай ғана көрумен шектелмей, әрекетке айналдыру.

«Менің таңдауым» жұптық ойынын жүргізудегі ұсынымдар:

Ойынның мақсаты: білім алушылардың еңбек құралдарын тану, олардың қызметін түсіну және мақсатына сай таңдай білу дағдыларын қалыптастыру; білім алушыны ойлануға, талдауға және шешім қабылдауға үйрету; өз таңдауын дәлелдеп айтуға дағдыландыру.

Міндеттері: білім алушыларға еңбек түріне байланысты құрал-саймандардың атын, қызметін үйрету; берілген тапсырмаға сай тиімді құралды таңдау қабілетін дамыту.

Мұғалім әр партаға еңбек құралдары бар суреттерді қояды:

- Балалар, бұлардың барлығы не үшін қажет? Өзіңе ұнаған екі суретті қоршап сыз, неге оны таңдағаныңды түсіндіріп көр. Сұрақтар:

Еңбек кезінде неге дұрыс құрал таңдау маңызды:

- Бақшада жұмыс істеу үшін не таңдайсың?
- Сыныпты тазалау үшін қандай құрал қажет?
- Гүл отырғызу үшін не керек?

Балалар өз таңдауларын жасайды: жұптаса отырып, сурет арқылы қажетті құралды таңдап алады. Әр білім алушы өз таңдауының себебін айтады:

- «Мен күректі таңдадым, себебі бақта топырақ қазу үшін қажет»;
- «Мен шелек алдым, себебі гүлге су құямын».

Мұғалімге ұсыныстар:

- еңбек құралдарын нақты немесе сурет түрінде көрсету (көру арқылы тану маңызды);

- әр баланың жауабын қолдап, толықтыруға мүмкіндік беру;
- қате жауаптарды түзетпей, бағыттау сұрақ қою арқылы ойлануға жетелеу;
- топтық немесе жұптық формада (пікір алмасу арқылы ой дамиды) өткізу тиімді.

Ресурстар: сюжетті суреттер; бейнероликтер, мультфильм; бояу қарындаштар; сурет жапсырылған карточкалар.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- білім алушыларға бір-бірін құрметтеп, жылы сөз айтуға және пікірлерін бөлісуге мүмкіндік беру;

- мультфильмдер, бейне материалдар көргенде зейінін шоғырландыруға жағдай жасау;

- жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жүргізуде айналасындағыларға адал болу, басқаның пікіріне құлақ асу сияқты қасиеттерді сабақтың барысында естеріне салып отыру.

Пәні: вариативтік курс (математика пәнімен кіріктірілген)

Сыныбы: 1

Сабақ ұзақтығы: 40 мин

Тақырыбы: 8-сабақ «Мен және менің отбасым»

Негізгі мазмұны: отбасы құндылықтары. Ата - ананы құрметтеу, сыйлау.

Құндылық бағыты: құрмет, жауапкершілік

Психологтың қатысуы: релаксация сессиясы

Сабақ мақсаты: білім алушыларға өздерінің отбасы туралы айтуға үйрету; отбасылық құндылықтарды түсіндіріп, балаларға жақындарына деген сүйіспеншілікті арттыру; тілдік дағдыларды дамытып, сөздік қорды байыту.



Күтілетін нәтижелер: **білу:** білім алушылар «отбасы», «әке», «ана», «әже», «ата», «аға», «әпке», «қарындас» т.б. сөздерінің мағынасын түсінеді;

түсіну: өз отбасы мүшелерін атай алады және олардың рөлін сипаттай алады;

қолдану: өз отбасы туралы қарапайым сөйлемдер құрай алады. Отбасына деген құрмет пен сүйіспеншілігін көрсетеді.

Сабақ барысы

Кезең	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың рөлі	Бағалау түрі
1. Ұйымдастыру (5 мин)	Сәлемдесу. Атам беріп батасын, «Ботам» дейді: - Аман бол! «Отаным» деп, «Жерім» деп, Елін сүйер адам бол!	Өлеңді дауыстап жатқа айтады	сабақта жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру	қатысу белсенділігі, көңіл-күйді көрсету

	Ж.Ысқақова			
2. Білімді өзектендіру (10 мин)	Қызығушылықты ояту және тақырыпты ашу жұмысы. «Отбасылық сөзжұмбақ» мақсатында әр топқа бес тапсырмадан тұратын отбасындағы туыстық атаулары бар сөзжұмбақ беріледі. Мұғалімнің түсіндіруі	Сөзжұмбақты шешу тапсырмасын орындайды Топтық жұмысқа қатысады	белсенділігі төмен білім алушыға жеке қолдау көрсетіледі	«Асықтар» әдісі Әр дұрыс жауапқа бір асықтан беріліп отырады. 
3. Негізгі бөлім (20 мин)	Ойын «Мозаика»: білім алушыларға суреттер қиықтары беріледі, әрбір қиықта отбасы мүшесінің аттары жазылған. Білім алушылар қиықтарды жинап, отбасының суретін жасайды. Мұғалім балалардан әрбір отбасы мүшесі туралы сұрайды	Мозаика құрастырады. Отбасының атын оқып, суретті қажетті орынға жапсырады.	белсенділігі төмен білім алушыға жекелеме қолдау көрсетіледі	«Қарындаштар» әдісі 
	Рөлдік ойын: білім алушылар өздерінің отбасыларын көрсете отырып, рөлдермен ойнайды. Мысалы, бір бала «әке», екіншісі «шеше», тағы біреуі «аға» рөлін ойнап, өз рөлін көрсету керек	Рөлдік ойынға қатысады, берілген рөлді сомдайды	құрмет көрсету, сыйластық сезімдерінің болуын қадағалау	«Жұлдызшалар» әдісі 
4. Рефлексия (10 мин)	 «Данышпан үкі» кері байланысы арқылы сабаққа кері байланыс жасау	«Сабақ ұнады», «Сұрағым бар», «Мен түсінбедім» деген үкінің біреуін таңдайды, кері байланыс жасайды	өзін-өзі бағалаудағы сенімділікті арттыру	өзін-өзі бағалау.

Ойындарды өткізу бойынша ұсыныстар

1. «Отбасылық сөзжұмбақ» жұмысын жүргізудің әдістемесі мен ұсынымдары:

Мақсаты: білім алушылардың отбасы мүшелерінің атауларын білу және дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру; топпен жұмыс істеу арқылы бірлесіп ойлануға, жауапкершілікке үйрету; білім алушылардың сөздік қорын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері: білім алушылардың туыстық атауларды дұрыс тануына және жаза алуына жағдай жасау; білім алушылардың есте сақтау, салыстыру және ойлау қабілеттерін жетілдіру; топтық жұмыс барысында өзара ынтымақтастық пен қарым-қатынас мәдениетін дамыту.

1. Сөзжұмбаққа үлгі сұрақтар:

1) Мені дүниеге әкелген адам → Ана

2) Әкемнің анасы → Әже;

3) Анамның әкесі → Ата;

4) Менен үлкен ұл → Аға;

5) Менен кіші қыз → Қарындас.

Дайындық кезеңі:

- мұғалім алдын ала 3-4 топқа арналған 5 сұрақтан тұратын сөзжұмбақ дайындайды;

- сұрақтар жеңіл, 1-сынып білім алушыларына түсінікті болуы керек (мысалы, «Мені дүниеге әкелген адам» – «ана»);

- сөзжұмбақта мынадай сөздер қамтылуы мүмкін: ана, әке, ата, әже, аға, әпке, іні, қарындас;

2. Нұсқаулық беру:

- мұғалім білім алушыларға тапсырманың қалай орындалатынын түсіндіреді;

- әр топқа сөзжұмбақ таратылады;

- топ мүшелері бірлесіп, сұрақтарға жауап жазады.

2. «Мозаика» ойынын ұйымдастыруға арналған әдістер мен ұсынымдар

Мақсаты: білім алушылардың отбасы мүшелерін тану және атау дағдыларын дамыту; білім алушыларды бірлесіп жұмыс істеуге, тыңдауға және пікір алмасуға үйрету.

Міндеттері: туыстық атауларды дұрыс танып, білім алушылардың сөздік қорын кеңейту; білім алушыларды ұжымдық жұмысқа, ынтымақтастыққа үйрету; отбасы ұғымының маңыздылығын ұғындыру.

1. Дайындық кезеңі:

- мұғалім мозаика элементтерін (қалың қағаз немесе картоннан) дайындайды;

- әр бөлікте отбасы мүшелерінің суреті және астында аты жазылады (мысалы: Ана, Әке, Әже, Ата, Аға, Әпке, Қарындас, т.б.);

- суреттер бөлек қиылып, араластырылады;

- әр топқа (немесе жұпқа) бір «отбасы жиынтығы» беріледі.

2. Нұсқаулық беру:

- Мұғалім тапсырманы түсіндіреді:

→ «Мына қиылған бөліктер» – бір отбасының мүшелері;

→ Сендер осы бөліктерді тауып, дұрыс орналастырып, отбасын құрастырасыңдар;

→ Отбасы мүшелерінің аттарын да дұрыс оқып, атау керек.

3. Орындату:

- білім алушылар топпен (немесе жұппен) қиылған бөліктерді біріктіріп, отбасын құрайды;

- әр топ отбасындағы мүшелерді атап шығады. Қажет болса, рөлдік айту қосылады (мысалы: «Бұл – ана», «Бұл – әке»);

Ұсынымдар (ұйымдастыру бойынша):

- мозаика элементтері тым ұсақ болмауы керек, 1-сынып білім алушыларына ыңғайлы көлемде болуы маңызды;

- ойын алдында мысал ретінде бір отбасын мұғалім өзі құрап көрсетсе, балаларға түсінікті болады.

Тапсырманы күрделендіру үшін:

- атауларды жазусыз тек сурет беру;

- артық суреттер қосып, балалардың дұрыс таңдағанын қадағалау.

3. «Рөлдік ойын» ойынын жүргізудің әдістері мен ұсынымдары:

Мақсаты:

- білім алушылардың отбасындағы рөлдерді түсінуін және оларды дұрыс сипаттай алуын қамтамасыз ету;

- сөйлеу дағдысын, шығармашылық қабілетін дамыту;

- отбасы құндылықтарына деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін ояту.

Міндеттері:

- отбасы мүшелерінің рөлдерін ажырата білу және оларды ауызша сипаттау;

- рөлдік ойын арқылы бала тілін дамыту, ойын еркін жеткізуіне жағдай жасау.

Әр топ немесе шағын жұп сахнаға шығып, өз рөлін ойнайды.

Мысалы: «Әке» жұмысқа барады, «Ана» тамақ дайындайды, «Әже» ертегі айтып отырады, «Аға» інісіне көмектеседі және т.б. Ойын барысында балалар өз рөлдерін қарапайым сөйлемдермен сипаттап айтуға тырысады.

- «Мен – әкемін. Мен таңертең жұмысқа барамын»;

- «Мен – анамын. Мен балаларға қамқор боламын».

Ұсынымдар:

- 1-сынып білім алушыларына рөлдер қарапайым болуы тиіс. Ұзақ сценарий емес, қысқа сөйлемдер жеткілікті;

- ойынды нақты отбасылық көрініс түрінде ұйымдастыруға болады (мысалы, таңертеңгі уақыт, кешкі ас, демалыс уақыты);

- рөлдерді еркін таңдау мүмкіндігін беру, баланың қызығушылығын арттырады;

- ұялшақ білім алушыларға жұптық рөл беру пайдалы (мысалы, бірге ана мен бала рөлі);
- уақытты тиімді пайдалану үшін 2–3 топ қана сахнаға шыға алады.

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- сабақ тақырыбына сәйкес, отбасы мүшелерін, туыстық атауларды атау кезінде білім алушыларға жылылық, мейірімділік сыйлау, құрмет көрсету;
- эмоциялық жайлы, әрі сенімді орта құру;
- ойын ойнау мен тапсырмалар орындау барысында бір- біріне деген құрметтерін арттыру, жауапкершілікті сезіндіру;
- психолог маманының кеңестерін орындау.

Пәні: вариативтік курс («Әліппе» пәнімен кіріктірілген)

Сынып: 1

Сабақ ұзақтығы: 40 мин

Сабақ тақырыбы: 9-сабақ «Мен елімді сүйемін»

Негізгі мазмұны: білім алушылар туған ел, Отан, рәміздер туралы әңгімелеседі; психологтың патриоттық мотивациялық әңгімесін тыңдайды; «Е» дыбысы бар сөздерді оқиды және айтады (ел, емен, ерлік, еңбек); топтық және жеке жұмыстар арқылы елге деген сүйіспеншілік сезімін білдіреді.

Құндылық бағыты: отаншылдық

Психологтың қатысуы: психологтың патриоттық мотивация әңгімесі

Сабақ мақсаты: білім алушыларға Отан, ел, туған жер ұғымдарының мағынасын түсіндіру; еліне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін қалыптастыру; әліппе пәнімен кіріктіре отырып, «Отан», «елім», «жерім» сөздерімен байланысты дыбыстар мен әріптерді дұрыс айту, оқу және жазуға дағдыландыру; патриоттық сезімді дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмаларға белсенді қатысу.

Күтілетін нәтижелер: «Отан», «елім», «туған жерім» сөздерінің мәнін түсінеді; өз елі, туы, елтаңбасы туралы қарапайым сөйлемдермен айтады; патриоттық сезім, өз еліне деген құрмет, мақтаныш сезімі қалыптасады; «Е» дыбысын (мысалы: ел, емен, ерлік) танып, буынға бөліп, оқу және жазу машығын дамытады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың әрекеті	Бағалау
1. Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	Білім алушылармен сәлемдеседі, көңіл-күйін анықтау («Көңіл-күй смайликтері» әдісі). - Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау	сәлемдеседі, өз көңіл күйін смайлик арқылы көрсетеді	білім алушылардың көңіл-күйін бақылап, жылы сөздермен сабаққа бейімдейді	ауызша мадақтау, қол шапалақтау

2. Психологиялық мотивация (7 мин)	Психологқа сөз беру	тыңдайды, пікір білдіреді	«Менің Отаным – менің мақтанышым» тақырыбында қысқа мотивациялық әңгіме айтады. - «Жүрегімнің жылуы» жаттығуын өткізеді (білім алушылар жүрек пішініндегі қағазға туған жері туралы жылы сөз жазады не айтады)	қолдау, жылы пікір айту
3. Негізгі бөлім (25 мин)	1) «Ойлан –Бөліс» әдісі «Отан», «Елім», «Туған жерім» ұғымдарын түсіндіреді 2) «Суретпен сөйлейік» әдісі Суреттер көрсетіп, талдау жасату. 3) «Дыбыс ағашы» ойыны «Е» дыбысын таныстырады, мысал сөздерді оқыту (ел, емен, ерлік, еңбек). 4) «Мен елімді сүйемін» шығармашылық ойыны «Мен елімді сүйемін» тақырыбында сурет салу немесе сөйлем құрау	Сұрақтарға жауап береді. Сөздерді оқиды, айтады.- Топта сурет салады немесе сөйлем құрастырады.	топтардың жұмыс барысын бақылайды. Позитивті эмоцияны дамытуға бағытталған қолдау көрсетеді.	бағалау критерийі бойынша: - тапсырманы орындауға белсенді қатысу - сөздерді дұрыс айту, оқу - сурет арқылы ойын жеткізу Бағалау түрі: «Жұлдызша» әдісі
4. Сергіту сәті (3 мин)	«Отан туралы ән» әуенімен қимыл қозғалыс жаттығуын жүргізу	Әнмен бірге қимыл жасайды	білім алушыларды белсенділікке ынталандырады	қуаныш белгілерімен бағалау
5. Рефлексия (4 мин)	- «Бүгін мен не білдім?» сұрағын қою.- «Жүрегімде елім бар» әдісімен кері байланыс алу	Өз әсерін, алған әсерін айтады немесе стикерге жазады	сабақты қорытындылап, балалардың эмоционалды күйін талдайды	«Күн – бұлт – жаңбыр» әдісі (көңіл-күйді бағалау).

Ойындар мен әдістер өткізу бойынша ұсыныстар

1. «Ойлан-бөліс» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың Отан, туған жер, ел туралы бастапқы түсініктерін анықтау; өз ойын еркін, қысқа сөйлеммен жеткізе білуге үйрету; сөйлеу, тыңдау және пікір алмасу дағдыларын дамыту; тақырыпқа эмоционалды тұрғыдан қызығушылық ояту.

Міндеттері: білім алушыларды ойлануға және өз пікірін айтуға ынталандыру; топтық тыңдау мәдениетін қалыптастыру; әр баланың өз елін мақтан тұту сезімін дамыту; О, Е дыбыстары бар сөздерді айту.

Ойын барысы:

Мұғалім сұрақ қояды:

- Отан деген не?
- Сен өз еліңді қалай жақсы көресің?
- Білім алушыларға ойлануға уақыт береді.

Мұғалім: «Енді өз ойыңды көршіңмен бөліс».

- Жұптар бір-бірінің пікірін тыңдайды.

Ресурстар: интербелсенді тақта немесе плакат; Қазақстанның туы, елтаңбасы, табиғатының суреттері; стикерлер немесе карточкалар; «Отан» сөзі жазылған тақырыптық бұлтша немесе плакат (тақырып аясында).

2. «Суретпен сөйлейік» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың көрнекілік арқылы ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту; еліне, туған жеріне деген жылы сезім мен мақтаныш сезімін қалыптастыру; Отан, ел, туған жер ұғымдарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру.

Міндеттері: сурет арқылы зат пен ұғымды байланыстыру дағдысын дамыту; патриоттық сезімге тәрбиелеу; білім алушылардың сөздік қорын байыту; «Е» дыбысы бар сөздерді айтуға ынталандыру.

Ойын барысы:

Мұғалім тақтаға суреттер іледі (Ту, Елтаңба, Бәйтерек, тау, өзен, ауыл).

- Бұл сурет нені білдіреді?
- Бұл біздің еліміз үшін қандай маңызы бар?

Мұғалім тапсырма береді: «Суретке қарап, бір сөйлем айт».

Мұғалім суреттерді жинақтап, «Бұлар – біздің еліміздің байлығы» деп түйіндейді.

Ресурстар: Қазақстан рәміздерінің суреттері (Ту, Елтаңба, Өнұран); Астана, ауыл, табиғат көріністері; интербелсенді тақта немесе плакат; стикерлер (балалар суретке пікірін жазып жапсырады).

3. «Дыбыс ағашы» ойыны

Мақсаты: «Е» дыбысын танып, дұрыс айтуға және оқу-жазуға үйрету; «Е» дыбысы бар патриоттық мәні бар сөздерді есте сақтауға ықпал ету; сөздік қорды және дыбыс-әріп байланысын дамыту.

Міндеттері: білім алушылардың дыбыстық талдау дағдыларын жетілдіру; әліппемен байланысты оқу дағдысын қалыптастыру; туған ел туралы сөздерді есте сақтап, сөйлемде қолдану.

Ойын барысы: мұғалім тақтаға ағаштың суретін салады (бос жапырақтармен).

- «Бұл – біздің Еліктілер Е дыбысы ағашымыз».

- «Кім «Е» дыбысы бар сөз айтады, сол жапырақ іледі».

Мұғалім әр айтылған сөз жазылған жапырақты ағашқа іліп отырады.

- Біздің ағашымыз қандай болды?

- «Көп сөзбен көркейіп, еліміз сияқты әдемі болды!» деп түйіндейді.

Ресурстар: плакат (ағаш суреті салынған); түрлі түсті қағаздан жасалған жапырақтар; маркерлер немесе фломастерлер; интербелсенді тақта (электронды түрде көрсетуге болады).

Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- сабақты сабырлы қарқында жүргізіп, білім алушылардың бастамаларын қолдау;

- эмоциялық жайлы атмосфера қалыптастыру;

- психологтың қатысуымен патриоттық мотивация және қолдау көрсету;

- білім алушылардың белсенділігін арттыру үшін ойын, сурет, топтық жұмысты қолдану;

- сабақты ұжымдық шығармашылықпен аяқтау, «Мен елімді сүйемін» мини-плакат жасау;

- бағалау кезінде мадақтау мен қолдауға басымдық беру.

Пәні: вариативтік курс

Интеграция: «Әліппе» пәнімен

Сынып: 1

Сабақ ұзақтығы: 40 мин

Сабақ тақырыбы: 10-сабақ «Менің жетістігім – менің мақтанышым»

Негізгі мазмұны: өз жетістігін бағалау, өзін және достарын қолдау; психологтың қатысуымен өзін-өзі тануға арналған ойын-жаттығулар орындайды; «Ж» дыбысы бар сөздерді (жұлдыз, жетістік, жақсы, жолдас) оқып, жазу және айту жаттығулары орындалады.

Құндылық бағыты: сенімділік, адалдық

Психологтың қатысуы: өзін-өзі тану жаттығулары

Сабақ мақсаты: білім алушыларға өз жетістігін бағалауға және достарын қолдауға үйрету; өз ісіне сенімді болуға, адал еңбек етуге баулу; «Ж» дыбысы бар сөздерді дұрыс оқу, жазу, айту дағдыларын дамыту; психологиялық жаттығулар арқылы өзін-өзі тануға және позитивті ойлауға жетелеу.

Күтілетін нәтижелер: өз жетістіктерін тани біледі және мақтанышпен айта алады; өз-өзіне сенім артып, достарын қолдай біледі; «Ж» дыбысы бар сөздерді (жақсы, жетістік, жолдас, жұлдыз) оқып, жазып, айта алады; топтық және шығармашылық жұмыстарда белсенділік танытады; адалдық пен еңбекқорлықтың жетістікке жеткізер жол екенін түсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Психологтың іс-әрекеті	Бағалау түрі
1. Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	«Жетістік шеңбері» ойынын ұйымдастыру: әр білім алушы өз жетістігін бір сөзбен айтады	өз жетістіктерін айтып, бір-бірін тыңдайды	«Мен өзіме сенемін!» атты мотивациялық жаттығу жүргізеді	«Бас бармақ» әдісі, ауызша мадақтау
2. Қызығушылықты ояту (5 мин)	Сұрақ қою: «Жетістік деген не?» «Сен жетістікке қалай жетесің?»	өз пікірін айтады, мысал келтіреді	«Сен өзінді мақтан тұтасың ба?» атты шағын психологиялық талқылау	ауызша мадақтау, жылы сөздер
3. Негізгі бөлім (25 мин)	- «Ж» дыбысы бар сөздерді оқыту (жұлдыз, жетістік, жақсы, жолдас). «Сөз лабиринті» Қағазға немесе тақтаға лабиринт салады, әр қиылыста әріптер бар. Балалар өз жетістіктерін білдіретін сөзге жету үшін дұрыс дыбыстар жолымен жүреді	сөздерді оқиды, жапыраққа жазады балалар өз жетістіктерін білдіретін сөзге жету үшін дұрыс дыбыстар жолымен жүреді	білім алушылардың өзін сенімді ұстауын бақылап, қолдау көрсетеді	«Смайлик» әдісі, жұлдызшамен бағалау
4. Шығармашылық жұмыс (4 мин)	«Мен нені жақсы жасай аламын?» тақырыбында сурет салу немесе сөйлем құрастыру	өз қабілетін бейнелейді немесе жазады	жұмыс барысында эмоция мен сенімділікті бақылап, қолдау көрсетеді	жұлдызшамен бағалау, өзара мадақтау
5. Рефлексия және қорытынды (3 мин)	«Жетістік жұлдызы» әдісі: әр білім алушы өз есімін жұлдызшаға жазады, тақтаға ілу	өз жетістігін атап, позитивті ой бөліседі.	«Өзімді қалай сезіндім?» эмоционалды шеңбер арқылы кері байланыс жасатады	өзін-өзі бағалау, ауызша мадақтау.

Ойындар мен әдістер өткізу бойынша ұсыныстар

1) «Жетістік бағы» ойыны

Мақсаты: білім алушылардың өз жетістігін тануына және бағалауға үйрету; достарын қолдау және бірге қуаныш сезімін бөлісу; «Ж» дыбысы бар сөздерді қолдана отырып, ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамыту.

Міндеттері: өз жетістігін бөлісу арқылы сенімділікті арттыру; топта немесе жұпта бір-бірін қолдау сезімін қалыптастыру; әліппе пәнімен кіріктіріп, «Ж» дыбысы бар сөздерді дұрыс айту және жазу.

Ойын барысы:

Мұғалім тақтағы «Жетістік бағы» ағашын іледі.



- «Жетістік», «жұлдыз», «жақсы» сияқты сөздерін қайталау;
- буынға бөліп, буын санын анықтау;
- оқу;
- Ж әрпін ауада жазу;
- таяқшамен жазу;

Ресурстар: «Жетістік ағашы» (плакатта немесе интербелсенді тақтада); түрлі-түсті жұлдызшалар немесе стикерлер; «Ж» дыбысы бар сөздердің карточкалары; қарындаш, маркер, қағаз.

2) Ойынның атауы: «Сөз лабиринті»

Мақсаты: білім алушылардың дыбыстар мен әріптерді дұрыс тану қабілетін дамыту; сөз құрастыру арқылы өз жетістіктерін көрсету және өзін-өзі бағалауға үйрету; топтық және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: әріп-дыбыс байланысын бекіту; сөздерді дұрыс құрастыру арқылы логикалық ойлауды дамыту; өз жетістіктері мен жақсы қасиеттерін сөз арқылы білдіруге мүмкіндік беру; ынтымақтастық пен шығармашылық қабілеттерді арттыру.

Қажетті ресурстар: қағаз немесе тақта; лабиринт схемасы (әр қиылыста әріптер орналасқан); қалам, маркер; білім алушыларға бағыт беру үшін шағын фигуралар немесе фишкалар.

Ойын барысы:

- мұғалім лабиринт сызбасын тақтаға немесе қағазға орналастырады. Әр қиылыста әріптер жазылады;
- лабиринттің соңында білім алушылардың жетістіктерін білдіретін сөз жазылады (мысалы: батыл, шапқыла, құмар);
- білім алушылардың лабиринттің басынан бастап, дұрыс дыбыстар мен әріптер арқылы өз жолдарын таңдайды;
- дұрыс дыбысты таңдау арқылы олар соңғы сөзге жетеді;
- әр бала өз жолын аяқтаған соң, сөзді оқып, оның мәнін түсіндіреді;
- қажет болса, білім алушылар өздерінің жолдарын салыстырып, қайсысы тезірек немесе дұрыс шыққанын талқылайды.



Сабаққа әдістемелік ұсыныстар:

- сабақты сабырлы қарқында өткізіп, білім алушылардың бастамаларын қолдау;
- эмоциялық жайлылық пен жағымды атмосфераны қамтамасыз ету;
- психологты белсенді қатыстыру: өзін-өзі тану және сенімділік жаттығуларын жүргізу;

- топтық және шығармашылық жұмыс арқылы өзін және достарын қолдауды дамыту;
- сабақты «Жетістік бағы» немесе «Сөз лабиринті» қорытындылау;
- бағалау кезінде мадақтау мен позитивті кері байланысқа басымдық беру.

*Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында
Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға
арналған мамандандырылған лицейдің қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі Жанахметова Толкын
Амангельдиновнаның іс-тәжірибесінен*

Сабақ тақырыбы: 11-сабақ «Қиындықты жеңемін»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: стрессті жеңу тәсілдері

Құндылық бағыты: сабырлылық, табандылық

Психологтың қатысуы: Антистресс-тренинг

Сабақтың мақсаттары: қиындық туған жағдайда сабыр сақтап, шешім табуға дағдылану; эмоцияны басқарады, тыныштандыру әдістерін қолданады; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін тәжірибеде көрсетеді

Күтілетін нәтижелер: «Қиындық» ұғымын түсінеді, күнделікті өмірдегі мысалдар келтіреді; сабыр мен табандылықтың маңызын қарапайым мысалдар арқылы түсіндіреді; психологиялық жаттығулар кезінде өз эмоциясын білдіру мен реттеуді үйренеді; сыныптастарымен бірлесіп әрекет етеді, позитивті ой қалыптастырады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа дайындық (2 мин)	«Сабаққа бейімделу» стратегиясы - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз сабағымызды бастаймыз. - Кімнің қазір көңіл-күйі жақсы болса, алақан соғайық - Кімнің сыныпта көп достары бар, аяқпен қадамдар басайық - Кім өзіне сенімді болса, қолын көтерсін - «Жалғыздың үні шықпас» деген мақалмен кім келіседі, партаға алақанмен соғайық - Ал енді кімнің бүгінгі сабағына көңілі	Оқушылар мұғалімнің айтқан нұсқауларын орындайды	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау	

	көтеріңкі болса, үш рет алақан соғайық!			
Мақсат қою (5 мин)	«Досыңа айтып бер» стратегиясы - Қиындық деген не? - Саған соңғы рет не қиын болды? - Сол қиындықты қалай жеңдің? - Сол кезде не көмектесті: сабырлық па, табандылық па? Бүгін сен: - Қиындықты жеңесің; - Сабырлы, табанды болуға үйренесің	Әр оқушы өз өмірінен мысал келтіріп, досына айтады; Бір-бірін тыңдайды. Мұғалімнің қолдауымен ортақ қорытынды шығарады: қиындықты жеңу үшін сабырлық пен табандылық қажет	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау	
Өткен білімді еске түсіру (10 мин)	«Қиын сәт және шешім» ойыны арқылы алдыңғы сабақтардағы білім мен тәжірибені еске түсіреді. - Балалар, өткен сабақтарда біз көңіл-күйімізді қалай басқаратынымызды үйрендік. - Ендеше, егер бірдеңе шықпай қалса, не істейсіңдер? Мысалдар келтіреді: Досың ренжіді - не істейсің? Суретің ойдағыдай шықпады - не істейсің? Тапсырма қиын болды - не істейсің? Жауаптарды тыңдап, қорытынды жасайды: Қиындықты жеңу үшін сабырлық пен табандылық керек	Өз тәжірибелерінен мысал келтіреді. Сұрақтарға жауап береді. Сабыр сақтау мен табандылықтың маңызын айтады. Бір-бірінің жауабын тыңдайды, толықтырады	«Бас бармақ» әдісімен өзін-өзі бағалау  - мен сабырлық пен табандылықты сақтай алдым;  - сәл ойландым;  - әлі үйренемін	суреттер немесе карточкалар (қиын жағдайлар бейнеленген): сынған қарындаш; ренжіген бала; қиын тапсырма, т.б. Слайд: «Сабыр мен табандылық - менің күшім!»

Жаңа білімді меңгеру (12 мин)	Топтық жұмыс. «Тыныштық тасы» жаттығуы - Балалар, қазір әрқайсың қолыңа кішкентай тасты аласыңдар. Бұл - сендердің <i>тыныштық тастарың</i>. - Егер бірдеңе қиын болса, осы тасты ұстап, өзіңе айт: «Мен сабырлымын. Мен табандымын. Мен жеңемін» - Қане, бәріміз бірге айтып көрейік. - Енді осы тасты ұстап отырып, сабырлық пен табандылық туралы «Мен қиындықты қалай жеңемін?» атты шағын сурет салып көріңдер	Мұғалімнің нұсқауын орындайды. Тасты немесе шеңберді ұстап, тыныс алып, сабырлы күйге енеді. Сөздерді қайталап айтады: <i>Мен сабырлымын. Мен тырысамын. Мен жеңемін.</i> Қиындықты жеңу туралы «Мен қиындықты қалай жеңдім?» суретін салады, әңгімелейді (мысалы, кұладым - тұрдым, жыладым - күлдім)	«Бас бармақ» әдісі  - мен сабырлы, табанды болдым;  - аздап қиын болды;  - тағы тырысамын. Мұғалім мен психологтың жылы пікірі, мадақтау	«Тыныштық тастары» Тақырыптық плакат: «Қиындықты жеңемін!» Қарындаштар, фломастерлер
Меңгерілген білімді қолдану және дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)	Жұптық жұмыс. «Қиындық және көмекші» ойыны Мұғалім балаларға түрлі өмірлік жағдайларды айтады: 1. Суретің әдемі шықпады. 2. Қарындашың сынған. 3. Тапсырма қиын болды. - Ал енді ойланыңдар: бұл - қиындық па? Одан қалай шығамыз? - Қасындағы досыңмен ақылдасып, жауап тауып көр. - Достарыңның ойын тыңдап, көмектесіңдер. Мұғалім балалардың	Мұғалімнің айтқан жағдайларын тыңдайды. Жұппен ақылдасып, шешім табады. Өз ойын айтады. Қиын сәтте сабырлық сақтаудың маңызын түсінеді. Досының жауабын тыңдап, өз пікірін қосады	Өзара бағалау: жұбының сабырлы, табанды, мейірімді болуын мадақтау. «Жұлдызшамең бағалау» - белсенділік пен ынтаға қарай.	Қиын жағдайлар салынған карточкалар (суреттер). «Сабырлық және табандылық» плакаты. Жұлдызшалар немесе стикерлер.

	жауаптарын жинақтап, жалпы қорытынды жасайды: Қиындықты жеңудің кілті - сабырлық пен табандылық			
Сабақтың қорытындысы (2 мин)	- Сабақтың басында қандай мақсат қойдық? - Сол мақсатқа жету үшін не істедік? - Қиындықты жеңу үшін не көмектесті? - Біз сабырлы, табанды бола алдық па? Мұғалім балалардың жауаптарын тыңдап, жылы сөздермен қорытындылайды: «Сабыр мен табандылық - біздің күшіміз!»	Оқушылар өз ойымен бөліседі, бүгін не үйренгенін айтады. «Мен сабырлымын», «Мен табанды боламын», «Мен бәрін жеңемін» деген ұранды бірге айтады	«Бас бармақ» әдісі  - мен сабырлы, табанды болдым;  - аздап қиын болды;  - тағы тырысамын	түрлі-түсті карточкалар (қызыл, сары, жасыл). «Қиындықты жеңемін!» плакаты
Рефлексия (2 мин)	Балалар, бүгін біз сабырлық мен табандылықтың көмегімен кез келген қиындықты жеңуге болатынын білдік. Ал, енді қараңдаршы, тақтада «Сабыр ағашы» бейнеленген. Бұл ағашта жапырақтар аз екен. Кім бүгін сабырлы, табанды бола алды - ағашқа жасыл жапырақ жабыстырады. Кім тырысты, бірақ әлі үйреніп жүр - сары жапырақ. Кімге бүгін қиын болды - қызыл жапырақ. Сабыр мен табандылық танытқан сайын ағашымыз көгеріп, әдемі бола түседі!	Өз көңіл-күйін білдіретін түсті таңдайды. Таңдаған жапырағын «Сабыр ағашына» жабыстырады. Сөзімен ой елегінен өткізеді	Көңіл-күй түстері арқылы өзін-өзі бағалау. Мұғалімнің жылы пікірі: «Бүгін бәріңнің сабырларың ағашымызды әдемі етті!»	«Сабыр ағашы». Түрлі түсті қағаздан қиылған жапырақтар (жасыл, сары, қызыл). Желім немесе магнит

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

1. «Тыныштық тасы». Мақсаты: эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту

Өту барысы: әр бала тасты қолына алып, «Мен сабырлымын, мен табандымын, мен жеңемін» деп қайталайды.

2. «Қиындық және көмекші». Мақсаты: қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды үйрету.

Мысалы:

- Сабақта тапсырма қиын болды. Не істейсің?
- Тыныш ойланамын, мұғалімнен көмек сұраймын

3. «Мен қалай жеңдім?» сурет салу. Мақсаты: бала өз эмоциясын шығармашылық арқылы білдіреді, ішкі сенімділігін арттырады

Әдістемелік ұсыныстар:

- Сабақты жай темппен, балалардың эмоционалды күйін ескере отырып өткізу;
- психологты белсенді қатыстыру (релаксация, тыныс алу жаттығулары);
- көрнекі құралдар мен бейнелі сөздерді пайдалану (түс, тас, сурет);
- әр әрекеттен кейін міндетті түрде мадақтау, позитивті кері байланыс беру;
- баланың ішкі сенімін арттыру мақсатында «мен» сөзін белсенді қолдану

Ресурстар: тегіс тастар немесе түрлі түсті қағаз шеңберлер; плакат: «Қиындықты жеңемін»; фломастер, сурет қағаздары; эмоциялық «көңіл-күй шамы» карточкалары; «Сабыр ағашы». Түрлі түсті қағаздан қиылған жапырақтар (жасыл, сары, қызыл). Желім немесе магнит.

Сабақ тақырыбы: 12-сабақ «Менің достарым»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: Қарым-қатынас мәдениетін бекіту. Рөлдік ойындар

Құндылық бағыты: құрмет, сенім

Психологтың қатысуы: Психологтың «Достық көпірі» ойыны

Сабақтың мақсаттары: достықтың мәнін түсінеді, достарына құрмет пен сенім білдіруді үйренеді; өз ойын, сезімін ашық айтады; рөлдік ойын арқылы достық қарым-қатынас мәдениетін түсінеді

Күтілетін нәтижелер: «Достық», «сенім», «құрмет» ұғымдарын түсіндіреді; досына жылы сөз айту және тыңдай білуді үйренеді; бір-бірімен сыйластықта әрекет етеді; психологтың ойыны арқылы достық сезімін тәжірибеде көрсетеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа бейімделу (2 мин)	Балалар, мен сендерді сабағымда көргеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі сабағымызды бір жұмбақпен бастайық: «Мені жаксы түсінетін адам, Сырымменен бөлісетін адам, Жақын туысым болмасада Құпиямды сенетін адам.» Ол кім? Дұрыс таптыңдар! Сендер	Оқушылар мұғалімнің айтқан жұмбағын шешеді Бір-біріне жылы сөз айтады: «Сен жаксы доссың!», «Сені көргеніме қуаныштымын!» Позитивті көңіл күй қалыптастырады	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау	көңілді әуен, смайликтер суреті

	жұмбақты шешіп, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын өздерің атадыңдар. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы - «Менің достарым»			
Мақсат қою (5 мин)	«Досыңа айтып бер» стратегиясы - Сенің досың бар ма? - Нағыз дос қандай болады деп ойлайсың? - Досың саған қалай көмектеседі? Бүгін біз достық туралы сөйлесеміз және жақсы дос болуды үйренеміз	Әр оқушы өз өмірінен мысал келтіріп, досы туралы айтады. Мұғалімнің қорытынды сөзін тыңдайды	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау Ауызша мадақтау	«Достық» сөзі жазылған бұлтшалар (сөз карталары)
Өткен білімді еске түсіру (10 мин)	«Достар шеңбері» ойыны Ортаға шығып, шеңбер құрайық. Қолымызды ұстайық. Мен бастаймын: «Мен досымды жақсы көремін, өйткені ол...». Әр оқушы өз ойымен жалғастырады. Мұғалім қорытындылайды: Достық - бұл мейірім, көмек, сенім	Оқушылар өз пікірін айтады, достық туралы жылы сөздер қолданады. Бір-бірін тыңдайды	«Смайлик» әдісі   	«Достар шеңбері» плакаты
Жаңа білімді меңгеру (12 мин)	Рөлдік ойын: «Жақсы дос қандай болады?» Топтарға бөліп, әр топқа шағын жағдаят береді: 1-топ: Бір бала ойыншықпен бөліспеді. 2-топ: Бір оқушы жолдасын ренжітіп алды. 3-топ: Бір бала досына көмектеспеді. Тапсырма: жағдайды ойнап көрсетіп, дұрыс шешімін табыңдар. Мұғалім қорытындылайды: «Достық – бұл сенім мен құрмет»	рөлдерді бөлісіп, қысқа көрініс көрсетеді. Жағдаятқа байланысты дұрыс шешім айтады	өзара бағалау (жұлдызша беру) Мұғалім мен психологтың жылы пікірі, мадақтау	достық көріністері жазылған карточкалар, бейне-суреттер

Меңгерілген білімді қолдану және дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)	«Достық көпірі» ойыны Психолог: Балалар, бізде екі жағалау бар - «Мен» және «Досым». Осы екі жағалауды біріктіретін көпір салайық. Әр бала көпірге досына арналған жылы сөз жабыстырады: «Сен мейірімдісің», «Сен сенімдісің», «Сен жақсы доссың». Соңында бәріміз бірігіп көпірдің үстімен өтіп, достық әнін айтамыз	әр оқушы жылы сөз жазылған қағазды «Достық көпіріне» жабыстырады достарына жылы сөздер айтады. Бірге ән шырқайды	өзін-өзі бағалау «Көңіл-күй түстері» әдісі	«Достық көпірі» плакаты, түрлі түсті қағаз жүректер Достық туралы ән https://www.youtube.com/watch?v=fQxI0g0gmnA «Дос болу керек» әні https://www.youtube.com/watch?v=H9WIfpDojgk
Сабақтың қорытындысы (2 мин)	- Сабақтың басында біз не туралы айттық? - Жақсы достық дегеніміз не деп ойлайсыңдар? - Біз бүгін жақсы дос бола алдық па?	өз ойларын бөліседі қорытынды ұран айтады: «Достық - құрмет, достық - сенім!»	«Смайлик» әдісі: 😊 - мен жақсы дос бола алдым; 😐 - аздап қиын болды; 😞 - тағы тырысамын	«Достық» плакаты
Рефлексия (2 мин)	«Достық гүлін» безендіру Балалар, мына гүл біздің достығымыздың символы. Кім бүгін достарына көмектесті, сары жапырақ жабыстырады. Кім жылы сөз айтты, қызыл жапырақ. Кім тыңдай білді, жасыл жапырақ. Гүліміз неғұрлым әдемі болса, соғұрлым достығымыз мықты!	өзін бағалап, таңдаған түсті гүлге жабыстырады	өзін-өзі бағалау (түстер арқылы) Мұғалімнің жылы пікірі	«Достық гүлі» плакаты, түрлі түсті қағаз жапырақтар

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

1. «Достар шеңбері». Мақсаты: білім алушылардың бір-біріне деген сенімін арттыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Міндеттері: сыныпта жылы атмосфера орнату; білім алушыларды бір-бірін тыңдауға, сыйлауға үйрету.

Ойын барысы: барлық білім алушылар шеңберге тұрады. Мұғалім бастайды: «Мен досымды жақсы көремін, өйткені ол...». Әрқайсысы сөйлемді жалғастырады. Ойын соңында мұғалім достық - мейірім мен сенім екенін атап өтеді.

2. «Жақсы дос қандай болады?» атты рөлдік ойыны. Мақсаты: достық қарым-қатынастың мәнін түсіндіру, дұрыс мінез-құлық қалыптастыру

Міндеттері: қиын жағдайларда достықпен әрекет етуді үйрету; өз ойын еркін жеткізуге және эмоцияны басқаруға бағыттау

Ойын барысы: білім алушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топқа жағдаят карточкасы беріледі: 1) ойыншықпен бөліспеу; 2) досын ренжітіп алу; 3) досына көмектесу. Топтар көрініс көрсетіп, соңында дұрыс шешімін талқылайды. Мұғалім қорытынды жасайды: «Жақсы дос - мейірімді, көмектеседі, ренжітпейді.»

3. «Достық көпірі» (психологпен) - сенім мен бірлікті бекіту. Мақсаты: білім алушылардың сенім, бірлік және өзара құрмет сезімін қалыптастыру

Міндеттері: позитивті эмоциялар тудыру; достықты нығайту, жылы сөз айту мәдениетін қалыптастыру.

Ойын барысы: еденге екі жақ - «Мен» және «Досым» деп жазылады. Балалар бір-біріне жылы сөз жазылған жүрекшелерді алып, еденге салып көпір құрайды. Барлығы бірге «Достық көпірі» арқылы өтіп, бір-біріне жылы сөз айтады. Соңында достық туралы ән шырқалады.

4. «Достық гүлі» - рефлексиялық жаттығуы. Мақсаты: сабақ соңында өз әрекетін бағалау, достық сезімін бекіту

Міндеттері: өз жетістігін тану және достарына ризашылық білдіру; позитивті эмоциялық фон қалыптастыру

Ойын барысы: тақтада үлкен гүлдің ортасы бар. Балалар сабақтағы өз әрекетіне қарай түсті жапырақ тандайды: сары - көмектестім, қызыл - жылы сөз айттым, жасыл - тыңдай білдім. Әр жапырақ гүлге жабыстырылып, достық гүлін толықтырады. Мұғалім: «Гүліміз неғұрлым әдемі болса, достығымыз да соншалық мықты!» - деп қорытындылайды.

Әдістемелік ұсыныстар:

- сабақ барысында жылы, сенімді атмосфера қалыптастыру;
- психологтың ойынын сабақтың ортасына қою (жоғары эмоциялық серпіліс береді);
- әр іс-әрекеттен кейін ауызша мадақтау («Сен нағыз доссың!», «Керемет көмектестің!»);
- достық тақырыбын ән, ойын, сурет арқылы бекіту.

Ресурстар: «Достар шеңбері» плакаты; «Достық көпірі» плакаты; «Достық гүлі» постері; түрлі түсті қағаз жүректер мен жапырақтар; жұлдызшалар мен стикерлер; әуен, фломастер, сурет қағаздары.

Сабақ тақырыбы: 13-сабақ «Мейірімді жүрек»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: Мейірімділік пен қамқорлық туралы әңгіме

Құндылық бағыты: мейірімділік, адалдық

Психологтың қатысуы: Эмоциялық көріністерді сурет арқылы көрсету

Сабақтың мақсаттары: мейірімділік пен адалдық ұғымдарының мағынасын түсінеді; өз іс-әрекетінде мейірімді болуға, жылы сөз айтуға үйренеді; сурет арқылы өз сезімін, эмоциясын білдіреді; достарына және қоршаған ортаға қамқор болудың маңызын түсінеді.

Күтілетін нәтижелер: «Мейірімділік», «адалдық» сөздерінің мәнін түсіндіреді; өзінің және сыныптастарының жақсы қасиеттерін атайды; эмоциясын бейнелеу арқылы мейірімді болудың мәнін сезінеді; бір-біріне жылы сөз айтып, жақсы қарым-қатынас орнатады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (4 мин)	«Жылы шеңбер» жаттығуы - Балалар, бүгін біз адамның ең басты қасиеттерінің бірі - мейірімді жүрек туралы әңгімелесеміз. -Кәне, бір-бірімізге күлімдеп қарайықшы. Жылуды сезіндер ме? Бұл - біздің жүректеріміздің мейірімділікпен бөлісе бастағанының белгісі. «Жақсылықты тарат» ойыны Мұғалім қолына жұмсақ доп алып: - Мен жақсылықты Айданаға беремін, себебі ол әрдайым достарына көмектеседі. Айдана допты келесі балаға беріп, ол да жылы сөз айтады.	Бір-біріне күлімдеп қарайды. «Жақсылықты тарат» ойынында жұмсақ допты бір-біріне беріп, жылы сөз айтады, позитивті көңіл-күй қалыптастырады	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау	Көңілді әуен, жұмсақ доп
Мақсат қою (5 мин)	- Мейірімділік деген не? - Мейірімді адам қандай болады деп ойлайсыңдар? - Ал мейірімділік мектепте, үйде, көшеде қалай көрініс табады? Мұғалім қорытындылайды: Әр адамның жүрегі бар. Егер ол мейірімді болса - демек, ол қуана біледі, кешіре біледі және қамқор бола алады.	Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Балалардың бірінші сұраққа ықтимал жауаптары: көмектесу, қамқор болу, жылы сөз айту, ренжітпеу... Екінші сұраққа жауап: автобуста орын беру, досына	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау Ауызша мадақтау	

	Бүгін біз мейірімді болудың жолын үйренеміз.	көмектесу, жануарларға қамқор болу ...		
Жаңа білімді меңгеру (12 мин)	«Жылы сөздер» ойыны: - Балалар, мына сөздерді тыңдап көріңдер де, қайсысы жылы, мейірімді сөздер екенін айтыңдар: <i>қуаныш, реніш, күлкі, көмек, достық, ашу, адалдық, қамқорлық</i> . Енді қасындағы көршіңе бір жылы сөз айтшы - біздің сынып одан сайын жылы болсын!	Мейірімді сөздерді таңдайды, неге солай ойлағандарын түсіндіреді. Қасындағы көршісіне бір жылы сөз айтады	«Смайлик» әдісі 	
	Бейнебаян қарау: «Мейірімділік деген не?» Талқылау сұрақтары: - Кейіпкерлер не істеді? - Мейірімді адам қандай болады? Мұғалім қорытындылайды: <i>Мейірімділік - бұл жақсы сөз, көмек, қамқорлық.</i>	Бейнематериалды көреді, пікірін айтады, мысал келтіреді	«Жұлдызш амен бағалау»	Қысқа мультфильм «Мейірімді болайық» https://www.youtube.com/watch?v=BU0Z8UHqgW4
Психологпен жұмыс (8 мин)	«Эмоциялар әлемі» жаттығуы Психолог балаларға түрлі бет-әлпет суреттерін көрсетеді. - Бұл қандай көңіл-күй? - Қай кезде біз осылай сезінеміз? - Қай сезім мейірімділікке ұқсайды? Осыдан кейін әр оқушы өз эмоциясын сурет арқылы бейнелейді	Суреттерге қарап эмоцияларды атайды Өз көңіл-күйін сурет түрінде бейнелейді	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау Ауызша мадақтау	Эмоция суреттері  фломастерлер
Меңгерілген білімді қолдану және дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)	«Менің мейірімді жүрегім» арт-тапсырмасы. Ал қазір әрқайсың өз мейірімді жүректеріңді жасайсыңдар. Нұсқаулық береді. Барлығы жұмыстарын аяқтаған соң, мұғалім: - Енді өздеріңнің мейірімді жүректеріңді көрсетіңдер! Жүректің ішіне не салдыңдар?	Баяу әуен қосылып тұрады, оқушылар жүректерге суреттерін салады. Барлығы жұмыстарын аяқтаған соң, бірнеше оқушы өз суреті туралы айтып береді. <i>Нұсқаулық бойынша орындайды:</i> 1. Қағаз бетіне үлкен жүрек салады. 2. Оның ішіне жүректі мейірімді	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау Ауызша мадақтау	Жүрекше салуға арналған парақшалар, түрлі-түсті қарындаштар, баяу ән Мейірімділік ағашы

	- Қараңдаршы, бізде қаншама мейірімді жүрек пайда болды! Ендеше, осы жүректерді біріктіріп, «Мейірімділік ағашын» жасайық. Барлық жүректерді ватманға жапсырып, сыныбымызды әдемі етейік - ол бізге әрқашан мейірімді болуды еске салып тұрады	ететін нәрселерді бейнелейді: адамдарды, жануарларды, отбасың, достарың, жақсы істерді, күлкілерді. 3. Сондай-ақ сөздер де жазады: достық, сүйіспеншілік, көмек, адалдық, қамқорлық Салған жүректерін біріктіріп, «Мейірімділік ағашы» ватманына жапсырады	Ауызша мадақтау	
Сабақтың қорытындысы (2 мин)	Бүгін біз не туралы әңгімелестік? - Мейірімді болу деген не? - Жүрекке мейірімді болу үшін не көмектеседі? - Жүректерің мейірімді екенін қалай көрсете аласыңдар?	Өз ойларымен бөліседі, қысқаша пікір айтады. Қимыл-ишара арқылы мейірімділікті көрсетеді	Ауызша мадақтау	«Мейірімді жүрек» плакаты
Рефлексия (2 мин)	«Мейірімділік шамы» - Балалар, қараңдаршы, менің қолымда - мейірімділік шамы. Бүгін бұл шам мейірімді істеріміздің, жылы сөздеріміздің арқасында жарқырап тұр! Осы шам сөніп қалмас үшін не істеуіміз керек деп ойлайсыңдар? <i>Жауап...</i> Дұрыс айтасыңдар! Егер біз күн сайын мейірімділік көрсетіп жүрсек, біздің мейірімділік шамымыз үнемі жарқырап жана береді!	Оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап береді. Балалардың ықтимал жауаптары: күлімдеу, көмектесу, жақсы сөз айту, қамқор болу...	Өзін-өзі бағалау. Мұғалімнің жылы пікірі.	Шамның суреті 

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

1. «Жақсылық шеңбері» ойыны. Мақсаты: жылы сөз айту арқылы достық пен мейірімділікті дамыту

Міндеттері: балалар арасында сенім мен сыйластық сезімін арттыру; бір-бірін тыңдау және мақтау мәдениетін қалыптастыру

Ойын барысы: білім алушылар шеңбер құрып отырады. Мұғалім допты қолына алып: «Мен жақсылықты Айданаға беремін, себебі ол достарына көмектеседі» дейді. Келесі бала допты басқа балаға беріп, ол туралы жылы сөз айтады. Қорытынды: барлық балалар бір-бірінен мейірімділік естігенде сыныпта жағымды атмосфера орнайды.

2. «Жылы сөздер» ойыны. Мақсаты: мейірімді сөздердің мағынасын түсіну, жылы қарым-қатынас орнату

Міндеттері: сөздердің эмоциялық рөлін ажырата білу; әдептілік пен сөйлеу мәдениетін дамыту

Ойын барысы: мұғалім сөздерді оқиды: *қуаныш, реніш, күлкі, көмек, достық, ашу, адалдық, қамқорлық*. Балалар қайсысы мейірімді сөз екенін анықтайды және неге солай ойлайтынын түсіндіреді. Кейін әр оқушы көршісіне бір жылы сөз айтады.

3. «Эмоциялар әлемі» жаттығуы (психологпен). Мақсаты: балалардың эмоционалды танымын кеңейту, эмоцияларды тануға және сипаттауға үйрету

Міндеттері: эмоцияны ажырату және түсіндіру қабілетін дамыту; өз сезімін қабылдау мен сурет арқылы көрсетуге баулу.

Жаттығу барысы: психолог балаларға түрлі эмоцияларды бейнелейтін бет-әлпет суреттерін көрсетеді (*қуаныш, ашу, қорқыныш, мейірімділік және т.б.*)

Сұрақтар қойылады: Бұл қандай көңіл-күй? Біз қашан осылай сезінеміз? Қай сезім мейірімділікке ұқсайды? Соңында әр бала өз көңіл-күйін сурет арқылы бейнелейді.

4. «Менің мейірімді жүрегім» арт-тапсырмасы. Мақсаты: ішкі эмоцияны шығармашылық арқылы білдіру, өзіндік «жақсы істер әлемін» құру.

Міндеттері: визуалды бейнелеу арқылы өзін-өзі тануға үйрету; мейірімділікті іс-әрекет арқылы көрсетуге ынталандыру

Тапсырма барысы: әр бала қағаз бетіне үлкен жүрек салып, оның ішіне өзінің мейірімді істерін бейнелейді (*досына көмектесу, анасына көмектесу, жануарды қорғау және т.б.*). Суреттер дайын болған соң, балалар өз жұмыстарын көрсетіп, қысқаша әңгімелейді. Барлық жүректер біріктіріліп, «Мейірімділік ағашы» жасалады.

5. «Мейірімділік шамы» әдісі (рефлексия). Мақсаты: сабақ соңында алған әсерді қорытындылау, мейірімді әрекетті ұғыну

Міндеттері: өз әрекетін бағалау; мейірімділікті өмірде қолдануға ниет қалыптастыру.

Барысы: мұғалім қолына шам ұстап «Міне, біздің мейірімділік шамымыз жарқырап тұр. Ол сөнбес үшін не істеуіміз керек?» - деп сұрайды. Балалар «*күлімдеу, көмектесу, жылы сөз айту, қамқор болу*» сияқты жауаптар айтады. Мұғалім қорытындылайды: Егер біз күн сайын мейірімділік көрсетсек, біздің шамымыз мәңгі жана береді.

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Сабақтың атмосферасы. Сабақтың басында жылы, сенімді орта қалыптастыру маңызды. «Жылы шеңбер» және «Жақсылықты тарат» ойындары арқылы эмоционалды жайлылық туғызылады;

2. Эмоциялық интеллект дамыту. Балалардың өз сезімдерін тануы мен басқаруын дамыту үшін «Эмоциялар әлемі» жаттығуы қолданылады. Бұл жаттығу визуалды бейнелер арқылы эмоцияларды түсінуге көмектеседі;

3. Көркем-шығармашылық тәсіл. «Менің мейірімді жүрегім» арт-тапсырмасы балалардың ішкі дүниесін бейнелеуге мүмкіндік береді. Әуен

фонында бейнелеу жұмысы олардың тынышталуына, өз сезімін жеткізуге көмектеседі;

4. Құндылыққа бағыттау. Сабақ барысында мейірімділік пен адалдық ұғымдары тек теория түрінде емес, нақты іс-әрекет арқылы меңгеріледі (жылы сөз айту, бір-біріне көмектесу, сурет арқылы көрсету);

5. Психологтың рөлі. Психолог «Эмоциялар әлемі» жаттығуын жүргізіп, балаларға өз эмоцияларын түсіну мен бейнелеуге бағыт береді. Бұл кезеңде бағалау емес, қолдау маңызды;

6. Қорытынды және рефлексия. «Мейірімділік шамы» әдісі арқылы сабақтың нәтижесі эмоционалды деңгейде қорытындыланады. Мұғалім әр баланың мейірімді әрекетін атап өтеді.

Ресурстар: «Мейірімді жүрек» плакаты; қағаз жүректер; түрлі түсті қарындаштар, бояулар; бейнебаян (мультфильм); эмоция суреттері (қуаныш, реніш, қамқорлық, мейірімділік, т.б.); «Мейірімділік шамы» плакаты.

Сабақ тақырыбы: 14-сабақ «Менің арманым»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: Арман мен мақсат қою. Өз болашағына сеніммен қарау

Құндылық бағыты: Сенімділік, мақсаттылық

Психологтың қатысуы: Мотивациялық визуализация жаттығулары

Сабақтың мақсаттары: арман мен мақсат ұғымдарын түсінеді; өз арманы мен оған апарар жолды (мақсатты) анықтайы; өзіне сенімді болудың маңызын ұғынады; арманға жету үшін кішкентай қадамдар жасауды үйренеді

Күтілетін нәтижелер: арман мен мақсат туралы түсінік алады; өз армандарын сурет, белгі, жапсырма арқылы бейнелейді; өз-өзіне сенім білдіреді; «Арманға жол» бейнесін құрастырады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)	- Балалар, әр адамның өз арманы бар. - Арман деген не деп ойлайсыңдар? Арман - бұл біздің қатты қалайтын нәрсеміз. Ол бізге алға ұмтылуға көмектеседі. «Арманды тарат» ойыны Мұғалім допты көрсетіп: - Мен өз арманымды айтып, оны сендерге таратамын. Мысалы: <i>Мен суретші болғым келеді!</i>	Оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап береді. Оқушылар жұмсақ допты алып, бір-біріне допты береді және өз армандарын айтады	Ауызша мадақтау	Жұмсақ доп, шеңбер

	- Енді міне, сенің қолыңда арман! Еркемай, қандай арманың бар?			
Мақсат қою (5 мин)	Мұғалім балаларға түрлі түсті қағаздан қиылған жұлдызшалар мен із-таңбалар таратады. - Әрқайсың өз армандарыңа апарар жолды саласыңдар. - Алдымен өз арманыңды таңда (мысалы: әнші болу, дәрігер болу, спортшы болу). -Енді сол арманға жету үшін не істеу керек екенін білдіретін қадамды жабыстыр. <i>Мысалы:</i> «Күнде жаттығу жасау», «Жақсы оқу»	Балалар жұлдыз (арман) мен із-таңба (қадам) жабыстырады. Әр бала өз жолын көрсетеді	«Жұлдызшамен» бағалау ★	Арман плакаты, жұлдыздар мен із-таңба пішіндері
Өткен білімді еске түсіру (10 мин)	«Менің достарым мен мейірімді жүрегім» еске алу. - Өткен сабақтарда біз не туралы айттық? Мұғалім балаларға сурет көрсетеді (мысалы, бала гүл отырғызып жатыр). - Баланың ісі мейірімді ме? - Ол неге ұқсайды - арманға жақындай ма? Мұғалім қорытындылайды: - Егер біз мейірімді және достықта болсақ, онда бізге бәрі де оңай болады. Мейірімділік пен достық - арманға апарар жолдың бірі.	Балалар қысқаша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.	Ауызша мадақтау	Алдыңғы сабақ суреттері
Жаңа білімді меңгеру (12 мин)	«Арман баспалдақтары» ойын-жаттығуы. Балалар, қараңдаршы, бұл арман	Мұғалімнің сұрағына қысқаша жауап береді.	«Күншуақ» әдісі ☉ - кім белсенді қатысты, сол балаға күн	Қағаздан қиылған баспалдақ суреті (әр сатысы

	баспалдақтары. Әр баспалдақ жоғарыға, яғни арманымызға апарады. - Арман дегеніміз не? - Дұрыс! Ал оған жету үшін не істеу керек? <i>Мысалы:</i> Арман - жақсы оқушы болу. Қадамдар - сабақ оқу, зейінді болу, көмектесу. Мұғалім қорытындылайды: - Көрдiңдер ме, арманға жету үшін әр баспалдақта кiшкентай мақсаттар бар. - Арманға апарар жол - мақсат екен!	«Арман баспалдақтары» ойын-жаттығуы: 1. Әр бала өз арманы жазылған бұлт таңдайды (мысалы: «әнші болу», «дәрігер болу») 2. Сосын сол арманға жету үшін не істеу керек екенін айтып, бір «баспалдақ» сатысын жабыстырады	сәулесін жабыстыру	бөлек), түрлі-түсті қағаз «бұлттар» (армандар) және «қадамдар» (әрекеттер)
Меңгерілген білімді қолдану және дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)	Арт-терапия: «Менің арман картамы» - Қағазға өзіңнің арман бейненді сал. - Ішіне сол арманға жету жолдарын бейнеле (мысалы: кітап оқу, көмектесу, еңбектену). - Арман карталарын «Армандар ағашына» ілеміз	Балалар сурет салады, кейін суреттерін ортаға іледі	«Күншуақ» әдісі 	Түрлі түсті қағаз, бояулар, ағаш плакаты
Психологпен жұмыс (10 мин)	Мотивациялық визуализация «Мен болашақта» Психолог тыныш музыка қосады. - Көзіңді жұмып, өз арманыңа жеткен сәтті елестет. - Не көрдің? Не сездің? - Бұл сенің өзіңе деген сенімің.	Балалар көзін жұмып, қиялдайды, кейін әсерімен бөліседі.	Өзіндік талдау	Жеңіл музыка
Сабақтың қорытындысы (2 мин)	- Бүгін біз не туралы білдік? - Арманға жету үшін не істеу керек? - Арман мен мақсаттың айырмасы қандай?	Оқушылар өз ойларын айтады.	Ауызша мадақтау	Арман плакаты

Рефлексия (2 мин)	«Арман әуе шарлары» әдісі Бүгін біз өз армандарымыз туралы көп әңгімелестік. - Қараңдаршы, менде түрлі түсті әуе шарлары бар. - Әр түс белгілі бір көңіл күйді білдіреді: ● - мен өз арманыма сенемін; ● - мен арманыма жетемін; ● - мен достарыма да арман тілеймін! Қараңдаршы, біздің аспанымыз арманға толы! - Егер әрқайсымыз өз арманымызды жүрегімізде сақтасақ, ол міндетті түрде орындалады!	Әр бала өзіне ұнайтын түсті шарды таңдайды (қағаз түрінде). Шардың ішіне күлімдеген смайлик немесе кішкентай жүрек салады. Барлық шарлар «Арман аспаны» плакатына жабыстырылады	Ауызша мадақтау	Түрлі-түсті қағаз шарлар
----------------------	---	---	-----------------	--------------------------

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

1. «Арманды тарат» ойыны. Мақсаты: білім алушылардың өз армандарын еркін айтуына жағдай жасау, сөйлеу белсенділігін арттыру

Міндеттері: өз ойын еркін жеткізуге баулу; позитивті қарым-қатынас қалыптастыру

Барысы: білім алушылар шеңбер құрып отырады. Мұғалім қолындағы допты ұстап: «Мен өз арманымды айтып, оны сендерге таратамын. Мысалы, мен суретші болғым келеді!» - дейді. Кімге доп түссе, сол бала өз арманы туралы қысқаша айтады.

2. «Арманға жол» тапсырмасы. Мақсаты: арман мен мақсат байланысын түсіндіру

Міндеттері: мақсат қою дағдысын дамыту; іс-әрекет пен нәтижені байланыстыра білуге үйрету

Барысы: білім алушыларға түрлі түсті жұлдызшалар мен із-таңбалар таратылады. Әр бала өз арманы жазылған жұлдызды таңдайды. Сол арманға жету үшін бір іс-қимылды білдіретін із-таңбаны жабыстырады (мысалы: «жақсы оқу», «жаттығу жасау»).

3. «Арман баспалдақтары» ойыны. Мақсаты: арманға жету жолындағы мақсаттардың маңызын түсіндіру.

Міндеттері: ойлау және жоспарлау қабілеттерін жетілдіру; визуалды модель арқылы әрекетті түсіндіру.

Барысы: қағаздан қиылған үлкен баспалдақ суреті тақтаға ілінеді. Балалар өз армандарын жазылған бұлттарды ұстап, әр баспалдаққа қадам жасап, жету жолдарын айтады.

4. Арт-терапия: «Менің арман картам». Мақсаты: балалардың шығармашылық қиялын дамыту, ішкі арманын бейнелеу

Міндеттері: бейнелеу арқылы өз сезімін жеткізу; визуалды ойлау мен сенімділікті қалыптастыру.

Барысы: білім алушылар қағаз бетіне өздерін және армандарын салады. Суретке арманына жету үшін қажетті іс-қимылдарды қосады (мысалы: «жақсы оқу», «көмектесу», «еңбек ету»). Дайын жұмыстар «Армандар ағашына» ілінеді.

5. Психологпен «Мен болашақта» жаттығуы. Мақсаты: визуализация арқылы өз-өзіне сенімділікті арттыру.

Міндеттері: позитивті ой қалыптастыру; болашаққа сенім ұялату.

Барысы: психолог тыныш фондық музыка қосады. Балалар көздерін жұмып, арманы орындалған сәтті елестетеді. Содан соң өз сезімдерімен бөліседі.

6. Рефлексия: «Арман әуе шарлары». Мақсаты: сабақ соңында білім алушылардың көңіл-күйін анықтау және арманға сенімділікті нығайту.

Міндеттері: өзіндік баға беру қабілетін дамыту; позитивті ой қалдыру.

Барысы: білім алушылар түрлі түсті қағаз шарды таңдап, ішіне смайлик немесе жүрек суретін салады. Барлық шарлар «Арман аспаны» плакатына жабыстырылады.

Мұғалім қорытындылайды: Қарандаршы, біздің аспанымыз арманға толы!

Әдістемелік ұсыныстар

1. Психологиялық климат: сабақтың басында позитивті көңіл-күй қалыптастыру қажет. «Арманды тарат» ойыны балаларды еркін сөйлетуге көмектеседі.

2. Жас ерекшелігіне сай тапсырмалар: 1-сынып білім алушыларына абстрактілі ұғымды визуалды және қозғалыс арқылы түсіндіру тиімді (жұлдыз, із-таңба, шар, ағаш т.б.).

3. Қозғалыс және эмоция теңгерімі: сабақта тыныштық сәттері мен белсенді ойындар кезектесіп отыруы тиіс.

4. Психологтың жұмысы: визуализация жаттығуын өткізгенде балалардың қиялы мен эмоциясын еркін жеткізуіне мүмкіндік беру керек, сұрақтар қысқа әрі жылы болуы тиіс.

5. Қорытынды кезең: рефлексия кезінде білім алушылардың өз әрекетіне қуана қарауына жағдай жасалады. Әр баланың арманын атап өту - өзіндік сенімділік береді.

Ресурстар: «Арманға жол» және «Арман баспалдақтары» плакаттары; «Армандар ағашы» және «Арман аспаны» стенді; түрлі түсті қағаз (жұлдыз, бұлт, із-таңба, шар пішіндері); фломастерлер, бояулар, стикерлер; фондық тыныш музыка; қағаздан қиылған күн мен сәуле белгілері («Күншуақ» әдісіне); психологқа арналған визуализация бейне немесе әуен.

Сабақ тақырыбы: 15-сабақ «Біз - Адал азаматтармыз»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: «Адал азамат» жобасы аясындағы қорытынды сабақ

Құндылық бағыты: Адалдық, жауапкершілік

Психологтың қатысуы: Психологтың қатысуымен рефлексия, кері байланыс

Сабақтың мақсаттары: адал адам болудың не екенін түсінеді; дұрыс пен бұрысты ажыратады; уәдені орындауға және жауапкершілікпен әрекет етуге тырысады; сыныпта достарымен адал және мейірімді болады.

Күтілетін нәтижелер: адалдық пен жауапкершілік туралы мысалдар келтіреді; жағдайға қарай дұрыс шешім қабылдайды; өз ойын ашық айтады және достарына жылы қарым-қатынас білдіреді; «Адал азамат» ұғымының мәнін түсінеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	- Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Бүгін біз адалдық пен жауапкершілік туралы сөйлесеміз. - Қалай ойлайсыңдар, адал адам деген кім? - Ал жауапкершілікті қалай көрсетуге болады? Мұғалім қорытындылайды: Адал адам - шыншыл, сенімді, уәдесінде тұрады	Өз ойларын айтады, мысал келтіреді.	Ауызша мадақтау	Күн суреті, тақырып жазылған плакат
Мақсат қою (3 мин)	«Жұлдызшаны таңдау» әдісі - Қараңдаршы, аспанда түрлі жұлдызшалар бар. - Кім адал болғысы келеді, сол жұлдызды таңдап, өз атының тұсына жабыстырсын. - Бүгін біз <i>адал болуды үйренеміз, дұрыс пен бұрысты ажыратамыз.</i>	Өз атының тұсына жұлдызшаны жабыстырады.	«Жұлдызша» әдісі ★	Түрлі түсті қағаз жұлдызшалар
Өткен білімді еске түсіру (8 мин)	«Жақсы іс пе, жаман іс пе?» ойыны. Мұғалім жағдаяттарды оқиды: - Аян жоғалған ойыншықты иесіне қайтарды. - Әлия өтірік айтты. - Дамир кішіге көмектесті. - Аружан досының затын сұрамай алды.	Қызыл немесе жасыл белгіні көтереді, пікірін айтады.	Өзін-өзі бағалау ● – жақсы іс ● – жаман іс Жақсы іс болса - көк дөңгелек,	Қызыл-жасыл дөңгелектер, карточкалар

	Тапсырма: <i>Жақсы іс болса - көк дөңгелек, жаман іс болса - қызыл дөңгелек көтеріңдер</i>		жаман іс болса - қызыл дөңгелек көтереді	
Жаңа білімді меңгеру (8 мин)	«Адалдық күн шуағы» жаттығуы - Балалар, бұл күн адалдықтың нышаны - Әрқайсыңда бір-бір сәуле бар - Сол сәулеге адал адам қандай болатынын жаз немесе сурет сал (мысалы: «шыншыл», «жақсы көмекші», «уәдесінде тұрады») - Енді сәулелерді күнге жабыстырайық	Күннің сәулесіне сурет салады, сөз жазады, күнге жабыстырады	«Бас бармақ» әдісі Ауызша мадақтау	Плакат-күн, түрлі түсті қағаз сәулелер
Меңгерілген білімді қолдану және дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)	«Адалдық қайда керек?» рөлдік ойыны. Мұғалім қысқа жағдайларды айтады: 1. Мұғалім сұрақ қойды, сен білмесең не істейсің? 2. Сен досыңнан рұқсат сұрамай, оның қарындашын алдың. 3. Асханада нан еденге түсіп кетті, сен не істейсің? 4. Досың құлап қалды, сен не істейсің?	Балалар осы жағдайларды сахналап көрсетеді және қайсысы адал, қайсысы бұрыс екенін айтады. Өз рөлін орындайды, не істеу керек екенін айтады	«Үш шапалақ» әдісі	Сахналық белгілер, карточкалар
Психологпен жұмыс (7 мин)	«Жүрегімдегі адалдық» жаттығуы. Психолог балаларға жүрекшелер таратады. - Балалар, жүрегімізге адал қасиеттерді салайық. <i>Мысалы:</i> шыншылдық, мейірімділік, қамқорлық. - Енді жүректерді біріктіріп, «Біздің адал жүрегіміз» деп атайық	Жүрекке сурет салады немесе сөз жазады, біріктіреді	Өзін-өзі бағалау	Түрлі түсті қағаз жүрекшелер, әуен
Сабактың қорытындысы (2 мин)	Бүгін не білдік? - Адал болу неге маңызды? - Адал адам қандай болады?	Сұрақтарға жауап береді, стикер алады, ойымен бөліседі.	Мадақтау	«Адал азамат» стикерлері

	Мұғалім әр оқушыға «Адал азамат» стикерін таратып, жылы сөз айтады: «Сен бүгін жақсы тыңдадың!», «Сен шыншыл болдың!», «Сен достарыңа көмектестің!» т.б. Мұғалім: «Бұл стикер - сенің бүгінгі адал еңбегің мен жақсы қасиетіңнің белгісі!» Мұғалім қорытындылайды: <i>Адал адам - сенімді және әділ адам. Сендер - кішкентай адал азаматсыңдар!</i>			
Рефлексия (2 мин)	«Адалдық ағашы» әдісі - Бұл ағаш адалдықты білдіреді. Кім сабақта бәрін түсінді - жасыл жапырақ жабыстыр. - Кімге әлі ойлану керек болса - сары жапырақ. Кімге қиын болды - қызыл жапырақ. Мұғалім қорытындылайды: <i>Қараңдаршы, ағашымыз қандай әдемі болып кетті!</i>	Жапырақты таңдап, ағашқа жабыстырады.	Өзін-өзі бағалау	Ағаш плакаты, түрлі түсті қағаз жапырақтар

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

Атауы	Мақсаты	Барысы
«Жақсы іс пе, жаман іс пе?»	Білім алушыларға дұрыс пен бұрысты ажыратуды үйрету	Мұғалім жағдаяттарды оқиды, білім алушылар көк немесе қызыл дөңгелек көтереді
«Адалдық күн шуағы»	Адалдық қасиеттерін тану және оны бейнелеу	Балалар күн сәулесіне адал адам қандай болатынын жазады немесе салады
«Адалдық қайда керек?» (рөлдік ойын)	Адалдықтың өмірде қажет болатынын түсіндіру	Балалар ұсынылған жағдаяттарды сахналап көрсетеді және адал іс пен бұрыс істі ажыратады
«Жүрегімдегі адалдық» (психологпен)	Балалардың өзін-өзі тануына және жақсы қасиеттерін сезінуіне көмектесу	Әр бала жүрекшеге өз бойындағы жақсы қасиетін суреттеп немесе жазып, ортақ плакатқа жабыстырады
«Адалдық ағашы»	Сабақтағы өз сезімін білдіру, өзін-өзі бағалау	Балалар сабақтағы түсінігіне сай түсті жапырақ таңдап, ағашқа жабыстырады

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Сабақтың эмоционалды реңі. Сабақ жылы, жағымды атмосферада өтеді. Мұғалім әр баланың жауабын қолдап, жағымды пікір білдіруі тиіс.

2. Жас ерекшелігіне сайлық. 1-сынып білім алушыларына күрделі ұғымдарды түсіндіру кезінде көрнекілік пен ойын қолданылады.

3. Психологтың қатысуы. Психолог балалармен «Жүрегімдегі адалдық» жаттығуын жүргізеді. Балалар өз сезімін сурет, түс, сөз арқылы білдіреді.

4. Мадақтау және қолдау. Сабақ соңында барлық балаларға «Адал азамат» стикерлері беріледі. Бұл - әр баланың өзін жақсы, шыншыл және бағалы сезінуіне көмектеседі.

5. Сахналау. Қысқа, түсінікті жағдаяттарды қолдану ұсынылады (мысалы: досыңа көмектесу, кезекте тұру, зат сұрау).

Ресурстар: «Адалдық күн шуағы» және «Адалдық ағашы» плакаттары; түрлі түсті қағаз (сәулелер, жүрекшелер, жапырақтар); қызыл-көк дөңгелектер (ойынға); фондық әуен (психолог жаттығуына); «Адал азамат» стикерлері (барлық оқушыларға таратылады); сахналық карточкалар мен бейнелер (жағдаяттарды көрсетуге)

Сабақ тақырыбы: 16-сабақ «Мен мектепке бейімделдім»

Уақыты (сағат): 1 сағат (45 минут)

Негізгі мазмұны: Қорытынды рефлексия, өзіндік талдау және жетістіктерді бағалау

Құндылық бағыты: Қанағат, адалдық

Психологтың қатысуы: Қорытынды психологиялық диагностика

Сабақтың мақсаттары: өзін мектеп оқушысы ретінде сипаттайды; мектепте не үйренгенін және нені жақсы көретінін айтады; мектеп өміріне бейімделгенін ұғынады; өз жетістігіне қанағаттанып, сыныптастарын құрметтеу дағдылары қалыптасады.

Күтілетін нәтижелер: мектепке бейімделу барысын түсінеді; өз жетістіктері мен сезімдерін сурет, сөз немесе таңба арқылы білдіреді; позитивті көзқарас пен сенімділік танытады; бір-біріне жылы қарым-қатынас көрсетеді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)	«Сабаққа бейімделу» стратегиясы. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біз сабағымызды бастаймыз. - Кімнің қазір көңіл-күйі жақсы болса, алақан соғайық. - Кімнің сыныпта көп достары бар, аяқпен қадамдар басайық. - Кім өзіне сенімді болса, қолын көтерсін. - Кім өзін адал оқушымын десе, партаға алақанмен соғайық.	Оқушылар мұғалімнің айтқан нұсқауларын орындайды	«Бас бармақ», жылы сөзбен қолдау	

	- Ал енді кім нағыз оқушы болса, үш рет алақан соғайық!			
Мақсат қою (3 мин)	Бүгін біз ерекше сабақ өткіземіз. - Бұл - біздің мектептегі бейімделуіміздің қорытынды сабағы. Бір-бірімізге күлімдеп қарап, «Мен мектеп оқушысымын!» деп айтайық. «Күн мен бұлт» әдісі Мұғалім: - Балалар, бүгінгі сабақта не білгілерің келеді? - Егер өзіңді мектепте жақсы сезінсең - күнді таңда, егер кейде қиын болса - бұлтты таңда. - Бүгін біз мектеп өмірінде өз орнымызды түсінуді және жетістіктерімізді көруді үйренеміз	Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне қарап айтады: «Мен мектеп оқушысымын!» Әр бала күн не бұлт суретін таңдайды және тақтаға жабыстырады. Егер өзің мектепте жақсы сезінсе - күнді таңдайды, егер кейде қиын болса - бұлтты таңдайды	«Стикер» әдісі	Күн және бұлт пішіндері
Білімді өзектендіру (5 мин)	«Мектептегі көңіл күйім» ойыны. Психолог әртүрлі бет-әлпет карточкаларын көрсетеді. - Қай сурет сенің көңіл күйіңе ұқсайды? - Неліктен сол бетті таңдадың?	Өз көңіл күйін таңдайды және қысқаша түсіндіреді.	«Смайлик» әдісі	Эмоция карточкалары 
Жаңа білімді меңгеру (10 мин)	«Менің мектеп ағашым» жаттығуы. - Қазір бәріміз өз «Мектеп ағашымызды» саламыз. Нұсқаулықты түсіндіреді	Өз ағашын салып, түсіндіріп айтады. Ағаштың тамырында кімдер көмектескенін (ата-ана, мұғалім, достар); діңінде не үйренгенін; бұтақтарында нені үйренгісі келетінін жазады не суретін салады. Ағашты бояйды және өз қалауы бойынша безендіреді	«Үш шапалақ» әдісі	Ағаш суреті бар парақ, бояулар
Меңгерілген білімді қолдану және	«Менің жетістігімнің күншуағы» Мұғалімнің нұсқаулығы	Өз сәулелерін безендіріп, ортақ плакатқа жабыстырады.	«Күншуақ» әдісі	Түрлі түсті қағаз, плакат

дағдыларды дамыту кезеңі (12 мин)		Күннің ортасына өз атын жазады. Әр сәулеге не істей алатынын немесе не үйренгенін жазады (мысалы: оқимын, жазамын, дос боламын, көмектесемін). Барлығы сәулелерін біріктіреді, үлкен «Сынып күншуағын» жасайды		
Психологпен жұмыс (7 мин)	«Мен және менің мектебім» сауалнамасы Мұғалім немесе психолог сұрақтарды дауыстап оқиды. 1. Маған мектепке барған ұнайды. 2. Мен сыныптастарыммен дос болдым. 3. Маған өз мұғалімім ұнайды. 4. Мен сабақта жауап беруден қорықпаймын. 5. Мен сабақта мұқият болуға тырысамын. 6. Мен өзімді сыныпта сенімді сезінемін. 7. Мен мектеп оқушысы болғанымға мақтанамын! (Психолог баланың қанағаттану және өзіне сенімділік деңгейін белгілеп отырады.)	Оқушылар ауызша жауап береді немесе белгі арқылы көрсетеді: ☀ - иә, ☁ - білмеймін, ☁ - жоқ.	Өзін-өзі бағалау	Диагностика парақтары
Сабақтың қорытындысы (3 мин)	Психолог: - Бүгін өзің туралы не білдің? - Мектепте өзінді қашан қуанышты сезінесің? - Өз-өзіңді мектепте одан да жақсы сезіну үшін не көмектеседі? Жаттығу. Балалар кезекпен сөйлемді аяқтайды: - «Мен мектеп оқушысымын, және мен ... істей аламын.» немесе	Психологтың сұрақтарына жауап береді, жаттығуды жұптасып орындайды. Стикер алады, қуанышын білдіреді	Мадақтау	«Мен оқушымын» стикерлері

	– «Маған мектеп ұнайды, себебі ...» Қорытынды: - Балалар, сендер енді нағыз мектеп оқушыларысыңдар! Әрқайсыңның өз жетістіктерің бар. Мұғалім әр балаға «Мен оқушымын!» атты стикер немесе мини-диплом береді			
Рефлексия (2 мин)	«Менің мектебімнің түсі» әдісі. Балалар, көз алдарыңа елестетіңдерші, егер мектеп - бір түс болса, бүгін ол сендер үшін қандай түсте болар еді? (● - көңілді, ● - тыныш, ● - қызықты, ○ - сәл іш пыстырарлық, ● - толқулы.) - Неліктен осы түсті таңдадың? - Саған мектепте өзіңді жақсы сезінуге не көмектеседі?	Өз түсін таңдап, ой-пікіремін бөліседі.	Өзін-өзі бағалау	Мектеп пішіні суреті, түрлі түсті қарындаштар

Қолданылатын ойындар мен жаттығулар

Атауы	Мақсаты	Барысы
«Сабаққа бейімделу»	Сабаққа қызығушылық тудыру, көңіл-күйді реттеу	Мұғалім балаларға көңіл көтеретін қимылдар жасатады (алақан соғу, қол көтеру, аяқпен қадам басу)
«Күн мен бұлт» әдісі	Сабақ мақсатын түсіну, өзін-өзі сезінуін көрсету	Оқушы күн немесе бұлт бейнесін таңдап, тақтаға жабыстырады
«Мектептегі көңіл күйім»	Эмоциялық жағдайды анықтау, өз сезімін түсіндіру	Психолог смайлик карточкаларын көрсетеді, оқушы өзіне ұқсас бетті таңдайды
«Менің мектеп ағашым»	Мектеп өміріндегі жеке тәжірибені бейнелеу	Тамыр - кім көмектесті; дің - не үйренді; бұтақ - нені үйренгісі келеді
«Жетістігімнің күншуағы»	Өз жетістіктерін көрсету және ортақ мақтаныш қалыптастыру	Білім алушылар өз жетістігін күн сәулесі түрінде жазады және сынып плакатына жабыстырады
«Мен және менің мектебім» сауалнамасы	Мектепке бейімделу деңгейін анықтау	Білім алушылар сұрақтарға ☀, ☁, ☔ белгілерімен жауап береді
«Менің мектебімнің түсі»	Сабақ соңындағы көңіл күй мен жалпы әсерді анықтау	Балалар мектептің бүгінгі түсін таңдап, неліктен сол түсті таңдағанын айтады

Әдістемелік ұсыныстар:

1. Сабақ жылы әрі жағымды атмосферада өтуі керек;

2. Әр балаға жеке мадақтау сөз айту - оның өзін бағалау сезімін арттырады;
3. 1-сынып оқушыларына жазбаша емес, сурет, белгі, түстер арқылы жауап беру жеңіл болады;

4. Сабақ соңында барлық білім алушыларға «Мен мектепке бейімделдім!» стикерлері беріледі;

5. Топтық жұмыс кезінде балалар арасында бәсекелестік емес, ынтымақтастық қалыптастыруға назар аударыңыз;

6. Білім алушылардың жетістігін атап өту кезінде әрқайсысына жылы сөз немесе кішкентай символикалық марапат (жұлдызша, стикер) беріңіз.

Ресурстар: күн және бұлт пішіндері (стикерлер); эмоция карточкалары; «Мектеп ағашы» парақтары; түрлі түсті қағаз, бояулар; «Жетістігімнің күншуағы» плакаты; «Мен және менің мектебім» сауалнамасы; «Мен оқушымын!» стикерлері немесе дипломдар; Музыка, флипчарт немесе ватман.

*Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу
барысында Шығыс Қазақстан облыстық
дарынды балаларға арналған
мамандандырылған лицейдің педагог-
психологы Ораз Меруерт Қабидолдақызының
іс-тәжірибесінен*

«Мен – оқушымын» психологиялық диагностикасы

Тақырып: «Менің сыныбым» жоба әдістемесі

Уақыты: 20 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу.

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет


Психологтың қатысуы: бейімделу диагностикасы

Пәндік білімдер: баланың эмоционалдық жағдайын зерттеу, мұғаліммен сыныптастарымен қарым-қатынасын бағалау

Мақсаты: білім алушылардың сыныптағы әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін, құрдастарымен және мұғаліммен өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін, эмоционалды байланыстарын және өз орнын қабылдауын анықтау

Міндеттері: баланың өз сыныбына және сынып ұжымындағы орнына деген ішкі қатынасын айқындау; мұғалімге, сыныптастарына деген эмоционалды көзқарасты анықтау; қарым-қатынас жүйесіндегі (досы, оқшауланған бала, белсенді лидер және т.б.) рөлдік позицияларды байқау; мектептегі бейімделу барысындағы ықтимал қиындықтарды диагностикалау

Қолданылатын материалдар: ақ қағаз (А4 форматында), түрлі түсті қарындаштар немесе фломастерлер



Өткізу формасы: топтық формада (бір сыныппен бірге, 10–20 минут ішінде); қажет болған жағдайда жеке формада (жекелеген оқушымен терең талдау мақсатында).

Педагог-психологтың нұсқауы: «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортанғы орындықта мұғалім отыр, мұғалімнің айналасындағы білім алушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылданауда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі білім алушылардың ішінен өзінді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзінді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».

Өткізу барысы:

1) балаларға нұсқау түсіндіріледі, тапсырманың мазмұны анық және қарапайым тілмен беріледі;

2) әр бала өз парағын алып, тапсырманы орындауға кіріседі;

3) психолог олардың жұмыс барысын бақылайды (сұрақтар қоя ма, ойланып қалады ма, суретті қай жерден бастайды және т.б.);

4) балалар тапсырманы орындап болған соң, психолог әр баладан қысқаша әңгімелесу арқылы неге өзін сол жерге қойып, неге дәл сол досын таңдағанын сұрайды.

Нәтижелерді талдау критерийлері:

1. Өзін орналастыру ерекшелігі:

- мұғалімге жақын орналастырса – педагогқа сенім мен оң көзқарас бар;
- алыс немесе сыртта орналасса – эмоционалды қашықтық, оқудан шеттену байқалуы мүмкін.

2. Өз бейнесінің көлемі мен түстері:

- үлкен, ашық түстер – өзін сенімді сезіну, лидерлік қасиет;
- Кішкентай, күңгірт түстер – сенімсіздік, ұялшақтық, төмен өзін-өзі бағалау.

3. Достың бейнесі мен орналасуы:

- досымен жақын орналасу – жақсы эмоционалды байланыс;
- доссыз немесе алыста орналасу – оқшаулану, қарым-қатынаста қиындық.

4. Мұғалімнің бейнесіне қатынасы:

- мұғалімге жақын және үлкен бейне – беделді тұлға ретінде қабылдау;
- мұғалімнің бейнесін ұсақ, алыста бейнелеу – қарым-қатынастағы қашықтық немесе қорқыныш белгісі.

5. Жалпы композиция:

- ұжымның тұтастығы, топтық өзара әрекет көрінісі – жақсы бейімделудің белгісі;

- адамдардың арасы алшақ, балалар бөлініп орналасқан – әлеуметтену процесінің қиындығын көрсетеді.

Қорытынды және интерпретация (алынған нәтижелер кешенді түрде талданады):

- баланың эмоционалды жай-күйі;
- сыныптағы орны мен рөлі;
- мұғалімге және құрдастарына қатынасы;
- бейімделу барысындағы әлеуетті қиындықтар.

Диагностика нәтижелері педагогикалық ұжыммен және ата-аналармен жеке кеңес барысында талқыланып, баланы мектеп өміріне тиімді бейімдеу бағытында түзету-дамыту жұмыстарының жоспары жасалады.

Тақырып: «Мұғаліммен эмоционалды жақындық» әдістемесі

Уақыты: 20 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Пәндік білімдер: баланың эмоционалды жағдайын зерттеу, оқу мотивациясын анықтау, мұғаліммен сыныптастарымен қарым-қатынасын бағалау

Психологтың қатысуы: бейімделу диагностикасы

Мақсаты: мұғаліммен эмоционалды жақындық дәрежесін анықтау

Өткізу формасы: топтық, жеке

Педагог-психологтың нұсқаулығы: қымбатты оқушылар, елестетіп көріңіздер: сіз бүкіл сыныппен және мұғаліммен теңіз жағасында демалуға бардыңыздар. Барлық демалушыларға тұратын үйлер ұсынылды. Мұғалім бірінші үйге қоныстанды. Енді сіздерге тұратын үйді таңдау ұсынылады. Өз таңдауыңызды жасаңыз және оның себептерін түсіндіріңіз.



Егер бала 2-3 үйді таңдаса, бұл оның эмоциялық жақындықтың жоғары деңгейін көрсететінін білдіреді. Мұндай таңдау балаға сыныптасымен және мұғалімімен жақын қарым-қатынас орнатуға ұмтылу тән.

4-5 үйді таңдаған жағдайда – бұл орташа деңгейдегі эмоциялық жақындықты білдіреді. Бала әлеуметтік қарым-қатынастарды қалыптастыруға бейім, бірақ терең байланыс орнатуда белгілі бір шектеулер болуы мүмкін.

6-7 үйді таңдаса, бұл төмен деңгейдегі эмоциялық жақындықты көрсетеді. Мұндай таңдау балада өзін сыныптағы басқа балалардан оқшау сезіну немесе жаңа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтар болуы мүмкін.

Тақырып: «Мектепте маған не ұнайды» проективті сурет әдісі (Н.С. Лусканова бойынша)

Уақыты: 20 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: бейімделу диагностикасы

Пәндік білімдер: баланың эмоционалдық жағдайын зерттеу, оқу мотивациясын анықтау, мұғаліммен сыныптастарымен қарым-қатынасын бағалау

Мақсаты: әдістеме балалардың мектепке деген көзқарасын, мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынасын, сондай-ақ мектепте оқуға мотивациялық дайындығын анықтайды.

Өткізу формасы: топтық, жеке.

Педагог-психологтың нұсқаулығы: «Балалар, парақшаға мектепте не істеуді ұнататыныңызды суреттеңіз. Мектептегі ең қызықты сәттерді, өзіңізге қуаныш сыйлайтын іс-әрекеттерді бейнелеуге болады. Сіз қалағанның бәрін сала аласыз»

Жабдықтар: А4 парағы, қарындаштар

Суретті талдау.

1. Берілген тақырыпқа сәйкессіздік мынаны көрсетеді:

а) Мектепке деген мотивацияның төмен деңгейі. Бұл жағдайда баланың суретінде мектепке немесе оқу әрекетіне байланысты емес тақырыптар басым болады. Балалар көбінесе автомобильдерді, ойыншықтарды, әскери көріністерді немесе өзіне қызықты модельдерді бейнелейді. Мұндай мазмұн баланың ойын әрекетіне әлі де басымдық беретінін және оқу мотивациясының қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл жағдайды мотивациялық инфантилизм ретінде бағалауға болады.

ә) Негативизм немесе қарсылық реакциясы. Бала берілген тақырыпқа сәйкес сурет салудан бас тартады немесе өзіне ұнайтын, бірақ тапсырма мазмұнына қатысы жоқ бейнелерді салады. Мұндай мінез-құлық мектеп талаптарын қабылдау мен түсінуде қиындықтар бар, бейімделу процесі баяу жүріп жатқан білім алушыларға тән.

б) Тапсырманы түсінбеу немесе қабылдау ерекшеліктері. Бала берілген тапсырманы толық түсінбейді, не сурет салудан бас тартады, не өзге балалардың идеясын қайталайды. Мұндай жағдайлар көбіне психикалық дамуы тежелген немесе танымдық процестері баяу дамып келе жатқан балалар арасында байқалады.

2. Суреттің тақырыпқа сәйкестігі мектепке, оқуға деген оң көзқарасты көрсетеді, бірақ мұнда суреттің сюжетін талдау қажет:

а) Оқу ортасын бейнелейтін суреттер. Бала суретінде тақтада түсіндіру жүргізіп тұрған мұғалім, партада отырған білім алушылар, мектеп тақтасында тапсырмалар немесе сынып бөлмесінің элементтері бейнеленсе, бұл оның жоғары оқу мотивациясының, бастамашылдығының және танымдық қызығушылығының бар екенін көрсетеді. Мұндай балалар оқу әрекетіне оң көзқараспен қарап, мектеп өміріне белсенді қатысуға ұмтылады.

ә) Оқу сипатындағы емес, бірақ мектеппен байланысты сюжеттер. Мысалы, үзіліс кезінде жүрген оқушылар, мектеп дәлізіндегі көріністер, сөмке ұстаған балалар сияқты бейнелер – мектепке жағымды көзқарасы бар, бірақ оқу әрекетінің мазмұнына емес, оның сыртқы атрибуттарына көбірек мән беретін білім алушыларға тән. Бұл балалар үшін мектеп – ең алдымен қарым-қатынас пен әлеуметтік тәжірибе алаңы.

б) Ойын жағдайлары бар суреттер. Ауладағы әткеншек, ойын бұрышы, ойыншықтар, теледидар, терезедегі гүлдер және басқа да ойындық элементтер бейнеленсе, бұл оқуға оң көзқарасы бар, бірақ ойын мотивациясы басым балалардың ерекшелігін білдіреді. Мұндай білім алушылар үшін мектеп өміріндегі ойын және шығармашылық іс-әрекеттер маңызды рөл атқарады, ал оқу әрекетіне қызығушылық біртіндеп қалыптасады.

Түсіндірме: суреттерді талдау кезінде педагог-психолог баладан әр бейнеленген зат немесе көрініс не себепті салынғанын сұрауы қажет. Бұл тәсіл баланың ішкі мотивациялық күйін, оқу әрекетіне және мектеп ортасына қатынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Көрсетілген әдіс баланың оқу мотивациясының оң немесе теріс бағытын ғана емес, сонымен қатар оның мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынас сипатын, мектепке бейімделу деңгейін айқындауға көмектеседі.

Тақырып: «Қолғаптар» әдістемесі (Г. А. Цукерман)

Уақыты: 20 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: бейімделу диагностикасы

Пәндік білімдер: баланың эмоционалдық жағдайын зерттеу, оқу мотивациясын анықтау, мұғаліммен сыныптастарымен қарым-қатынасын бағалау

Мақсаты: ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру (кооперация) процесінде күш-жігерді келісу бойынша іс-қимылдардың қалыптасу деңгейін анықтау

Бағалау әдісі: сыныпта жұп болып жұмыс істейтін оқушылардың өзара әрекеттесуін бақылау және нәтижені талдау

Нұсқаулық: педагог-психолог білім алушыларды жұптарға бөліп отырғызады. Әр балаға бір-бірден қолғаптың силуэті (оң немесе сол қолға арналған) және түрлі-түсті қарындаштардың бірдей жиынтығы беріледі. Психологтың нұсқауы бойынша балалар қолғаптарды бірдей етіп безендіруі қажет, яғни олардың суреттері жұп болып сәйкес келуі тиіс.

Безендіру алдында балалар бірге ақылдасып, қандай өрнек салатынын және қандай түстерді қолданатынын келісіп алады. Үлгіні өздері еркін түрде ойлап таба алады. Бұл жаттығудың мақсаты – білім алушылардың өзара келісімге келуін, бірлесе шешім қабылдау қабілетін және серіктестік қарым-қатынасын дамыту.

Нәтижелерді өңдеу:

Төмен деңгей – балалардың орындаған жұмысында өрнектердің ұқсастығы байқалмайды немесе айырмашылықтар айқын көрінеді. Білім алушылар бір-бірімен келіспейді, өз пікірін ғана ұстанады, ортақ шешімге келуге тырыспайды. Бұл жағдай өзара әрекеттесудің төмен деңгейін және серіктестік дағдыларының жеткіліксіз дамығанын көрсетеді.

Орта деңгей – қолғаптардың өрнектерінде жартылай ұқсастық бар, яғни кейбір бөлшектердің түсі немесе пішіні сәйкес келеді, бірақ елеулі айырмашылықтар да байқалады. Мұндай нәтиже балалардың келісімге ішінара келе алғанын, бірақ бірлескен әрекетті толық үйлестіру дағдысының әлі де қалыптаспағанын білдіреді.

Жоғары деңгей – қолғаптар бірдей немесе өте ұқсас өрнекте безендірілген. Балалар үлгіні бірлесе талқылап, ортақ шешім қабылдайды, түстер мен пішіндерді таңдауда келісімге келеді. Олар жұмыс барысында бір-бірін бақылайды, қажет жағдайда көмектеседі және жалпы жоспардың орындалуын қадағалайды. Бұл деңгей білім алушылардың өзара әрекеттесу, келісу және бірлескен шешім қабылдау қабілеттерінің жоғары екенін көрсетеді.

«Қолғаптарды» бағалау критерийлері:

1) бірлескен жұмыстың нәтижелілігі – қолғаптардағы өрнектердің ұқсастық дәрежесі арқылы анықталады. Өрнектер неғұрлым ұқсас болса, балалардың өзара келісім мен серіктестіктегі әрекеті соғұрлым жоғары деп есептеледі.

2) келісу және өзара түсіністік деңгейі – балалардың ортақ шешімге келу қабілеті, өз көзқарасын дәлелдеу және серіктесін сендіру дағдылары ескеріледі.

3) өзара бақылау және жауаптылық – жұмыс барысында балалар бір-бірінің әрекетін қадағалай ма, бастапқы келісілген үлгіден ауытқуларды байқайды ма және оған қалай жауап береді – осы белгілер талданады.

4) эмоциялық өзара әрекет – сурет салу кезінде балалардың қарым-қатынасы бағаланады:

- позитивті қатынас – қызығушылықпен, қуанышпен жұмыс істеу, серіктесіне көмектесу, бірлескен іс-әрекеттен қанағат алу;

- бейтарап қатынас – міндетті түрде өзара әрекеттесу, бірақ эмоциялық белсенділіктің төмен болуы;

- теріс қатынас – серіктесін елемей, келіспеушілік, ұрыс-керіске бейімділік.

Бұл критерийлер балалардың өзара қарым-қатынас мәдениетін, ұжымдық жұмысқа бейімділігін және бірлескен әрекеттегі жауапкершілік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

«Мен оқушымын» түзету және дамыту сабақтары

Тақырып: Сәлемдесу

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру

Мақсаты: жағымды эмоционалды атмосфера қалыптастыру, топ мүшелерін біріктіру және бір-біріне деген сенім мен жақындық сезімін дамыту.

Педагог-психологтың нұсқаулығы: «Балалар, бүгін біз адамдардың бір-бірімен қалай амандасатыны туралы сөйлесеміз. Әр елде амандасудың өзіндік дәстүрі бар. Мысалы, орыстар бір-бірімен қол алысады. Ал қазір мен сіздерге қызықты тапсырма беремін – біздің топқа арналған ерекше, көңілді амандасу тәсілін ойлап табайық. Әрқайсыңыз өзіңізге серіктес таңдаңыз. Енді сіздердің міндеттеріңіз – тек біздің топқа тән ерекше сәлемдесу түрін ойлап табу. Бұл сәлемдесу ерекше әрі есте қаларлық болсын, бірақ сонымен қатар бәрімізге оңай қайталау мүмкін болсын. Сіздерге ойлануға және дайындалуға үш минут уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң, әр жұп өздерінің сәлемдесу тәсілін топқа көрсетеді. Біз бәріміз бірге ең қызықты және көңілді нұсқаны таңдап, келесі кездесулерімізде дәл солай амандасатын боламыз. Бұл біздің топтың ерекше белгісі және достықтың нышаны болады!»

Тақырып: «Сіздің атыңыз кім» ойыны

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру.

Мақсаты: білім алушыларды бір-бірімен таныстыру, қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту, топта жағымды эмоционалды атмосфера қалыптастыру

Өткізу барысы: білім алушыларға өз есімдерін қағазға жазып, өздерін таныстыру тапсырылады. Әр қатысушы кезекпен өз есімін айтып, қызығушылығы немесе сүйікті ісі туралы қысқаша әңгімелейді. Барлық қатысушылар бір-бірінің есімін есте сақтауға тырысады.

Тақырып: Сабақтағы мінез-құлық ережелері

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру.

Мақсаты: білім алушыларды ұжымдық әрекет барысында ерікті түрде қабылданған ортақ ережелерді сақтау дағдысына үйрету, топтағы тәртіп пен өзара құрметті қалыптастыру

Өткізу барысы:

Жүргізуші (педагог немесе психолог) балаларға сыныптағы мінез-құлық ережелерінің барлығы әр қатысушыға қатысты екенін түсіндіреді. Әр ереже оқылған соң, оны топпен бірге талқылайды:

- Сіз бұл ережені қалай түсінесіз?

- Сіз оны ұстануға дайынсыз ба?

Ұсынылатын ережелер үлгісі:

- Бір-бірден сөйлеу (мысалы, бойтұмар немесе шағын ойыншық қолында болған бала сөйлейді);

- Сөйлеп жатқан адамның сөзін бөлмеу;

- Басқаларға физикалық күш қолданбау;

- Ешкімді қорламау және мазақ етпеу.

Ережелер пиктограмма түрінде бейнеленіп, ватман парағына жазылады. Бұл парақ топ жұмысының барлық кезеңінде қабырғада көрнекі түрде ілулі тұрады. Егер білім алушыларда қосымша идеялар болса, олар өздерінің пиктограммаларын ұсынуына және ортақ ережелер тізімін толықтыруына мүмкіндік беріледі.

Тақырып: «Бірінші қыркүйек» ертегісі

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру

Мақсаты: білім алушыларды мектепке бейімдеу тақырыбымен таныстыру, оқу жылының басталуына байланысты жағымды эмоциялар мен ынта қалыптастыру, ұжымдық өзара әрекет дағдыларын дамыту

<i>Бірінші қыркүйек келді. Бұл күн – барлық оқушылар үшін ерекше күн! Әсіресе, бірінші сынып оқушылары үшін – бұл мектеппен, мұғаліммен және сыныптастарымен танысу күні.</i> <i>Күн күлімдеп, жылы самал жел бірінші сынып оқушыларын мектепке шығарып салды. Ұқыпты киінген, қолында гүл шоқтары мен портфелі бар балалар орман мектебіне бет алды.</i> <i>Мектептің алдында оларды кірпі ұстаз қарсы алды. Ол әр баланы жылы жүзбен қарсы алып, гүлдерін қуана қабылдады.</i> <i>– Рахмет, балалар! – деді мұғалім, күлімдеп. – Қандай әдемі гүлдер әкеліңіздер!</i> <i>Сол сәтте сауысқан дауыстан:</i>	Сұрақ талқылауға ұсынылады: – Неліктен балалар балабақшаға баруды тоқтатып, мектепке бара бастайды?
--	---

– Оқушылар келді! – деп айқайлап, жаңғырығын бүкіл орманға таратты. – Ал, балалар, енді сыныпқа кіріп, өздеріңе ыңғайлы партаны таңдап алыңдар, – деді кірпі ұстаз салтанатты түрде. Бірінші сынып оқушылары абайлап сыныпқа кіріп, айналасына қарап, өздеріне ұнаған орынға отырды. – Бүгінгі алғашқы сабағымызда біз танысамыз, – деді кірпі. – Әрқайсысың өз есімдеріңді және немен айналысқанды ұнататыныңды айтасыңдар. Балалар бірінен соң бірі өздерінің сүйікті ойындары, мультфильмдері, кітаптары және тәттілері туралы айтып шықты. Тек қоян ғана үнсіз қалды. Ол қысылып, үстелдің артына тығылып, құлақтарын төмен түсіріп отырды. Кірпі мұғалім оған бірден жүгінбей, алдымен барлық оқушылардың сөзін тыңдап шықты. Содан кейін жылы дауыспен: – Ал сенің атың кім, қоян? Нені жақсы көресің? – деп сұрады. Қоянның құлағының арасынан әлсіз дауысы естілді: – Мен бе?.. Білмеймін... – деді ол дірілдеп. – Сені біреу қорқытты ма? – деп алаңдады мұғалім. – Иә... ағатайым... – деді қоян күмілжіп. – Ол не деді сонда? – Ол айтты... мектепте нашар оқығандарды инемен шанишды, ал жақсы оқығандарға ғана тәтті береді... Барлық оқушылар ду күлді. Кірпі мұғалім де жымылып: – Иә, сенің ағайың – нағыз қиялишыл екен! – деді. – Ол сені мектепке жібергісі келмеген сияқты ғой. Бәлкім, сенсіз ойнайтын ешкім қалмайды деп ойлаған шығар. Қоян сәл ойланып, басын изеді: – Мүмкін... ол менің одан да жақсы секіретінімді қызғанған шығар... – Сен секіру мен жүгіруді ұнатасың ба? – деп сұрады мұғалім. – Иә, өте жақсы көремін! – деп қуана жауап берді қоян. – Өте жақсы! Демек, сен дене шынықтыру сабағында ең үздік оқушы боласың! Ал үзіліс кезінде достарыңа ойын ұйымдастыруға көмектесесің, – деді кірпі күлімдеп. Балалар шаттанып қол шапалақтады. Қоян да күліп, енді мектептен қорықпады. Сөйтіп, орман мектебінде бірінші қыркүйек көңілді әрі қуанышқа толы өтті. Осы сөздерден кейін мұғалім сабақтан қоңырау шалып, кірпі балаларды дәлізге демалуға шақырды. Бірінші сынып оқушылары сыныптан күлімсіреп шықты, ал қоян бәрінен бұрын сенімді түрде жүрді.	Талқылау барысында барлық білім алушылардың өз пікірін білдіруіне мүмкіндік беріледі. Педагог (немесе жүргізуші) балалардың жауаптарын мұқият тыңдап, олардың ой-пікірлерін жинақтап, қорытынды жасайды.
---	---

Жүргізуші балалардың айтқан тұжырымдарын біріктіріп, «Мектеп өмірінің білгірі болу» – әр баланың басты міндеті екенін атап өтеді. Бұл ұстаным білім алушылардың мектепке деген қызығушылығын арттыруға және оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандырады.

Тақырып: Сурет

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру

Мақсаты: «Мектепке дейінгі бала» мен «мектеп оқушысы» рөлдерінің айырмашылығын түсіндіру.

Өткізу барысы: балалар екі сурет салады: «Мен мектепке дейін» және «Мен мектеп оқушысымын». Суреттерді шатастырмай, айырмашылықтарын анық көрсету тапсырылады. Уақыт шектеулі, педагог оны ескертіп отырады.

Жұмыс соңында балалар суреттері туралы айтып, пікір бөліседі. Белсенді емес балалар жеке сұрақтар арқылы талқылауға тартылып, мадақталады.

Нәтиже: балалар өздерін «оқушы» рөлінде сезініп, жаңа ортаға бейімделудің маңызын түсінеді.

Тақырып: Қорытынды бөлім

Уақыты: 35 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулар

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру

Мақсаты: алынған нәтижелерді бекіту және тақырыпты қорытындылау

Жетекшінің әрекеті: педагог немесе психолог балалармен бірге «Шәкірт деген кім?» тақырыбы бойынша өткен сабақтың қорытындысын талқылайды. Балалардың салған суреттерін көрмеге қойып, әңгіме жүргізеді:

- Суретінде не бейнеленген?
- Өз-өзіңді суретте қалай көрсеттің?
- Нағыз шәкірт қандай болады деп ойлайсың?
- Саған мектеп ұнай ма? Неліктен?

Балалар өз ойларымен бөлісіп, мектептегі алғашқы әсерлері мен сезімдері туралы айтады. Жетекші олардың жауаптарын мақтап, мектепке деген қызығушылық пен сенімді көзқарас қалыптастырады.

Қорытынды:

- Шәкірт – бұл үйренуге ынталы, жаңа білімге ашық, достарымен тату және мұғалімін тыңдай білетін бала.

- Мектеп – білім мен қуанышқа, достық пен қызыққа толы ғажайып әлем!

Тақырып: «Мектеп ережелері»

Уақыты: 20 мин

Негізгі мазмұны: мектеп, мұғалім және сынып ұжымымен танысу; сабырлылық пен табандылық қасиеттерін дамыту; мектеп ережелерімен танысу; ойын әрекеті арқылы жаңа ортаға бейімделу

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: топтық сергіту жаттығулары

Пәндік білімдер: эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзіне сенімділік арттыру.

Атауы	Мақсаты	Мысалы
«Орнынан тұр, егер...» ойыны	Балаларды белсенді ету, топта жағымды атмосфера қалыптастыру, өзін-өзі тануға және рефлексияға бейімдеу	Жүргізілуі: Жүргізуші сөйлемді бастап, балалар белгілі бір қасиетке сәйкес келсе, орындарынан тұрады. Мысалы: – Орнынан тұр, егер сен мейірімді болсаң. – Орнынан тұр, егер сен бүгін жақсы көңіл-күймен келсең. – Орнынан тұр, егер сен достарыңды жақсы көрсең. Тұрған балалар бірге хормен айтады: «Барлығына жақсы көңіл күй тілейміз!»
«Мектептегі мінез-құлық ережелері» жаттығуы	Білім алушылардың мектеп ережелері туралы түсінігін қалыптастыру, жауапкершілік сезімін дамыту, сыныпта қолайлы мінез-құлық нормаларын бекіту	Жүргізілу барысы: жүргізуші (педагог немесе психолог) балаларға сұрақ қояды: - Балалар, мектепте қандай ережелер қажет деп ойлайсыңдар? Балалардың жауаптары тыңдалып, тақтаға жазылады. Мысал ережелер: • Сабақта мұғалімнің айтқанын тыңдау; • Достарды ренжітпеу және көмектесу; • Үзілісте қауіпсіз және тыныш ойнау; • Сабаққа уақытылы келу; • Қол көтеріп сөйлеу; • Мектеп заттарына ұқыпты қарау және т. б. Жүргізуші әр ережені пиктограмма түрінде белгілейді: - кей суреттер алдын ала дайындалады; - кейбірін балалармен бірге сабақ барысында толықтырады. Қорытынды кезең: балалар өз дәптерлеріне ережелер тізімін жазып, бір ереже бойынша шағын сурет немесе белгі салады. Жүргізуші: – Бұл ережелер бізге мектепте қуанышпен, қауіпсіз және достықта өмір сүруге көмектеседі! Ережелер жазылған ватман постер сабақтан кейін сынып қабырғасына ілінеді.
Сурет салу тапсырмасы «Ережесі бар мектеп және ережесіз мектеп»	Балалардың мектеп ережелерінің маңызын түсінуін бекіту, тәртіптің оқу процесіндегі	Жүргізілу барысы: жүргізуші балаларға бағыттаушы сұрақ қояды: – Егер мектепте ешқандай ереже болмаса, не болар еді? Балалар екі бөлек сурет салады: ☐ «Ережесі бар мектеп» – мұнда достық, тәртіп, тыныштық, өзара құрмет көрініс табады.

	рөлін сезіну, салыстыру арқылы қорытынды жасай алу дағдыларын дамыту	2 «Ережесіз мектеп» – шу, тәртіпсіздік, реніш, қауіпті әрекеттер бейнеленеді. Талқылау сұрақтары: • Қай сурет көңілді, қайсысы жағымсыз болып шықты? • Қай мектепте өзінді қауіпсіз сезінесің? • «Ережесіз мектепте» оқу ұнай ма еді? Неліктен? • Ережелер барлық балаға бірдей маңызды ма? Балалар жауаптары тыңдалып, жалпы қорытынды шығарылады. Қорытынды: – Мектеп ережелері – барлығымызға қажет. – Олар бізге қауіпсіз, қызықты және жайлы ортада оқуға көмектеседі. – Ережелерді сақтау – жауапкершілік пен өзіне және өзгеге құрметтің белгісі.
--	--	---

«Менің мектебім-менің екінші үйім»

Психологпен бірлесіп ұжымдық ойындар

Тақырып: «Мектеп ережелері»

Уақыты: 40-45 мин

Негізгі мазмұны: мектеп бөлмелерімен танысу, ұжымдық өзара әрекет және ынтымақтастық дағдыларын дамыту

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, құрмет

Психологтың қатысуы: психологпен бірлесіп ұжымдық ойындар

Пәндік білімдер: білім алушылардың қарым-қатынас жасау, бірлесіп әрекет ету, өз эмоциясын тану және құрдастарымен ынтымақта жұмыс істеу дағдыларын дамыту; әлеуметтік дағдылар мен ұжымда әрекет ету қабілетін қалыптастыру

Мақсаты: білім алушыларды мектеп бөлмелерімен таныстыру, ұжымдық әрекетке тарту және ынтымақтастық дағдыларын дамыту

Сабақ барысы:

Сабақ басында балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіз білдіру арқылы амандасады. Бұл кезеңнің мақсаты – жағымды эмоционалды көңіл күй орнатып, топ ішінде өзара сенім атмосферасын қалыптастыру.

1. «Ережелерді ата» жаттығуы

Мақсаты: топта қабылданған ережелерді бекіту және оларды сақтауда жауапкершілікті арттыру.

Әр балаға бір парақ қағаз беріледі. Тапсырма – топтық жұмыс ережелерін сурет (пиктограмма) түрінде бейнелеу.

Жұмыс соңында балалар өз суреттерін таныстырып, неге бұл ереже маңызды екенін түсіндіреді.

Мысалы: «Бір-бірімізді тыңдаймыз», «Қол көтеріп сөйлейміз», «Достарымызды ренжітпейміз» және т.б.

Қажет болған жағдайда жүргізуші балаларға ойын нақты жеткізуге көмектеседі.

2. «Ұстап көр...» ойыны

Мақсаты: балалардың өзара байланысын, топтың бірлігін арттыру және айналасындағы адамдарға назар аударуға үйрету.

Барлық қатысушылар шеңберге тұрады. Бір бала жүргізуші болып, белгілі бір түсті атайды (мысалы, «қызыл»). Балалар сол түстегі затқа тиіп көруі керек.

Ойынды күрделендіруге болады: егер бір бала екіншісіне тисе, ол қайта тигізе алмайды – басқа адамды таңдайды.

Жүргізуші ойын барысында біреуге байқаусызда ауыр тиген жағдайда, сыпайылық пен сыйластық ережелерін еске салады.

3. «Ертегі құрастыру» шығармашылық тапсырмасы.

Мақсаты: мектептегі күн тәртібін сөз арқылы сипаттау, шығармашылық қабілеттер мен қиялды дамыту.

Балалар жұптарға бөлініп, берілген суреттерге сүйене отырып, мектеп өмірі туралы қысқа ертегі құрастырады.

Шарт: ертегі қуанышты, позитивті аяқталуы тиіс.

Соңында әр жұп өз ертегісін сынып алдында оқиды. Егер балаларға қиын болса, басқа топ көмектеседі.

Қорытынды:

Сабақ барысында балалар мектеп ережелерін бекітіп, бір-бірімен ынтымақтастықта әрекет етуге үйренеді. Шығармашылық және ойын тапсырмалары арқылы достық қарым-қатынас қалыптасып, оқу процесіне жағымды көзқарас орнығады.




4. «Мектеп тәртібі» жаттығуы

Мақсаты: сабақ пен үзіліс ұғымдарын бекіту, мектеп күнінің құрылымымен таныстыру.

Өткізу барысы: жүргізуші (педагог немесе психолог) балаларға мектеп күнінің әр кезеңін бейнелейтін суреттерді көрсетеді: сабақ, үзіліс, асхана, демалыс, үйге қайту және т.б. Талқылау барысында тақтада «таңертеңгі келуден кешкі кетуге дейін» мектеп күнінің кестесі құрылады. Сабақ пен үзіліс арасындағы ауысым қоңырау арқылы белгіленеді.

Балалар осы үлгіге сүйене отырып, өз дәптерлеріне мектеп күнінің тәртібін қарапайым сызба түрінде бейнелейді. Жүргізуші тақтада үлгі ретінде сурет жасап, балаларға бағыт береді.

Жұмыс аяқталған соң балалардың сызбалары негізінде ортақ нұсқа құрастырылып, сынып қабырғасына ілінеді. Егер кейбір балалар өз қабілеттеріне сенімсіздік танытса, жүргізуші қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық белсенділігін ынталандырады.



5. Қорытындылау бөлімі

Мақсаты: сабақта алынған нәтижелерді бекіту, мектеп тәртібін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

Өткізу барысы: жүргізуші сабақтың қорытындысын шығарып, балалармен мектеп күнінің тәртібі бойынша әңгіме жүргізеді:

- Егер мектеп тәртібін сақтамасақ не болады?
- Қоңырауға мән бермесек ше?
- Үзілісте шуласақ, сабақта өзімізді қалай сезінеміз?

Балалар өз ойларын бөліседі. Талқылау барысында жүргізуші мектеп тәртібін сақтау тыныштық пен достықтың, жақсы көңіл күй мен табысты оқудың кепілі екенін атап өтеді.

Қорытынды: «Мектеп тәртібін сақтау – табысты оқу мен жақсы көңіл күйдің кілті!».

Достық және сыйластық

Тақырып: «Достық және сыйластық»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: құрдастар арасында өзара көмек пен түсіністік орнату, достық қарым-қатынасты дамыту

Құндылықтық бағыт: құрмет, адалдық

Психологтың қатысуы: эмоциялық интеллектті дамыту жаттығулары

Пәндік білімдер: білім алушылардың қарым-қатынас жасау, бірлесіп әрекет ету, өз эмоциясын танып, құрдастарымен ынтымақта жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Білім алушылардың әлеуметтік дағдыларын және ұжымда әрекет ету қабілетін қалыптастыру.

Атауы	Мақсаты	Міндеттері	Өту барысы
«Жылы сөз шеңбері»	Балалардың бір-біріне жылы сөз айту және жағымды эмоция сыйлау дағдыларын дамыту, қарым-қатынаста сыйластық пен қамқорлықты қалыптастыру	– өз эмоциясын сөз арқылы білдіруге үйрету; – өзгеге жылы сезім білдіруден қуаныш алу; – эмоциялық интеллект пен эмпатияны дамыту	Балалар шеңберге тұрады. Мұғалім қолындағы жұмсақ ойыншықты бір балаға беріп: «Мен саған жылы сөз айтамын, себебі сен...» – дейді (мысалы: «мейірімдісің», «күлімсірейсің»). Ойыншықты алған бала келесі қатысушыға жылы сөз айтып береді. Осылайша барлық балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Талқылау: - Қай сөздер сені қуантты? - Неліктен басқаға жақсы сөз айту маңызды деп ойлайсың?
«Жақсы дос қандай?»	Балаларды достық қасиеттерін тануға және жағымды мінез-құлықты бекітуге үйрету	– «Достық» ұғымын нақтылау; – өз және өзгенің әрекетін	Мұғалім сұрақтар қояды, балалар қол көтеріп немесе түрлі түсті карточкалармен жауап береді: – Жақсы дос не істейді? Ал жаман дос ше? – Егер досың ренжісе, не істер едің?

		бағалауға үйрету; – эмоциялық рефлексияны дамыту	Тақтаға екі шеңбер сызылады: «Жаксы достың ісі» және «Жаман достың ісі». Балалар дайын немесе өздері салған суреттерді осы шеңберлерге орналастырады. Талқылау: – Біз өзіміз қандай дос болғымыз келеді? – Қалай жақсы дос болуға болады?
«Сыйластық көпірі»	- сыйластық пен өзара көмектесу сезімін дамыту; - бірігіп әрекет ету және қарым-қатынас орнату дағдысын жетілдіру	– командалық өзара көмек пен сенімді қалыптастыру; – эмпатия мен түсіністік дағдыларын дамыту; – сыйластықтың маңызын тәжірибе арқылы сезіну	Балалар екі топқа бөлінеді. Еденге «көпір» ретінде арқан немесе сызық қойылады. Әр бала қарсы топтағы досына жылы сөз айтып, көпірден өтеді. Мысалы: «Мен сені сыйлаймын, себебі сен мейірімдісің», «Мен сені құрметтеймін, себебі сен көмектесесің». Барлығы бір-біріне жақсы сөз айтып, көпірден өтуді аяқтайды. Талқылау: - Бір-бірімізге жылы сөз айту неге маңызды? - Егер адамдар бірін-бірі сыйласа, не өзгереді?

Тақырып: «Менің көңіл-күйім»

Уақыты: 30–35 минут

Негізгі мазмұны: эмоцияларды тану және реттеу, релаксациялық жаттығулар орындау

Құндылықтық бағыт: өз-өзіне құрмет, сабырлылық

Психологтың қатысуы: психолог жүргізетін релаксация сессиясы

Пәндік білімдер: білім алушылардың өз көңіл-күйін тану, білдіру және реттеу қабілетін дамыту; сыныпта жағымды эмоциялық ахуал орнату

Атауы	Мақсаты	Міндеттері	Өту барысы
Жаттығу: «Көңіл-күй гүлдері»	балалардың өз эмоцияларын тануға және атауға үйрету, көңіл-күйін түстер мен бейнелер арқылы білдіруге дағдыландыру	- эмоция түрлерін (қуаныш, реніш, қорқыныш, таңғалу, тыныштық т.б.) ажырату; - өз сезімін бейнелеу арқылы жеткізуге үйрету; - эмпатия мен өзіндік рефлексияны дамыту	Мұғалім түрлі түсті қағаздан қиылған гүл күлтелерін таратады. Әр түс белгілі бір көңіл-күйді білдіреді: - сары – қуаныш, - көк – мұң, - қызыл – сүйіспеншілік, - жасыл – тыныштық, - қызғылт сары – белсенділік Балалар өз көңіл-күйін бейнелейтін түсті тандап, гүл ортасына жапсырады. Кейін әр бала гүлін таныстырып:

			«Менің көңіл-күйім – ..., себебі мен ...» деп бөліседі. Талқылау: - Қай түстер жиі таңдалды? - Қуанышты көңіл-күйге не әсер етеді? - Мұнайғанда көңілді қалай көтеруге болады?
Релаксациялық жаттығу: «Бұлтқа мінейік»	Балаларды өз эмоцияларын реттеу мен тыныштану тәсілдеріне үйрету, тыныс алу мен денені босаңсыту арқылы ішкі үйлесімділік қалыптастыру	- эмоциялық шиеленісті азайту; - назарды шоғырландыру және тыныс алу дағдысын қалыптастыру	Мұғалім баяу, сабырлы дауыспен нұсқау береді: «Көздеріңді жұмып, өздеріңді аспандағы ақ мамық бұлтта отырмын деп елестетіңдер. Бұлт баяу жүзіп келеді, күн жылы. Терең тыныс алайық... (3 рет терең тыныс алу және шығару). Енді бұлт сендерді сүйікті жерлеріңе апарып бара жатыр... Онда бәрі тыныш, бәрі жылы...» 1–2 минут тыныштықтан кейін мұғалім балаларға көздерін ашуды ұсынады. Талқылау: - Қандай сезімде болдыңдар? - Қайда бардым деп елестетіңдер? - Қазір өздеріңді қалай сезініп тұрсыңдар?
«Эмоция айнасы»	эмоцияларды ажыратуға және оларды мимика арқылы көрсетуге үйрету; эмпатия мен бақылаушылық қабілеттерін дамыту	- негізгі эмоцияларды (қуаныш, қорқыныш, ашу, реніш, таңғалу) тануға үйрету; - басқаның көңіл-күйін байқау және түсіну дағдысын қалыптастыру	Балалар жұпқа бөлінеді. Бір бала – «айна», екіншісі – «адам» рөлінде болады. «Адам» бет-әлпеті мен қимылы арқылы белгілі бір эмоцияны көрсетеді (мысалы: қуаныш, қорқыныш, реніш, таңғалу). «Айна» сол эмоцияны дәл қайталайды. Кейін рөлдер ауысады. Мұғалім эмоциялардың атауын атап, ойынның қарқынын өзгертіп отырады: «Қуаныш!», «Реніш!», «Қорқыныш!», «Таңғалу!», «Тыныштық!» Талқылау: - Эмоцияларды көрсету қиын болды ма? - Қай көңіл-күйді жақсы түсіндің? - Адамның көңіл-күйін қалай байқауға болады?

Тақырып: «Менің жетістігім»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру жаттығулары

Құндылықтық бағыт: жауапкершілік, адалдық

Психологтың қатысуы: «Менің жетістігім» тренингі

Пәндік білімдер: білім алушылардың өзін-өзі тану, өз мүмкіндіктерін бағалау және сенімділігін арттыру дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаты: білім алушылардың өзіне сенімділігін арттыру, жетістіктерін бағалай білуге және табысқа жетудің маңызын түсінуге үйрету, бір-біріне қолдау көрсету дағдысын дамыту

1. Шаттық шеңбері: «Жылы сөздер»

Жаттығу барысы: балалар шеңберге тұрып, кезекпен көршісіне жылы сөз немесе мақтау айтады (мысалы: «Айназ – сен мейірімдісің!», «Мирас – сен жақсы доссың!»). Алғашқы мысалды мұғалім немесе психолог айтады

Мақсаты: жағымды эмоционалды атмосфера қалыптастыру және өзара сенімділік орнату

«Менің қолымнан бәрі келді» жаттығуы

Ресурстар: А4 қағаз, түрлі-түсті қаламдар

Сабақ барысы:

– Балалар өз алақандарын қағазға бастырып салады.

– Әр саусаққа өз жетістіктері мен жақсы қасиеттерін жазады (мысалы: «жақсы сурет саламын», «досқа көмектесемін», «таза жүремін»).

– Кейін әр бала өз жұмысын көрсетіп, қысқаша түсіндіреді.

Мақсаты: өзін-өзі бағалауды дамыту, жеке жетістіктерін тануға және сенімділікті арттыруға үйрету

3. «Сенемін!» қозғалыс ойыны

Мақсаты: өзара сенімді қалыптастыру, серіктестік дағдыларын дамыту және ішкі сенімділікті арттыру

Барысы:

– Балалар жұппен жұмыс істейді: бір бала көзін жұмып, екіншісі оны сынып немесе зал ішінде бағыттап жетелейді.

– Көзін жұмған бала кедергілерден серігінің көмегімен өтіп, оған сенім білдіруі тиіс.

– Уақыт біткеннен кейін рөлдер ауыстырылады.

4. «Менің үлкен жетістігім» талқылау

Мақсаты: жетістік сезімін қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне сенуді және мотивацияны арттыру

Барысы:

Балаларға сұрақтар қойылады:

– Қай кезде өзінді жеңімпаз сезіндің?

– Соңғы уақытта қандай жетістікке жеттің?

Балалар өз ойларын еркін бөліседі.

5. *Сергіту сәті:* «Сиқырлы сөздер» биі

Мақсаты: сыпайы сөздерді қолдану дағдысын қалыптастыру, жағымды эмоция тудыру

Барысы:

Балалар шеңберге тұрып, сиқырлы сөздерді (рақмет, кешір, өтінемін, т.б.) айтып, әр сөзге сәйкес қимыл жасайды.

Мысалы: «рақмет» – қолды жүрекке қою, «кешір» – қол бұлғау, «өтінемін» – қолды бірге қосу.

6. Қорытынды: «Жетістік жұлдызы»

Материал: Жұлдыз пішінді қағаздар

Барысы: әр балаға бір жұлдыз беріледі.

Балалар өз жұлдыздарына бүгінгі тренингтен алған әсерін немесе мақсаттарын жазады, мысалы: «Мен енді батыл боламын», «Мен досыма көмектесемін».

Жұлдыздарды сынып қабырғасында орналасқан «Жетістік аспаны» тақтасына жапсырады.

Психолог/мұғалімнің қорытынды сөзі: «Бүгін біз өзіміздің күшті тұстарымызды таныдық, бір-бірімізді қолдадық. Әрқайсың – ерекше, сенімді, жетістікке жете алатын керемет балаларсыңдар!»

Тақырып: «Бірлік пен ынтымақ – біздің күшіміз»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: бірлесе әрекет ету, топтық ойындар ойнау, бір-біріне қолдау көрсету, көмектесу

Құндылықтық бағыт: ынтымақтастық, мейірімділік

Психологтың қатысуы: топтық үйлесімділікті дамытуға арналған жаттығулар жүргізу

Пәндік білімдер: білім алушылардың бір-біріне құрметпен қарап, бірлік пен ынтымақтастықта әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

Атауы	Мақсаты	Жаттығу барысы
Ортақ сурет	Бірлесе әрекет ету, топ ішінде келісімге келуді үйрену, шығармашылықты дамыту	Қажетті құралдар: ватман, түрлі түсті қарындаштар/бояулар Барысы: 1. Балаларды 4–6 адамнан тұратын шағын топтарға бөлу. 2. Әр топқа үлкен қағаз (ватман) және бояулар беру. Тапсырма: «Достық» немесе «Біздің мектеп» тақырыбында бірге бір сурет салу. Балалар суретті бөліп салмай, бір-бірімен келісіп, бөлісіп салады: Мысалы, бірі күнді салады, бірі мектепті, бірі балаларды және т.б. Күтілетін нәтиже: Топ мүшелері бірге жұмыс істей отырып ортақ нәтиже шығарады. Бір-біріне қолдау көрсетуді, келісімге келуді және шығармашылыққа деген ынтаны дамытады
«Жіп арқылы байланыс»	Ынтымақтастықты дамыту, бір-бірімен байланыс сезімін күшейту	1. Балалар шеңберге тұрады. 2. Жаттығуды жүргізуші (мұғалім / психолог) жіптің бір ұшын ұстап тұрып, бір оқушыға доп лақтырғандай лақтырады және сол сәтте жылы сөз немесе мақтау

	Қажетті құралдар: бір түсті ұзын жіп (шарик жіп сияқты)	айтады. Мысалы: «Айгерім, сен әрқашан күлімсірейсің!» 3. Сол оқушы да жіпті ұстап, келесі балаға лақтырып, жылы сөз айтады. 4. Жаттығу соңында шеңбер ішінде «жіп торы» пайда болады – бұл барлық балалардың бір-бірімен байланыста екенін білдіреді. Күтілетін нәтиже: - Балалар өзара қолдау көрсетудің маңызын түсінеді. - Бір-біріне жылы сөз айту арқылы топтық ынтымақтастық сезімі күшейеді.
«Көпірден бірге өту» (қимыл-қозғалыс ойыны)	Топта үйлесімді әрекет ету, бір-біріне көмектесу, сенімділік қалыптастыру Қажетті құралдар: еденге сызық немесе лента арқылы «көпір» белгілеу (ені 30-40 см)	1. Еденге ұзын, тар жолақ сызылады – бұл «көпір». 2. Балалар 4–5 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. 3. Әр топтың мақсаты – барлық мүшелермен бірге көпірден құламай, бір-біріне көмектесе отырып өту. 4. Қол ұстасып, бір-біріне тірек бола отырып жүруге рұқсат етіледі. Күтілетін нәтиже: 1. Топ ішінде қолдау көрсетудің және бірліктің маңызын сезінеді. 2. Сенімділік пен өзара үйлесімді әрекет ету дағдылары дамиды. 3. Қозғалыс координациясы мен топтық бірлік нығаяды

Тақырып: «Жауапкершілік шеңбері»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: қарапайым еңбек әрекеттерінің маңызын ұғыну

Құндылықтық бағыт: еңбекқорлық, адалдық

Психологтың қатысуы: «Жауапкершілік шеңбері» жаттығуы

Пәндік білімдер: білім алушылардың еңбектің маңызын түсінуіне, табандылық пен жауапкершілікке тәрбиелеу арқылы ерлікке бастайтын қасиеттерді қалыптастыру.

Мақсаты: балаларға қарапайым еңбек әрекеттерінің (жинау, тазалау, көмектесу, т.б.) маңызын ұғындыру; еңбекқорлық пен адалдықтың мәнін түсіндіру; өз ісіне жауапкершілікпен қарауға баулу

Қажетті құралдар: түсті стикерлер немесе кішкентай карточкалар, маркерлер, үлкен шеңбер етіп сызылған плакат немесе еденге сызылған шеңбер

Жаттығу барысы: балалар шеңбер құрып отырады немесе тұрады. Мұғалім немесе психолог оларға «Жауапкершілік деген не?» және «Сен қандай еңбек әрекеттерін істей аласың?» деген сұрақтар қояды. Мысалы, балаларға төсекте жинау, еденді сыпыру, гүлге су құю немесе досқа көмектесу сияқты әрекеттерді айту ұсынылады. Содан кейін әр балаға стикер немесе карточка беріледі және олар өздерінің күнделікті жасайтын еңбек әрекетін жазып немесе сурет салады. Кезекпен әр бала өз карточкасын үлкен «жауапкершілік шеңберіне» орналастырады. Оны тақтаға немесе қабырғаға шеңбер түрінде жапсырады. Балалар өз ісі туралы қысқаша айтып өтеді, мысалы: «Мен үйде ыдыс жуамын» немесе «Мен ағама көмектесемін». Соңында мұғалім қорытындылап, балаларға қарапайым еңбек пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіреді.

Күтілетін нәтиже: балалар өз еңбектерінің құндылығын түсінеді; жауапкершілік пен еңбекке позитивті көзқарас қалыптасады; бір-бірінің еңбегін құрметтеуді үйренеді.

«Мен және менің отбасым» тренинг

Тақырып: «Мен және менің отбасым»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: отбасы құндылықтары, ата-ананы құрметтеу

Құндылықтық бағыт: құрмет, жауапкершілік

Психологтың қатысуы: отбасылық қарым-қатынас тренинг

Пәндік білімдер: білім алушылардың өз отбасын тануы, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін қалыптастыру, өз-өзіне және отбасысына деген жауапкершілікті дамыту

Мақсаты: отбасы құндылықтарын ұғындыру; ата-ананы, отбасы мүшелерін құрметтеу; құрмет пен жауапкершілікке тәрбиелеу; эмоционалдық қарым-қатынасты нығайту

Тренинг құрылымы:

1. Амандасу. Психологиялық дайындық

2. Негізгі бөлім – жаттығулар

3. Қорытынды және кері байланыс

1. Психологиялық дайындық – «Шаттық шеңбері» / «Жылы сөздер шеңбері»

Мақсаты: тренингке жағымды көңіл-күй орнату және балалардың бір-біріне деген жылы қарым-қатынасын қалыптастыру

Барысы:

- Балалар шеңберге тұрады. Әрқайсысы оң жағындағы көршісіне жылы сөз немесе мақтау айтады, мысалы: «Сен мейірімдісің» немесе «Көңілдісің». Мұғалім немесе психолог өзі бастап, балаларға үлгі көрсетеді.

Әр бала оң жағындағы көршісіне жылы сөз немесе мақтау айтады (мысалы: «Сен мейірімдісің», «Көңілдісің»).

2. Негізгі бөлім – жаттығулар

1) «Менің отбасым – менің мақтанышым» жаттығуы

Мақсаты: отбасына деген махаббатты арттыру, әр баланың отбасылық қарым-қатынасын таныту.

Барысы:

Балалар өз отбасылары туралы сурет салады және әрқайсысы өз суретін көрсетіп, отбасы туралы 1–2 сөйлеммен айтып береді. Мысалы: «Менің отбасымда 4 адам. Анам мені мектепке дайындайды, әкем менімен ойнайды. Мен оларды жақсы көремін».

2) «Жүректен жүрекке – жылы сөз» жаттығуы

Мақсаты – балалардың ата-анасына алғыс айту дағдысын дамыту және отбасылық қарым-қатынасты нығайту. Жаттығу барысында мұғалім балаларға «Кімге, не үшін алғыс айтқың келеді?» деп сұрақ қояды. Әр бала өз отбасы

мүшесіне алғыс айтады, мысалы: «Анашым, дәмді тамақ үшін рақмет!» немесе «Әкем маған үй тапсырмасын орындауға көмектеседі, рақмет!».

3) «Отбасы ағашы» жаттығуы

Мақсаты – отбасындағы әр адамның рөлін түсіну, бірлік пен сыйластықты көрсету. Мұғалім тақтаға үлкен ағаштың суретін іледі. Балаларға жапырақ пішінінде қағаздар таратылады, және олар әр жапыраққа отбасы мүшесінің атын және оның жақсы қасиетін жазады. Жапырақтарды ағашқа жапсыру арқылы сыныптың ортақ «Отбасы құндылықтары ағашы» жасалады. Бұл жаттығу балаларға отбасының әр мүшесінің маңызын және олардың бір-бірімен байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды: тренинг соңында мұғалім балалардан бүгінгі жаттығулардан не үйренгендерін сұрайды. Мысалы: «Саған қандай жаттығу ұнады?» немесе «Отбасың туралы не айтқың келеді?» деген сұрақтар қойылады.

Одан кейін мұғалім қорытындылайды.

Үйге тапсырма ретінде балаларға «Ата-анама көмектесемін» тақырыбында шағын жоспар құру ұсынылады. Олар күнделікті өмірде жасай алатын қарапайым әрекеттерін, мысалы гүлге су құю, заттарды орнына қою немесе басқа да көмектесу іс-әрекеттерін жазып, келесі сабаққа әкеледі.

Тақырып: «Мен елімді сүйемін»

Ұзақтығы: 30–35 минут

Негізгі мазмұны: Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекеттік рәміздер туралы әңгіме

Құндылықтық бағыт: отаншылдық

Психологтың қатысуы: психологтың патриоттық мотивациялық әңгімесі

Пәндік білімдер: білім алушылардың өз Отанына деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін және елінің тарихы мен мәдениетін құрметтеуін дамыту

Балалар, бүгін біз бәрімізге ортақ, бәрімізге қымбат бір сөз туралы сөйлесеміз. Ол сөз – Отан. Отан дегеніміз – біз туып-өскен ел, біздің әкеміз бен анамыз, достарымыз, мектебіміз, көк аспан, кең дала, туған жеріміз. Отан – біздің жүрегіміздің бір бөлшегі.

Психолог балаларға былай әңгімелейді: «Балалар, көздерінді жұмып, елестетіп көріңдерші. Көк аспан астында жайқалған кең дала, биік таулар, көк ту желбіреп тұр. Бұл – біздің Қазақстан! Біз – Тәуелсіз елдің ұрпағымыз. Әр таңымыз – бейбіт, әр күніміз – шуақты. Біз мектепке еркін барып, білім алып жүрміз – бұл біздің Отанымыздың қамқорлығы.

Отанды сүю деген – тек үлкен істер жасау емес. Отанды сүю – кішкентай істерден басталады. Мысалы, қоқыс тастамау, мектепті таза ұстау, достарына көмектесу, туды құрметтеу, әнұранды жатқа айту – міне, бұл да Отанға деген сүйіспеншілік.

Мемлекеттік рәміздерімізді білесіңдер ме? Көк Ту – біздің бірлігіміздің белгісі. Елтаңба – еліміздің бейнесі. Әнұран – жүрекпен айтылатын еліміздің әні. Сендер әнұранды айтқанда кеуделеріңді тіктеп, қолдарыңды жүрекке қойып тұрасыңдар. Бұл – нағыз патриоттың белгісі.

Елімізді сүю үшін алдымен өзімізді тәрбиелеуіміз керек: білім алу, жақсы болу, тәртіпті болу. Еліміздің болашағы – сендер! Сондықтан әрқайсың жүректеріңде: «Мен – Қазақстанның баласымын! Мен елімді сүйемін!» – деп айтып жүріңдер!»

Тренинг соңында мұғалім балалармен пікір алмасу үшін бірнеше сұрақ қояды:

- Сенің Отаның қай ел?
- Қазақстанның рәміздерін білесің бе?
- Сен еліңе қалай көмектесе аласың?
- Сен Отанды қалай сүйесің?

Қорытынды сөзде айтылатын негізгі ой:

«Балалар, Отан – бәрімізге ортақ үйіміз. Елімізді сүю – ол үлкен жүректен шығады. Сендер де жүректеріңмен елімізді жақсы көріңдер. Білімді, мейірімді, еңбекқор болыңдар – сол кезде Қазақстанның болашағы жарқын болады!»

Тақырып: «Мен елімді сүйемін»

Ұзақтығы: 30–35 минут

Негізгі мазмұны: балалардың өз жетістігін бағалауы, өзін және достарын қолдауы

Құндылықтық бағыт: сенімділік, адалдық

Психологтың қатысуы: өзін-өзі тану жаттығулары

Пәндік білімдер: білім алушылардың елге деген сүйіспеншілігін және патриоттық сезімін дамыту

Балалар бұл тренингте өз жетістіктерін бағалауды, өз-өзіне сенімді болуды және достарын қолдауды үйренеді. Психолог өзін-өзі тану жаттығулары арқылы әрбір білім алушының патриоттық сезімін оятуға және өз Отанына деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған әрекеттер жүргізеді.

Атауы	Мақсаты	Жаттығу барысы
«Менің жетістігім – менің жұлдызым»	әрбір баланың өз жетістігін тануы, өз-өзіне сенімділікті арттыру және мақтаныш сезімін қалыптастыру	Жаттығу барысында әр балаға жұлдыз пішінді қағаз беріледі. Балалар жұлдыздың ортасына өздерінің жетістігін жазып немесе сурет салады. Бұл жетістік үлкен немесе шағын болуы мүмкін: мысалы, «Мен бірінші рет өлең жаттадым», «Мен анама көмектестім» немесе «Мен таза жазамын». Әр бала өз жетістігін дауыстап айтып, «Мен бұған мақтанамын!» деп сөзін аяқтайды. Барлық жұлдыздар кейін «Жетістік аспаны» деп аталған қабырға бұрышына жапсырылады. Осылайша, балалар өз жетістіктерін тани алады, өздеріне деген сенімділігі артады және бір-бірінің жетістіктерін құрметтеуді үйренеді.
«Досыма – жылы сөз»	балаларды құрдастарын қолдауға, құрмет көрсетуге үйрету, сондай-	Жаттығу барысында балалар шеңберге отырады. Әр бала кезекпен қасындағы оқушыға қарап, оның бір жақсы қасиетін немесе жетістігін айтады. Мысалы, «Айдос, сен әрқашан тапсырманы дұрыс орындайсың» немесе «Айым, сен жақсы сурет саласың». Жылы сөз алған бала күлімдеп, «Рақмет!» деп жауап береді.

	ақ эмпатия мен достық қарым-қатынас орнату	Осылайша, балалар бір-бірін қолдауды үйренеді және сынып ішінде жылы, достық қарым-қатынас қалыптасады.
«Мен қолымнан бәрі келеді!»	балалардың өзін-өзі тануына және сенімділігін арттыру, өз қабілетіне сенуге үйрету	Жаттығу барысында әр балаға бос қағаз беріледі. Балалар өз алақандарын қағазға салып, айналасына былай жазады: «Мен мынаны жақсы істей аламын: ____» немесе «Мен мақтанамын, себебі ____». Қаласа, олар жұмыстарын суреттермен безендіріп, сыныпта іліп қоя алады. Кейбір балалар өз жұмыстарын дауыстап оқып, жетістіктерімен бөліседі. Осылайша, балалар өз күшіне сенуді және өз қабілетін тануды үйренеді, сенімділік пен мақтаныш сезімін қалыптастырады

Тақырып: «Менің арманым»

Уақыты: 30-35 мин

Негізгі мазмұны: арман мен мақсат қою; өз болашағына сеніммен қарау

Құндылықтық бағыт: сенімділік, мақсаттылық

Психологтың қатысуы: мотивациялық визуализация жаттығулары

Пәндік білімдер: білім алушылардың армандарын білдіру және мақсат қою дағдыларын дамыту.

Мақсаты: балаларға арман мен мақсаттың айырмашылығын түсіндіру, арман арқылы сенімділік пен табандылық сезімін қалыптастыру, сондай-ақ қиялдау мен визуализация арқылы өз болашағын елестете білуге үйрету

Атауы	Мақсаты	Жаттығу барысы
«Арман суреті»	балалардың армандауға деген қызығушылығын ояту және қиялын дамыту	Жаттығу барысында балалардан сұрақ қойылады: «Сен болашақта кім болғың келеді? Қандай арманың бар?» және «Ол арман орындалу үшін не істеу керек деп ойлайсың?» Балалар өз армандарын қағазға сурет арқылы бейнелейді. Мысалы, дәрігер болуды, ғарышқа ұшуды, суретші болуды және басқа да армандарын көрсетуі мүмкін. Сурет салғаннан кейін қалаған балалар өз жұмыстарын таныстырады. Олар былай дейді: «Менің арманым - ____ Мен оған жету үшін ____ істеймін.» Осылайша, балалар армандарын көзбен елестетіп, соларға жету жолын ойлауға үйренеді
«Арман кемесі» (Визуализация ойыны)	арманға жету жолын елестету арқылы балалардың мотивациясын күшейту	Жаттығу барысында мұғалім баяу әуен қосып, балалардан көздерін жұмып, елестеуді сұрайды. Оларға былай түсіндіріледі: «Көздеріңді жұмып, елестетіңдер - сендер армандарыңа апаратын үлкен әдемі кемеде отырсыңдар. Кеме жаймен алға жүзіп келеді. Жолда сен армандаған мамандықты көріп тұрсың. Сен не істеп жатырсың? Қуаныш сезімі бар ма? Арманыңа жету үшін не қажет деп ойлайсың?» Бір-екі минуттық тыныштықтан кейін балалар көздерін ашады. Мұғалім оларға сұрақ қояды: «Не көрдің? Қандай сезімде болдың? Арманың орындалғанын елестету ұнады ма?»

		Осылайша, балалар өз армандарына жақындай сезінеді, өзіне сенімділігі артады және мақсатқа жетуге деген ынтасы күшейеді
«Арман гүлін өсіремін»	балаларға мақсатқа жету жолын ойлап, табандылық пен әрекеттің маңызын түсіндіру Қажетті құрал: гүл үлгісі (қағаздан қиылған гүлдің ортасы мен жапырақшалары бөлек)	Жаттығу барысында мұғалім балаларға қағаздан жасалған гүлдің ортасы мен жапырақшаларын таратады. Балалар гүлдің ортасына өз армандарын жазады: «Менің арманым – ...». Әр жапырақшаға сол арманға жету үшін не істеу керек екенін жазып немесе сурет салады. Мысалы: «Жақсы оқимын», «Көп кітап оқимын», «Тәртіпті боламын», «Тынбай еңбектенемін». Дайын гүлдерді тақтаға іліп, сынып «Армандар бағы» жасайды. Осылайша, әр бала арманға жетудің нақты әрекеттерін түсініп, жоспар құруды бастайды. Тренингтің соңында балалар шеңберде тұрып, өздерінің арманы мен оған деген сенімін дауыстап айтады: «Менің арманым бар!», «Мен оған сенемін!», «Мен жету үшін тырысамын!». Осы жаттығу балалардың мақсатқа жету жолында табандылыққа және жоспарлы әрекет етуге деген қызығушылығын арттырады

«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеуге арналған вариативтік курс оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік ұсынымдар» бөлімінде балалардың мектепке бейімделу процесін қолдауға арналған теориялық материалдар мен педагогтер мен психологтардың іс-тәжірибесінен алынған нақты үлгілер ұсынылды. Бұл ұсынымдар білім алушылардың оқу ортасына бейімделуін жеңілдетуге, әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға, өзіндік белсенділігін арттыруға және мектеп өміріне қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, оқу нәтижелерін есепке алу картасын пайдалану жөнінде әдістемелік ұсынымдар беріліп, мысал ретінде екі 1-сынып білім алушыларының бейімделу деңгейін салыстырмалы түрде талдау арқылы оның тиімділігі көрсетілді.

«Оқу нәтижелерін есепке алу картасы» — бұл бастауыш сынып білім алушыларының (әсіресе 1-сынып білім алушыларының) мектеп ортасына және оқу үдерісіне әлеуметтік-психологиялық бейімделуін жүйелі түрде бақылауға және тіркеуге арналған негізгі диагностикалық құрал.

Картаның басты мақсаттары:

1. *Ерте диагностикалау*: білім алушылардағы мазасыздық, өзіне күмәндану, эмоционалды тұрақсыздық және тәртіп бұзу сияқты әлеуметтік-психологиялық қиындықтардың (қауіп тобы) белгілерін алғашқы кезеңдерде анықтау.
2. *Кешенді бағалау*: білім алушының тек академиялық жетістіктерін ғана емес, сонымен қатар эмоционалды, мінез-құлықтық және танымдық (көңіл-күй, танымдық белсенділік, эмоциялық реттеу) салалардағы даму динамикасын кешенді түрде бағалау.

3. *Дамуды жоспарлау:* Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағытын айқындау және әрбір білім алушыға қажетті жеке немесе топтық түзету-дамыту жұмыстарын жоспарлау үшін нақты деректі негіз қалыптастыру.
Құжаттың тиімділігі

Картаны жүйелі түрде қолдану мектеп пен педагогикалық ұжым үшін бірқатар айқын тиімділіктер береді:

Тиімділік саласы	Сипаттамасы
Педагог құралы ретіндегі маңыздылығы	Карта жиналған сандық және сапалық деректер (мысалы, пайыздық көрсеткіштер, нақты оқушылардың тізімі) арқылы психолог пен мұғалімдердің жұмысын нақты бағытталған етеді. Бұл жалпы сыныппен емес, мәселесі бар оқушылармен ғана жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тәжірибелік құрал.
Уақытты үнемдеу	Бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды ерте анықтау арқылы олардың одан әрі тереңдеуінің алдын алады. Бұл болашақтағы күрделі мәселелерді шешуге кететін уақытты (ата-аналармен жеке әңгімелесу, комиссиялар) айтарлықтай үнемдейді.
Педагогикалық ынтымақтастық	Карта мұғалімдер, психологтар және әлеуметтік педагогтар арасындағы деректер алмасудың бірыңғай форматын ұсынады. Бұл оқушының мінез-құлқы мен оқуындағы өзгерістер туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға көмектеседі.
Ата-аналармен жұмыс	Картадағы нақты деректер ата-аналарға баласының бейімделу деңгейі туралы объективті ақпарат беруге және түзету жұмыстарының қажеттілігін дәлелдеуге көмектеседі.
Оқушының даму динамикасы	Әр тоқсан сайын толтырылған карталар оқушының бейімделудегі оң немесе теріс динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді, яғни жүргізілген жұмыстың нәтижелілігін бақылауға болады.

Үлгі ретінде әдістемелік нұсқаулықта **оқу нәтижелерін есепке алу картасы** ұсынылған. Зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың мектеп ортасына бейімделу деңгейі талданып, төмендегідей диагностикалық қорытындылар жасалады.

Оқу нәтижелерін есепке алу картасы

№	«Әлеуметтік-психологиялық бейімделу» бөлімі							
	Оқушының аты-жөні	Көңіл-күй (1-5 аралығында бағалау)	Физикалық белсенділігі (+ немесе -)	Танымдық белсенділігі (+ немесе -)	Сыныптастырымен қарым-қатынасы (барлығымен, балалардың белгілі бір тобымен) және дәл қалай (ойнайды, сөйлеседі, қақтығыстар болып тұрады)	Мазасыздық (М әрпімен белгіленген) Өз-өзіне күмәندانу (К әрпімен белгіленген)	Эмоционалды реттеу (өз эмоцияларын басқару («+»	Пікір білдіру Мысалы: сыртқы факторларға қарайлау, топтық ойындарға қатысады, шаршағанына шағымданады және басқалар.

							нем есе «-»)	
1	Жанерке	4	+	+	сөйлеседі	К	+	
2	Николь	5	+	+	ойнайды		+	Өте белсенді, бастамашыл қасиеті бар
3	Эмирлан	5	+	+	ойнайды		+	
4	Раяна	4	+	+	ойнайды		+	
5	Андрей	5	+	+	ойнайды		+	физикалық тұрғыда белсенді
6	Белла	5	+	+	ойнайды		+	
7	Екатерина	5	+	+	сөйлеседі		+	
8	Муслим	3	+	-	қақтығыстар болмайды, ойнамайды	Т	-	мазасыздық, жылау
9	Максим	5	+	+	ойнайды		+	ішкі тәртіп ережелерін бұзады
10	Ирада	4	+	-	сөйлеседі	К	-	Мазасыздық басым, қолынан келмесе жылайды
11	Тимур	5	+	+	сөйлеседі		+	
12	Эльхан	5	+	+	ойнайды		+	
13	Адиль	5	+	+	ойнайды		+	
14	Регина	5	+	+	ойнайды		+	
15	Марк	5	+	+	ойнайды		+	
16	Елисей	5	+	+	ойнайды		+	
17	Ислам	5	+	+	ойнайды		+	
19	Сафия	5	+	+	ойнайды		+	
20	Кирилл	5	+	+	ойнайды		+	
21	Насыр	5	+	+	ойнайды		+	
22	Аиша	5	+	+	ойнайды		+	
23	Наиль	4	+	+	ойнайды		+	
24	Манас	5	+	+	ойнайды		+	
25	Артем	5	+	+	ойнайды		+	
26	Олеся	5	+	+	ойнайды		+	
27	Айым	5	+	+	ойнайды		+	

Күні: 2025 ж. қыркүйек

Мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін, эмоциялық тұрақтылығын және сыныптағы қарым-қатынасын анықтау.

1. Жалпы мәлімет

1 «Б» сыныбында барлығы 27 оқушы оқиды. Зерттеу нәтижелері оқушылардың оқу үдерісіне психологиялық бейімделуін, эмоционалдық жағдайын және топтағы өзара қарым-қатынас ерекшеліктерін бағалауға бағытталды.

Кестеде көрсетілгендей, бағалау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Көңіл-күй деңгейі (1–5 балдық шкала бойынша);
- Физикалық және танымдық белсенділік;

- Сыныптастарымен қарым-қатынас сипаты;
- Эмоционалдық реттеу (өз эмоциясын басқару қабілеті);
- Мазасыздық және өзін-өзі ұстау ерекшеліктері;
- Мінез-құлық пен пікір білдірудің ерекшеліктері.

2. Талдау нәтижелері

✓ Көңіл-күй және бейімделу деңгейі: Оқушылардың басым бөлігі (27 оқушының 26-і) жоғары көңіл-күй (4-5 балл) және 1 оқушы орташа көрсеткіш (3 балл) көрсеткен. Бұл сыныптағы жалпы эмоционалдық ахуалдың қолайлы екенін дәлелдейді.

✓ Физикалық және танымдық белсенділік: Барлық оқушыларда физикалық белсенділігі жоғары (+).

✓ Қарым-қатынас ерекшеліктері: Көпшілік оқушылар сыныптастарымен ойнайды немесе сөйлеседі, яғни әлеуметтік қарым-қатынас орнатуда қиындықтары жоқ. Тек Муслим және Ирада сыныптастарымен қақтығыстар болып тұрады, бұл әлеуметтік бейімделу дағдысын түзетуге бағытталған жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді.

✓ Эмоционалдық реттеу және мазасыздық: Оқушылардың көпшілігі эмоцияларын жақсы реттейді ("++" белгісімен көрсетілген). Бірақ Жанерке, Ирада (К – Өз-өзіне күмәндану) және Муслимде (М – мазасыз) оқушыларында эмоциялық тұрақсыздық байқалады. Бұл балалармен жеке психокоррекциялық әңгімелер мен тыныс алу жаттығулары арқылы жұмыс жүргізу ұсынылады.

✓ Пікір білдіру және мінез-құлық: Кейбір оқушыларда зейіннің тұрақсыздығы, тәртіп бұзу, агрессивті мінез-құлық сияқты ерекшеліктер байқалды: Андрей – зейіннің тұрақсыздығы, физикалық белсенділік басым; Максим - зейіннің тұрақсыздығы, тәртіп бұзу; Ирада, Муслим - мазасыздық басым, жылау.

Бұл балалармен мінез-құлықты реттеу және эмоцияны басқару бағытында қосымша түзету жұмыстары ұсынылады.

Қорытынды. Жалпы алғанда, 1 «Г» сыныбының білім алушылары оқу үдерісіне сәтті бейімделген, өзара қарым-қатынастары үйлесімді, сыныпта оң психологиялық ахуал қалыптасқан.

Ұсыныстар

1. Эмоцияны басқару және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған топтық тренингтер өткізу;

2. Жеке түзету жұмыстары (мазасыздық пен агрессияны төмендету мақсатында);

3. Сынып жетекшісімен бірлесіп тәртіп пен өзара сыйластық мәдениетін нығайту бойынша жұмыс ұйымдастыру;

4. Ата-аналармен кері байланыс орнатып, үй жағдайында баланың эмоционалды тұрақтылығын қолдауға бағытталған ұсыныстар беру.

Қорытынды

«1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсына арналған әдістемелік нұсқаулық бастауыш мектепке қадам басқан білім алушылардың жаңа оқу ортасына бейімделуін психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қолдауға бағытталған маңызды құжат болып табылады. Нұсқаулықтың мазмұны білім беру процесін ізгілендіру, баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету және оқу мотивациясын арттыру міндеттерін қамтиды.

Бағдарлама қазіргі білім беру кеңістігінің басты қағидаттарына, тұлғаға бағытталған, құндылыққа негізделген және кіріктірілген тәсілдерге сүйене отырып әзірленген. Ол баланың жаңа ортаға бейімделуін тек оқу әрекеті тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, эмоциялық және моральдық бағытта қамтамасыз етуге бағытталған. Мұндай тәсіл білім алушының мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға, оқу процесіне белсенді араласуына және жаңа өмір кезеңін сеніммен бастауына мүмкіндік береді.

Курс мазмұнында білім алушылардың эмоциялық тұрақтылығын нығайту, өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту, қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату, мектеп өмірінің ережелерін түсіну және ұжымдық әрекет дағдыларын қалыптастыру бағыттары қарастырылған. Әр сабақта ойын, тренинг, шығармашылық тапсырмалар мен рефлексия элементтерінің қамтылуы білім алушының белсенді қатысуына және оқу процесін қызықты қабылдауына ықпал етеді. Мұндай әдістемелік шешімдер баланың табиғи даму қарқынын, жас ерекшеліктерін және психологиялық мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Психолог пен педагогтің бірлескен жұмысы бейімделу процесінің табысты өтуінің негізгі шарты болып табылады. Психологтың диагностика, түзету және кеңес беру бағытындағы қызметі білім алушылардың эмоциялық жағдайын бақылауға, қобалжу мен уайым деңгейін төмендетуге және сенімділікті арттыруға бағытталған. Ал педагогтің міндеті әр білім алушының жеке ерекшелігін ескеріп, оқу процесін ынталандыру мен қолдау арқылы ұйымдастыру. Мұндай серіктестік оқу процесінің нәтижелілігін арттырып, мектепте қолайлы психологиялық климат орнатуға жағдай жасайды.

Бағдарламаның практикалық құндылығы – мектеп, отбасы және психологиялық қызмет арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуде. Ата-аналардың бала бейімделу процесіне қатысуы – оның мектептегі табысты дамуының кепілі. Осыған байланысты нұсқаулықта ата-аналарға арналған әдістемелік кеңестер мен психологиялық ұсынымдар берілген. Олар үй жағдайында баланың оқу тәртібін реттеу, эмоционалдық қолдау көрсету және мектеп өміріне қызығушылығын арттыру жолдарын қамтиды. Мұндай серіктестік білім беру мен тәрбиенің біртұтас кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып әзірленгенімен, қазақстандық контекстке бейімделген. Әлем елдерінің (Финляндия, Жапония, Оңтүстік Корея, Германия, АҚШ) бейімдеу модельдеріндегі тиімді элементтер

іріктеліп, отандық білім беру мазмұнына кіріктірілді. Бұл тәсіл білім алушылардың әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын, эмоциялық тұрақтылығын, өзін-өзі бағалау және өзара әрекет ету қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – ұлттық құндылықтарды заманауи педагогикалық тәсілдермен үйлестіруінде. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, құрмет және отаншылдық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға басымдық беріледі. Бұл құндылықтар білім алушылардың мінез-құлқында, қарым-қатынасында және оқу әрекетінде көрініс табады. Мысалы, сыныптағы ұжымдық ойындар мен жобалық жұмыстар барысында балалар өзара көмек, сыйластық және әділдік қағидаттарын тәжірибе жүзінде меңгереді.

Бағдарлама тек педагогикалық құрал емес, сонымен қатар тұлғалық дамуды психологиялық қолдаудың жүйесі болып табылады. Әрбір тақырып баланың эмоциялық тәжірибесін байытуға, өзін-өзі тану мен өзін-өзі реттеу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру барысында алынған тәжірибе педагогтер мен психологтердің кәсіби дамуына да оң әсер етеді. Ол білім беру процесін ұйымдастыруда баланың психологиялық саулығын ескеру мәдениетін қалыптастырады және педагогтерге білім алушының мектеп өміріне бейімделуін кешенді түрде бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, курс мазмұнындағы әдістер мен жаттығулар бастауыш білім беру деңгейінде тұлғаға бағытталған оқытудың тиімді құралдары ретінде қолданылуы мүмкін.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық – тек теориялық сипаттағы құжат емес, сонымен қатар тәжірибеге бағытталған құрал. Ол педагогтерге сабақтарды ұйымдастырудың, білім алушылармен және ата-аналармен өзара қарым-қатынас орнатудың нақты жолдарын көрсетеді. Нұсқаулықтың құрылымы оқу процесінде икемді қолдануға қолайлы: әр бөлім мектептің ерекшелігіне, сынып контингентіне және білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне қарай бейімделе алады.

Қорытындылай келе, «1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу» вариативтік курсының оқу бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулығы білім беру кеңістігінде баланың тұлғалық дамуына бағытталған инновациялық құжат болып табылады. Ол бейімделу кезеңін ұйымдастырудың ғылыми, психологиялық және әдістемелік негіздерін жүйелеп, білім алушылардың мектеп өміріне сәтті кіруін қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепке бейімделу кезеңін сапалы ұйымдастыру – баланың әрі қарайғы оқу жетістіктерінің, эмоционалдық тұрақтылығының және мектепке деген жағымды қатынасының басты кепілі. Бұл бағдарлама арқылы педагогтер мен психологтер тек бейімдеу міндетін орындап қана қоймай, сонымен қатар бала тұлғасының үйлесімді дамуына, өз әлеуетін ашуына және өмір бойы оқуға бағытталған мотивацияны қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы
2. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы
3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы
4. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы
5. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы
6. Finnish National Agency for Education. Play-Based Learning in the Finnish Early Education System, 2018
7. Finnish National Core Curriculum for Early Childhood Education and Care. Helsinki, 2018
8. MEXT (Japan). Transition Guidance Program for Primary Education, Tokyo, 2020
9. OECD. Education Policy in Japan: Nurturing Resilience and Values in Early Schooling, 2021
10. Korean Institute for Curriculum and Evaluation (KICE). Early School Adaptation Support Program, Seoul, 2020
11. Ministry of Education, Republic of Korea. Guidelines for Emotional Education in Early Grades, 2022
12. Kultusministerkonferenz (KMK). Rahmenplan für die vorschulische Bildung und Erziehung, Berlin, 2019
13. European Agency for Special Needs and Inclusive Education. Inclusive Education in Germany, 2020
14. U.S. Department of Health & Human Services. Head Start Program Performance Standards, Washington DC, 2020
15. UNICEF. School Readiness and Transitions: Early Learning and Development Standards Framework, New York, 2021
16. Интернет ресурсы: <https://www.youtube.com/watch?v=9lSPgwP1uWs>

Мазмұны

Кіріспе	3 бет
1. 1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеу вариативтік курсы оқу бағдарламасының ерекшеліктері	5 бет
2. 1-сынып білім алушыларын мектепке бейімдеуге арналған вариативтік курсы оқу бағдарламасы	14 бет
Қорытынды	102 бет
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	104 бет

**«1-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕУ»
ВАРИАТИВТІК КУРСЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

Басуға 04.11.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба